

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ӘОЖ 1:316 (043)

Қолжазба құқында

БЕКЕНОВА ЖУМАГУЛ НУРДАУЛЕТОВНА

Цифрлық қоғамдағы жауапкершілік мәселесі

8D02202- Философия

Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:
философия ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор Амиркулова Ж.А.

Шетелдік ғылыми кеңесші:
Таллинн технологиялық университетінің
қауымдастырылған профессоры,
PhD Пеетер Муурсепп

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2024

ЖОСПАР

КІРІСПЕ	3
1 ЦИФРЛЫҚ ҚОҒАМДАҒЫ ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	16
1.1. Цифрлық қоғамның қалыптасу тарихына шолу	16
1.2. Цифрлық қоғамды сипаттаушы негізгі ұғымдарды философиялық- антропологиялық талдау.....	23
1.3. Цифрлық қоғамның жаһандану жағдайында даму параметрлері.....	52
1.4. Цифрландыру дәуіріндегі қоғам мен тұлға болмысының ерекшеліктері	59
2 ЦИФРЛЫҚ ҚОҒАМДАҒЫ ЖАУАПКЕРШІЛІК МӘСЕЛЕІ	71
2.1. Цифрлық этика және оның негізгі принциптері.....	71
2.2. Тұлғаның әлеуметтік жауапкершілігі – цифрлық қоғам дамуының негізгі шарты	77
2.3. Қазақстандық цифрлық қоғамдағы жауапкершілік мәдениетін қазақ халқының ұлттық құндылықтары негізінде дамыту	93
ҚОРЫТЫНДЫ.....	108
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	112

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Диссертациялық зерттеу жұмысында цифрлық қоғамдағы жауапкершілік мәселесіне философиялық талдау жасалды. Цифрлық қоғамның пайда болуы, оның негізгі ұғымдары, цифрландыру дәуіріндегі қоғам мен адамның болмысы, цифрлық этиканың мәні және негізгі принциптері, цифрлық қоғамда өмір сүруші тұлғаның жауапкершілігі, цифрлық Қазақстанның даму перспективалары және цифрлық жауапкершілік мәдениетін қазақтың ұлттық құндылықтары негізінде дамыту мәселелері жан-жақты зерттеліп, сарапталды.

Диссертациялық зерттеу тақырыбының өзектілігі.

Қазіргі заманғы адамзаттың басым бөлігі басынан кешіп отырған цифрландыру үдерісі қоғам мен адам өмірінің барлық дерлік салаларындағы өзгерістердің қарқынын арттырып, жаңа технологиялар әлеуметтік-мәдени кеңістікті әртараптандыруға ықпал еткені белгілі. Дематериалданған әлем өмір сүрудің цифрлық формасына көшті. Адамның космостағы орны өзгерді: адам заттар әлемі мен жекелеген қатынастар әлемінен цифрлық коммуникациялар әлеміне ауысты, ал олардың шамадан тыс көп болуы қоғамда да, жеке тұлғаның өмірінде де ретсіздік, хаос тудырды. Цифрлық кеңістікке енген индивидтің цифрлық болмысы онтологиялық және гносеологиялық негіздерге ие, олар кеңістік пен уақыттың классикалық түсінігі мен қабылдануын өзгертеді. Бұл ең алдымен индивид тұтынып отырған ақпараттың көлемінің шексіз екендігімен байланысты.

Мәліметтер мен тауарлардың қолжетімді ағынының астында қалған қазіргі заманғы адам бұл кеңістікте бұрынғыдай еркін әрекет жасай алмайды. Үнемі және үлкен жылдамдықпен өзгеріп отырған осы ағынның жылдамдығына ілесуге тырысқан адам өзінің субъектілігін, уақыт пен кеңістікті қабылдау, айналасындағы адамдармен дұрыс қарым-қатынас қалыптастыру және тағы басқа антропологиялық қасиеттерін жоғалтады. Өзінің ішкі дүниесін, өзіндік «Менін» қалыптастыру мүмкіндігінен айрылған адам өзін сыртқы қоғамда да көрсете алмай, одан жаттанып, экзистенциалдық жалғыздыққа ұшырайды, өзінің әртүрлі айдарлар мен жалпы қабылданған рөлдер арқылы белгіленіне көнуге мәжбүр болады. Бұл құбылыстар тұлғаның құлдырауын, өзіне ғана тән, басқалардан ерекше «Менінен» айрылуын тудыратыны сөзсіз.

Цифрлық қоғамда адамның өмір сүруінің жаңа парадигмасы осындай ерекше функционалды жүйе ретінде дамып, осы жүйедегі адамның орны туралы мәселе өткір болып отыр. Мега көлемдегі ақпараттардың әртүрлі түрлерін иелену мүмкіндіктерінің пайда болуына байланысты бірқатар мәселелер туындады. Ақпаратқа қарапайым қол жеткізу мүмкіндігі болғанымен, әрдайым оны сапалы білімге аударуға адамның қабілеті жете бермейді,

яғни пәнді теориялық тұрғыдан меңгере алмайды. Адам білімді меңгерген емес, тек ақпараттанған болып есептеледі, ол – танымдық іс-әрекет нәтижесінде білімге ие болушы ғана. Егер де ақпаратты субъективті сүзгілер арқылы қарастыратын болсақ, онда адам санасының гибридизациясы жүзеге асады. Адамгершілік мораль ережелері тұрақсыз сипат алып, цифрлық технологиялар арқылы бұзылады. Сондықтан цифрландыруды дамыту жағдайында адам мен цифрлық жүйелердің, технологиялардың өзара іс қатынасының этикалық қағидаттары туралы мәселе ең өзекті болып отыр [1].

Этика ғылым ретінде адамның кез келген қоғамда, оның кез келген даму кезеңінде адам болып қалуына мүмкіндік береді, әлеуметтік және экономикалық дамуға, гуманизм мен әділеттілік принциптерін бекітуге ықпал етеді. Цифрлық технологиялардың даму жылдамдығы мен деңгейінің жоғарылауымен жауапкершілік те артады. Жауапкершілік этикалық категориясы – адамның түр ретінде өзін-өзі сақтап қалуына қажетті элемент [2].

Цифрлық этиканы адамгершілік принциптері мен нормаларын жүйелейтін, жалпылайтын, цифрлық қоғамда әрекет ететін және тарихи қажеттіліктерге жауап беретін ғылым ретінде анықтауға болады. Цифрлық этика бүкіл қоғамды және жеке тұлғаны жетілдіруге ықпал етеді, цифрлық, ақпараттық коммуникациялық және өзге де технологияларды қолдануды оңтайландыруға, адам мен технологияның өзара іс-қимылын реттеуге әсерін тигізеді.

Этикалық түсініктер адам ойының бүкіл тарихында өзгеріп отырды. Бастапқыда этика адам тәрбиесінің негізі және ізгілікті игеру болды, кейіннен этика діни канондарды сақтаудың нормативтік жүйесі ретінде дамып, өлімнен кейінгі өмірді қамтамасыз ететін діни өсиеттерді орындауға шақырды. Жаңа дәуірде этика Иммануил Канттың «бұлжымас императиві» ретіндегі ілім және кеңестік философияда әділ қоғамның құрылысшысы «жаңа адамды» қалыптастыру туралы ғылым ретінде және тағы басқа түрлерде қарастырылды. Демек, қазіргі заманғы цифрлық этиканың дамуына берік негіз қаланды деп айта аламыз [3].

Десек те, этика, жауапкершілік мәселесі қазіргі таңда өзекті бола түсіп отыр. Жеке адамның ғана емес, бүкіл адамзаттың өмірін түбегейлі өзгерткен цифрлық технологиялар жаңа, цифрлық қоғамның этикалық принциптерін, олардың арасында жауапкершілік принципінің маңыздылығын арта түсті, себебі цифрлық қоғамдағы жауапсыздық адам ойының тамаша жетістіктерін адамның өзінің, адамзаттың, Жан-Жак Руссоның сөзімен айтсақ, көріне айналдыруы мүмкін [4]. Міне, сондықтан да цифрлық қоғамдағы жауапкершілік тақырыбы қазіргі адамзат үшін де, Жаңа Қазақстан үшін де аса өзекті деген пікірге келдік.

Диссертация тақырыбының зерттелу деңгейі.

Ұсынылған диссертация тақырыбының проблемалық өрісі пәнаралық сипатқа ие. Сол себепті әлеуметтану, психология, мәдениеттану салаларындағы ғылыми

ізденістер осы тақырыпты философиялық тұрғыдан зерттеуге тікелей немесе жанама әсер етеді.

Ғаламдық ақпараттық кеңістік пен адам арасындағы әлеуметтік-технологиялық интерфейс болып саналатын және желілік цифрлық коммуникация технологияларына негізделген қазіргі цифрлық-ақпараттық қоғам жаһанданудың бірнеше мызғымас тіректерінің бірі, тіпті жаһандық трансформацияның сыни сценарийлерін жүзеге асырған кезде де оны жою, ыдырату мүмкін емес деп батыл айтуға болады. Дегенмен цифрлық-ақпараттық қоғам үнемі өзгеріп отыратын сыртқы саяси, экономикалық және әлеуметтік-мәдени ортаның уақыт өткен сайын күшейе түскен әсерінің объектісі болып қала береді және бұл фактор оның сипатын айтарлықтай өзгертеді. Қазіргі цифрлық қоғамды өзінің дамуының белгілі бір кезеңдерінде өзіндік әлеуметтік-технологиялық функцияларын сақтап қала отырып, өзгерістердің синергиясыздығына қабілетті, тұтастық оған тән емес объект ретінде дұрыс түсінудің маңыздылығы едәуір артады. Атап айтсақ, қазіргі цифрлық қоғамның бұл ерекшелігі цифрлық қоғам оның ерекше бөлігі болып саналатын әлеуметтік кеңістіктің мозаикалығы мен атомизациясының өсе түсуі кезеңінде анық байқалады. Әлеуметтік дамудың кейінгі жаһандану кезеңіне тән әмбебап моделінің монополиялық жағдайын бұзу цифрлық қоғамның осы қасиетін жүзеге асыруға жағдай жасайды [5].

Цифрлық қоғам кейінгі уақытта әлем ғалымдарының маңызды зерттеу объектісіне айналды. Әсіресе, XX ғасырдың 80-90 жылдары ақпараттық қоғамды технологиялық және әлеуметтік феномен ретінде зерттеу өте мықты дамыды. Жаһандану қарқыны өскен кезеңде ақпараттық қоғам өзгермейтін құбылыс, ал адам оны «қолданушы» ретінде қабылданды және ғалымдардың арасындағы дискурс екі бағытта жүрді: оның дамуы «жаңа әлеуметтікті», адамдардың ақпараттық кеңістікте ғана емес, әлеуметтік іс-әрекеттегі мінез-құлықтарының да өзгерген парадигмаларын құрастырады және сол кездегі әлеуметтік үрдістерді толықтырумен шектеледі. Ақпараттық қоғам дамуының қазіргі кезеңі – цифрлық қоғамда коммуникациялардың технологиялық тұрғыдан алғандағы интеграциясының басым болуы, әлеуметтік интрузивтіктің жоғары деңгейі ақпараттық қоғамның дамуы бірінші жолды таңдағанын, технологиялық пен әлеуметтіктің диалектикасының жүзеге асқанын көрсетеді.

Цифрлық технологиялардың ХХІ ғасырдағы жаңа буыны ақпараттық қоғамның технологиялық кешен ретіндегі мәнін өзгертті: нақты бар болып отырған әлеуметтік ортаға адамды бейімдеу, орналастырудың орнына нақты индивидке арналған, тұтыну қасиеттері бойынша оған жайлы, бірақ объективті ортамен байланысы аз, тіпті шектелген ақпараттық кеңістік құру мүмкіндігі пайда болды. Басқаша айтсақ, ақпараттық қоғам адамды әлеуметтік ортаға тарту құралынан адамды оған тартуды қысқарту құралына айналды. Цифрландырылған әлеуметтік коммуникациялар оның басым форматына айналып, ақпараттық қоғам постиндустриалдық постмодерннің әлеуметтік-экономикалық жүйесіне, жеке

тұлғаның адами келбетіне әсер ете бастады. Әрине, бұл фактор цифрлық қоғамдағы адам мәселесін және оның жауапкершілігі мәселесін зерттеудің өзектілігін арттырды.

Қазіргі ғылымда цифрлық қоғам және ондағы жауапкершілік мәселесінің мәнін ашатын зерттеу бағыттары жалпы алғанда анықталды деуге болады. Заманауи ғалымдар жаңа цифрлық моральдың жалпы сұлбасын жариялады, дегенмен негіз ретінде тарихи қалыптасқан құндылықтар қабылданатынын атап өту керек. Жалпы алғанда, цифрлық этиканы қалыптастыру мен дамытудағы өзекті бағыттар туралы айтсақ, олар: ақпараттық технологиялардың дамуы мен қолданылуына байланысты туындайтын моральдық дилеммаларды шешу; цифрлық қоғамда жеке және қоғамдық өмір этикасын қалыптастырудың баламаларын қарастыру; проблемаларды шешу және цифрлық дәуірдің технологиялық сын-қатерлеріне барабар жауаптар үшін қажетті тұрақты шешімдерді табу

Зерттеліп отырған тақырып бойынша қазіргі ғылымдағы еңбектер «цифрлық этика», «кибербуллинг», «цифрлық мәдениет», «цифрлық гуманитаристика», «еркіндік пен жауапкершілік» ұғымдарының зерттелу дәрежесі мен өзара байланысы туралы түсінік қалыптастыруға, сондай-ақ осы тақырыптың әлемдік технологиялық прогресс жағдайында қаншалықты зерттелгенін бағалауға мүмкіндік берді.

Тұлға, оның адамгершілік келбеті мен және мәдениеті туралы маңызды идеялар Платон, Аристотель, Демокрит сияқты классиктерден бастап, Освальд Шпенглер, Фридрих Ницше, Мартин Хайдеггер, Мишель Фуко, Йохан Хейзинга сияқты ойшылдарды қамтитын мәдени-философиялық кеңістіктегі ойшылдардың еңбектерінде көрініс тапты. Тұлғаның этикалық жауапкершілігі мәселесінің философия тарихында зерттелуіне шолу жасасақ, «Этиканың негізінде психология жатыр» деген Аристотельдің көзқарастары әлі де өзекті, ал оның мақсаты – адамға лайықты және дұрыс өмір сүруді үйрету. Шын мәнінде, Аристотель адамның әлемдегі орнын түсінудің этикалық векторын белгіледі [6]. Томас Гоббстың пікірінше, жақсылық пен жамандықтың табиғаты жағдайлардың жиынтығына байланысты. Кейбір адамдар үшін жақсылық болған нәрсе, басқалары үшін жамандық болатын көптеген жағдайлар бар. Бұл ойды қазіргі шындықты ескере отырып дамытсақ, онда адам қолындағы бейтарап технологиялар жақсылық та, жамандық та әкелуі мүмкін. Адамдардағы жақсылық пен жамандық туралы идеялар әркімнің мінезі, әдеттері және өмір салты арасындағы айырмашылықтарға байланысты түрлі бола береді, бірақ моральдық көзқарастар тұрақты емес [7].

Томас Гоббс адамгершіліктің негізі мен өлшемі бола алатын, барлық адам үшін міндетті моральдық-құқықтық нормаларды белгілеу қажеттілігі туралы идеяларға жақындайды. Жан-Жак Руссоның көзқарастарына сәйкес, адам өзінің әлсіздіктері мен кемшіліктеріне қарсы моральдық күресі арқылы өзін айқындайды, ал өз сезімдерін жеңу – оның адамгершілік тұлға ретіндегі басты жеңісі. Бұл пікір коммуникатор адамдар жайлы түрлі жеке ақпараттарды ұсынатын, цифрлық

әлеуметтік желілердегі мінез-құлық туралы идеялармен және заманауи гаджеттерді қолдану ережелеріне сәйкес келеді. Сонымен қатар Жан-Жак Руссо адамның адамгершілігін тәрбиелеу тұжырымдамасын, бәрінің игілігі үшін әр адамның озбырлығын шектеу қажеттігін (қоғамдық бітім немесе қоғамдық келісім-шарт арқылы) бекітті [8]. Иммануил Кант этикасы белгілі бір жолмен әрекет етуге нұсқау беретін моральдық нормалар жүйесінің қажеттігін жариялады. Оның пікірінше, парызды орындау моральдық құбылыс болып саналады, мұнда басқаларға қатысты міндет – жақсылық жасау, ал адамның өзіне қатысты міндет – өзінің лайықты өмірін сақтау [9]. Тіпті Фридрих Ницшенің де жеке адамның табиғатына сәйкес келетін мораль туралы көзқарастары қазіргі заман жағдайында маңызын жоғалтпаған. Себебі цифрлық әлемде теңсіздік бар, адамдар тең емес, оны ескеру қажет және олардың үміттерін нақты өмір сүру ортасымен, шындықпен байланыстыра білу керек [10].

Ғылыми-техникалық прогресс компьютерлік жүйелер мен технологияларды жетілдіруге және дамытуға әкелді, бұл адамның қазіргі қоғамдағы орнын қайта қарастыруға және цифрлық этиканы дамытуға әсер етті. Массачусетс технологиялық институтының профессоры, өткен ғасырдың 50-жылдарында автоматтар мен есептеу жүйелерін этикалық қолданудың әдіснамасы мен стратегиясын әзірлеген ғалым Норберт Винердің еңбегі қазіргі заманның негізгі кілттік этикалық принциптері мен құндылықтарын алға тартты, ол цифрлық этика мәселелері үшін негіз болып саналады. Норберт Винер соғыс аяқталған соң «жақсылық пен жамандықтың зор әлеуеті» бар «автоматтандырылған ғасыр» болады деп болжады, бұл көптеген жаңа этикалық мәселелер мен мүмкіндіктерді тудырды. Ғалым белгілеген «автоматтандырылған ғасырдың» этикалық мәселелері: компьютерлер, қауіпсіздік, жұмыссыздық, жауапкершілік, мүгедектерге арналған компьютерлер, адам ағзасы мен машиналардың синтезі, роботтандыру мен жасанды интеллект этикалық мәселелері және т.б. [11].

Жаңа этикалық принциптерді қалыптастырудағы маңызды бағыт Донн Паркер, Дональд Готтербарн және тағы басқа ғалымдардың еңбектерінде көрініс тапты, олар компьютерлік этика негіздерін тұжырымдап, есептеу техникасы Ассоциациясының кәсіби мінез-құлық кодексін жасады. Осы ғалымдар компьютерлік қауіпсіздіктің негізін қалаушылар болып саналады. Бұл этикалық принциптер ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы асыра сілтеушілікті тежейтін сипатта болды [12]. Цифрлық этиканы қалыптастыруда Бостондағы Массачусетс технологиялық институтының ғалымы Джозеф Вейценбаум да ерекше рөл атқарды, ол компьютерлік технологияны дамытудың көптеген проблемалары тек этикалық сипатта екені алға тартты. Ең өзекті сұрақтардың бірі – белгілі бір қызмет салаларындағы адамды компьютерлік жүйелермен ауыстыру мәселесі болды, бұл тек техникалық мүмкіндіктер ғана емес, сонымен бірге этикалық заңдылық мәселесі. Олардың тұжырымдауынша, «біз адамдар арасындағы қарым-қатынасқа, түсіністік пен сүйіспеншілікке байланысты

салаларда адамды есептеу жүйесімен алмастыруға құқығымыз жоқ (мысалы, психиатрды немес судьяны алмастыру моральға қайшы)» [13].

Мұндай көзқарастар қазір бұрынғыдан да өзекті, өйткені жасанды интеллект пен адамның табиғаты саласындағы талас-тартыс тұрақты сипатта. Кейбір адамдарда жасанды интеллект дамуы адамның азғындауына алып келеді деген қорқыныш бар, ал тағы басқаларында адамның интеллектуалдық мүмкіндіктерінен асып түсетін технологиялардың дамуын толық қолдау қажет екені туралы априорлы сенім бар. Соған қарамастан, адамгершіліктен алыстау әлі жүзеге асқан жоқ, ал жасанды интеллект адамзат шыңына әлі жетпеді [14]. Цифрлық этиканы дамыту мен қалыптастыруда ерекше бағыт берген Хелен Ниссенбаумның авторлық құқық, көшіру, құпиялылық, желідегі анонимдік мәселелеріне арналған еңбектері бұл іске көп үлес қосты. Бұл идеялардың жалғасын ақпараттық қоғамға арналған жұмыстардан табуға болады. Әдетте, авторлар этикалық принциптерді егжей-тегжейлі сипаттамайды, себебі қазіргі даму кезеңінде проблемалар анықталып, жаңа цифрлық этикалық нормалар мен ережелер, оның даму векторлары жасалуда. Тек бір нәрсе таласқа түспейді – ол этикалық идеялардың жаһандық сипаты. Иммануил Валлерстайн қоғамдық құрылғының жаһандық жүйесінің мүлдем басқа құрылымға көшуі, ескі моральдық құндылықтардың құлдырауы, орнына жаңа моральдық бағдарлардың қалыптасуы бар деп мәлімдейді.

Ресей ғалымы Абдусалам Гусейновтің пікірінше, мораль теориясы қоғамның адамгершілік тәжірибесінен бөлінбейді. Заманауилық ұғымы нақты болудан қалды. Қазір өзгерістер «жеке адамдар мен ұрпақтардың өмір сүру мерзімінен әлдеқайда қысқа уақытта жүзеге асып отыр, ал бұрынғы адамдар қазіргі заманға ілесе алмай келеді». Адамгершіліктің жоғары институты – жеке тұлғаның, сондықтан этика оның өзін-өзі тануына, саналы еркіне тікелей жүгінеді... Адамгершілік – индивидтің бостандығының инстанциясы [15].

Ақпараттар көлемінің артуы, артефактілердің жинақталуы оларды сақтау мәселесін алға шығарды. Италия философы Лучано Флориди цифрлық этикалық қатынастарды қарастыра отырып, кез келген ақпараттық нысанның өз мәртебесінде қалуға, өркендеуге құқығы бар екенін, энтропияға жол берілмейтінін, бұл құқықты этикалық тұрғыдан қорғауға құқылы екенін көрсетеді [16]. Канада ғалымы Маршалл Маклюэннің пікірінше, цифрлық этиканы дамыту үшін этикалық принциптерді қайта қарау және болашақ моральдық даму векторларын сипаттау өте маңызды. Технологиялық дамудың қарқыны жоғары болғаны соншалықты, цифрлық қоғамда жаңа моральдық принциптерді жеке тұлға деңгейінде де, бүкіл қоғамдастық деңгейінде де тез қабылдауға болады, мұнда адам моральдық қақтығыстарды бастан кешірмейді. Демек, қазіргі заман адамының адамгершілігі ситуациялық және эклектикалық жағынан ерекшеленеді. Бұл тұрғыда біз адамның «цифрланған санасымен» таныс боламыз, ол мәніне сай техногенді болып саналады және жаңа этикалық сын-тегеуріндерді белгілейді [17]. Ақпараттық этиканың негізін қалаушы деп есептелетін ғалым Рафаэль Капурро этикалық дилеммалардың

шешімін пәнаралық және полимәдени тұрғыдан түсіндіру деп санайды, ол қазіргі заманның ең маңызды этикалық мәселелерінің қатарына мұқият назар аударуды қажет ететін цифрлық қайшылықтарды қояды. Демек, цифрлық құндылықтар жүйелері адамгершілік, шартты түрде жалпыадамзаттық құндылықтар мен қоғамдық идеалдарды сақтайды, бірақ жаңа қатынастар жүйесінде адамның лайықты өмір сүру құқығын қорғай отырып, техногендік кеңістікке ауысады [18].

Цифрлық қоғамның философиялық мәселелері Ресей философтарының да зерттеу объектісіне айналды. Бұл бағытта Михаил Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті, Мәскеу Жоғары экономика мектебі, Георгий Плеханов атындағы экономика университеті, Новосибирск мемлекеттік университеті, Пермь мемлекеттік университеті, Саратов медициналық университетінің және тағы басқа көптеген жоғары оқу орындары мен ғылыми мекемелерінің ғалымдары табысты ізденістер жүргізіп келеді.

Цифрлық қоғам, цифрлық этика мәселелерін зерттеу ісіне кейінгі уақытта қазақ философтары да белсене қатыса бастағанын атап өту керек: «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Философия кафедрасының ғалымдары Гүлжиһан Нұрышева, Лаура Тұрарбекова, Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің ғалымы Динара Сапарова, Францияның Экс-Марсель университеті Жиль Гастон Гранже орталығының директоры Паскаль Торонто, Таллинн технологиялық университетінің профессоры Пеетер Муурсепптен құрылған ғылыми топтың «Digital Humanities in the Republic of Kazakhstan: Local Solutions for Global Problems» жобасы 2020 жылы Еуроодақтың Жан Монне Эрасмус+ грантын жеңіп алды. Бұл жоба әлемде кеңінен дамып отырған цифрлық гуманитаристикамен тікелей байланысты [19].

Сонымен қатар осы жоба жаңа идеяларға түрткі болып, 2021 жылдың наурыз айында «Қазақ философиясы» интернет-қоғамдастығы құрылды. Ғалым Гүлжиһан Нұрышева жетекшілік ететін бұл қоғамдастық қазір әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Философия кафедрасының Ғылым және білім Орталығына айналды және еліміздің 100-ден астам гуманитар ғалымдарының басын біріктіріп, жемісті қызмет етіп келеді. Цифрлық қоғам тақырыбы бойынша кафедраның магистранттары мен докторанттары да қазіргі таңда ізденіс жүргізіп отырғанын да айта кету керек [20].

Қазақстан Республикасындағы ғылыми ортада цифрлық қоғамда да аса маңызды болып отырған жауапкершілік, еркіндік, қазақ этикасы, қазақ халқының ұлттық құндылықтарына байланысты ұғымдар мен мәселелер айтарлықтай терең зерттелді. Аталған философиялық мәселелер Әбдімәлік Нысанбаевтың «Қазақтардың дәстүрлі этикасы» [21], Досмұхамед Кішібековтің «Қазақ менталитеті» [22], Аманжол Қасабектің «Ақиқатты іздеу» («Искание истины») [23], Тұрсын Ғабитовтың «Қазақ этикасының теориясы мен тарихы» [24], Ғарифолла Есімнің «Глобализм және егемендік» [25], Дәулетбек Раевтың «Қазақтың шешендік өнері: философиялық пайымдау» [26], Серік Нұрмұратовтың «Рухани құндылықтар әлемі» [27], Гүлжиһан Нұрышеваның «Өмірдің мәні: философиялық-

антропологиялық талдау» [28], Өмірбек Бекежанның «Техника феномені: әлеуметтік-философиялық талдау» [29], Ақтолқын Құлсариеваның «Этика» [30], Гаухар Барлыбаеваның «Қазақтардың философиялық этикасы» («Философская этика казахов») [31] еңбектерінде жан-жақты қарастырылды.

Цифрлық қоғамның философиялық қырларын талдау ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтының ғалымдарының да зерттеу объектісіне айналды. Кейінгі жылдары «Цифрландырудың Қазақстан жастарының саяси мәдениетіне ықпалы» гранттық жобасы бойынша зерттеу жүргізіліп, цифрландырудың Қазақстан жастарының көзқарасына, саяси мәдениетіне, мінез-құлқы мен коммуникациясына әсері, қазіргі заманғы цифрлық технологиялардың көмегімен жастарды қоғамның саяси саласына қамтудың жағымды мүмкіндіктері талданды және ел азаматтарының цифрлық мәдениетін қалыптастыру бойынша ғылыми-практикалық ұсыныстар жасалды [32].

Институт ғалымдары қазір жүргізіп отырған тағы бір маңызды мегажоба – «Қазақстан қоғамы цифрлық трансформация жағдайында: перспективалар мен тәуекелдер» деп аталады. Енді ғана басталған бұл жоба аясында ғалымдар жаһандық цифрландыру сын-тегеуріндері жағдайында қазақстандық қоғамның қазіргі жай-күйін, мүмкіндіктерін, шектеулері мен перспективаларын зерттеп, цифрлық әлемде жаңа дағдылар мен құзыреттерді игеру, дүниетаным саласындағы деструктивті үрдістерді төмендету, цифрлық технологияларды пайдалану саласындағы заңнаманы жетілдіру, қоғамды цифрландыруды басқарудың қоғамдық ортаға теріс әсер ету тәуекелдері мен қатерлерін ескере отырып, оның реинжинирингі, цифрлық қоғамда халықтың мінез-құлық стратегиялары мен өмірлік тәжірибелерін ұтымды қайта құрудың әлеуметтік технологияларын енгізу бойынша нақты тұжырымдарға жетуге мақсат етіп отыр [33].

Десек те, цифрлық қоғамның ерекшеліктері, цифрлық қоғамдағы тұлға, жауапкершілігі, цифрлық этика және цифрлық қоғамға қатысты тағы басқа мәселелер арнайы ғылыми ізденіс объектісіне айнала қойған жоқ. Ұсынылып отырған диссертация осы бағыттағы алғашқы еңбек деуге болады.

Диссертациялық жұмыстың зерттеу нысаны. Цифрлық қоғам және тұлға.

Диссертациялық жұмыстың зерттеу пәні – цифрлық қоғамның қалыптасуы, дамуы және тұлғаның этикалық жауапкершілігі.

Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері.

Мақсаты. Цифрлық қоғамдағы жауапкершілік мәселесін зерттеп, философиялық талдау жасау.

Осы мақсатқа сәйкес келесі **міндеттер** қойылды.

- цифрлық қоғамның қалыптасу тарихын және негізгі ұғымдарының мәнін ашу. «Цифрлық қоғам», «цифрландыру», «еркіндік», «жауапкершілік», «жасанды интеллект», «киберэтика», «цифрлық гуманитаристика» ұғымдарына философиялық талдау жасау;

- цифрлық қоғамның жаһандану жағдайында даму параметрлерін көрсету;

- цифрлық қоғамдағы тұлға болмысының ерекшеліктері және жауапкершілік мәселесін айқындау;
- цифрлық этика және оның негізгі принциптерін анықтау;
- тұлғаның әлеуметтік жауапкершілігі – цифрлық қоғам дамуының негізгі шарты екенін көрсету;
- Қазақстанда цифрлық қоғамның қалыптасуы мен дамуын, перспективаларын талдау;
- цифрлық Қазақстандағы тұлғаның жауапкершілік мәдениетін ұлттық құндылықтар негізінде дамыту қажеттігін негіздеу.

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері. Зерттеудің теориялық негізі – шетелдік және отандық зерттеушілердің тұлға, оның этикасы, цифрлық қоғам, цифрлық этика, жауапкершілік тақырыбына арналған еңбектері.

Диссертациялық жұмыстың әдіснамалық негізі – философиялық-тарихи, философиялық-антропологиялық, диалектикалық, логикалық және тағы басқа ғылыми әдістер.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы.

- цифрлық қоғамдағы жауапкершілік мәселесі отандық философияда алғаш рет ғылыми-философиялық тұрғыдан арнайы зерттелді;
- цифрлық қоғамның пайда болуының сыртқы және ішкі алғышарттары тарихи тұрғыда жан-жақты талданды;
- цифрлық қоғамдағы жауапкершілік мәселесіне қатысты негізгі этикалық категориялар сарапталды;
- цифрландыру дәуіріндегі қоғам мен тұлға болмысындағы өзгерістер зерттелді;
- цифрлық этика және тұлғаның әлеуметтік жауапкершілігі мәселесі арнайы қарастырылды;
- Қазақстандағы цифрлық қоғамның қалыптасу және даму ерекшеліктері айқындалды;
- Жаңа Қазақстандағы цифрлық қоғамда өмір сүруші тұлғаның жауапкершілігі ұлттық құндылықтар негізінде дамытудың өзектілігі негізделді.

Қорғауға ұсынылатын ғылыми тұжырымдар:

- қазіргі қоғам жай ғана ақпараттық емес, цифрлық қоғам. Цифрлық қоғамның қалыптасуының басты алғышарты – бүкіл адамзаттың ғана емес, жеке мемлекеттің экономикалық дамуы, себебі ол әлемдік экономикалық-қаржылық бәсекеден тыс қала алмайды, осы жарыста көштен қалмау үшін ол өмірінің барлық саласын цифрландыруға мәжбүр. Цифрлық қоғамның қалыптасуының келесі, уақыты жағынан алдыңғы алғышарттары – адамзат тарихында бірнеше ақпараттық революцияның, яғни ақпаратты өңдеудің әртүрлі салаларындағы түбегейлі өзгерістерден туындаған өзгерістердің жүзеге асуы. Олардың нәтижесінде қоғам сапалы өзгерістерге ие болды. Демек, цифрлық қоғамның маңызды қалыптасу

факторлары – адамның жасампаздық қабілеті, ғылым мен білімнің қарқынды дамуы. Бұл факторлар цифрлық қоғамның антропологиялық сипатын дәлелдейді;

- қазіргі цифрлық қоғам тез қарқынмен қалыптасты, сол себепті ғалымдар оны сипаттайтын категориялар тізбегін әлі толық анықтап болған жоқ. Десек те, «цифрлық қоғам», «цифрландыру», «еркіндік», «жауапкершілік», «жасанды интеллект», «киберэтика», «цифрлық гуманитаристика» категориялары цифрлық қоғамның мәнін ашуға жол салады;

- философиялық тұрғыдан талдағанда, еркіндік дегеніміз – адамның өзін, басқаларды, қалыптасқан жағдайларды өз қалауына сәйкес өзгерту мүмкіндігі мен нақты қабілеті, әлеуметтік идеал туралы идеялар контекстінде қабылданған құндылықтарды саналы таңдауы. Алайда қоғамнан тыс еркіндіктің болуы мүмкін емес. Бұл қағида жауапкершілік категориясын нақтылайды. Жауапкершілік – адамның әлемде, ең алдымен қоғамда адамгершілікті қалыптасуы, өзін-өзі жүзеге асыру және таныту үдерісінде мақсатты түрде қалыптасатын жеке қасиеті, бұл өзіне, басқаларға, әлеуметтік топқа, мемлекетке, тұтастай қоғамға қатысты бір нәрсені сақтау немесе дамыту міндетін түсінуді білдіреді. Еркіндік пен жауапкершіліктің осы классикалық түсініктері қазіргі цифрлық қоғам үшін де міндетті болуы шарт;

- компьютерлік технологиялар адамның еркін, кәсіби дамуында маңызды рөл атқаратыны сөзсіз, олар тұлғаның жалпы мәдени дамуына үлкен әсер етіп, еңбек пен танымда шығармашылықтың өсуіне ықпалын тигізеді, бастамашылдықты дамытып, адамгершілік жауапкершілікті, тұлғаның интеллектуалды байлығын көбейтеді, адамдардың өз өмірінің мәні мен адамның қоғамдағы және әмбебап әлемдегі мақсатын түсінуін күшейтеді. Бірақ оның өзінде белгілі бір қауіп төндіретіні жасырын емес. Интернет мемлекеттік шекараларға қарамастан ақпарат пен идеяларды іздеуге, алуға және таратуға шынайы мүмкіндік береді. Алайда интернеттегі сөз бостандығы шексіз бола алмайды, ол тіпті қауіпті болуы мүмкін. Жеке тұлғаның өзін-өзі көпшілікке көрсету құқына басқа адамдардың заңды құқықтар мен мүдделеріне қайшы келгенге дейін ғана рұқсат етіледі. Сондықтан цифрлық қоғамда өмір сүріп отырған жеке тұлғаның да, бүкіл қоғамның да әлеуметтік жауапкершілігін күшейту аса маңызды. Адамның биологиялық ақыл-санасы барған қазір сандық ақыл-ойдың қоршауында болып отыр. Қазіргі адамзаттың басты міндеті – өркениет тарихында бұрын-соңды болмаған осындай жағдайды бақылауда ұстау, өйткені болып жатқан оқиғаларға жеке жауапкершілікті ғана емес, әлеуметтік жауапкершілікті өз мойнымызға алуға тиіспіз;

- цифрлық қоғамда білім алу мүмкіндіктерінің артуымен жүзеге асатын интеллектуалдық дамумен қатар, жалған ақпарат тарату, ақпараттық кеңістікті бұрмалау сияқты негативті құбылыстар да күшейе түседі. Бұқаралық ақпарат құралдары мен әдістерін пайдалану қоғамға әсер ету, оны билеу құралына айналады. Ақпараттық технологиялар адам санасына манипуляция жүргізудің де әдістерін жасады, осының салдарынан адам болмысты рационалды игеру

кабілетінен айырылады. Техногенді өркениеттің дамуы тұлғаның қалыптасуы мен әлеуметтену үдерісіне де өз ықпалын тигізеді. Демек, цифрлық қоғамдағы жауапкершілік, жалпы этика мәселесі жан-жақты, терең зерттеуге түрткі болатын антропологиялық дағдарыс, бірегейлік мәселесі, құндылықтық-рухани трансформация. Ақпараттық, цифрлық технологиялар дәуіріндегі өзекті мәселенің бірі – виртуалды кеңістікті адамға қолайлы ететін этикалық ілім қалыптастыру.

- цифрлық этиканың негізгі принциптері ретінде модальдылық (ақпараттың қисындылығы және жүзеге асырылуы); гуманитарлық (құпияны сақтау, дәлдік, шынайылық, адалдық); айқындық (ақпараттың қолжетімдігі, жүйелілігі мен қолжетімсіздігі, пайдалану мүмкіндігі, жүйелілік; конструктивтілік (ақпараттың адамгершілік қағидаларына қайшы келмеуі, қазіргі заманға сай болуы, нормативтігі, ақпараттың көптігі) принциптерін атауға болады. Цифрлық әлемде «жақсы» да, «жаман» да емес, өзіңнің бар болмысыңды сақтап қалу өте маңызды;

- цифрлық қоғамға дамудың бұрынғыдан өзгеше, абсолютті жаңа даму параметрлері тән. Бұл ең алдымен ұрпақаралық қатынастардан айқын байқалады. Цифрлық қоғамдағы білім беру қызметі жас буынның қолына өте бастады, ол аға буынды барынша тәуелді, осал етіп көрсетеді. Аталған үдеріс тұлғаралық қатынастардағы иерархияны өзгертуді, құндылықтардың жаңа жүйесін құруды талап етеді. Осы тұрғыдан алғанда, цифрлық қоғамдағы жауапкершілік мәдениетін қазақ халқының дәстүрлі ұлттық құндылықтар негізінде дамыту, ұрпақтар арасындағы қарым-қайшылықтарды шешуге ұмтылу қазіргі Қазақстан үшін аса маңызды.

- Цифрлық қоғамда білім алу мүмкіндіктерінің артуымен жүзеге асатын интеллектуалдық дамумен қатар, жалған ақпарат тарату, ақпараттық кеңістікті бұрмалау сияқты негативті құбылыстар да күшейе түседі. Бұқаралық ақпарат құралдары мен әдістерін пайдалану қоғамға әсер ету, оны билеу құралына айналады. Ақпараттық технологиялар адам санасына манипуляция жүргізудің де әдістерін жасады, осының салдарынан адам болмысты рационалды игеру кабілетінен айырылады. Техногенді өркениеттің дамуы тұлғаның қалыптасуы мен әлеуметтену үдерісіне де өз ықпалын тигізеді. Демек, цифрлық қоғамдағы жауапкершілік, жалпы этика мәселесі жан-жақты, терең зерттеуге түрткі болатын антропологиялық дағдарыс, бірегейлік мәселесі, құндылықтық-рухани трансформация. Ақпараттық, цифрлық технологиялар дәуіріндегі өзекті мәселенің бірі – виртуалды кеңістікті адамға қолайлы ететін этикалық ілім қалыптастыру.

- Цифрлық этиканың негізгі принциптері ретінде модальдылық (ақпараттың қисындылығы және жүзеге асырылуы); гуманитарлық (құпияны сақтау, дәлдік, шынайылық, адалдық); айқындық (ақпараттың қолжетімдігі, жүйелілігі мен қолжетімсіздігі, пайдалану мүмкіндігі), жүйелілік; конструктивтілік (ақпараттың адамгершілік қағидаларына қайшы келмеуі, қазіргі заманға сай болуы, нормативтігі, ақпараттың көптігі) принциптерін атауға болады. Цифрлық әлемде «жақсы» да, «жаман» да емес, өзіңнің бар болмысыңда сақтап қалу өте маңызды;

- Цифрлық қоғамға дамудың бұрынғыдан өзгеше, абсолютті жаңа даму параметрлері тән. Бұл ең алдымен ұрпақаралық қатынастардан айқын байқалады. Цифрлық технологиялар бүкіл қоғамның байланыс жылдамдығы мен қарқындылығын өзгертті, бірақ цифрлық ортаға қол жеткізу және тарту критерийі бойынша қоғамның елеулі стратификациясы анық байқалып отыр. Нәтижесінде, ұрпақаралық қатынастардағы шиеленістен бастап, адамның танымдық тәжірибесінің өзгеруі, ақиқаттың құнсыздануы, жалпы бақылау қаупінің күшеюі және еркіндіктің жоғалуы және тағы басқа бірқатар антропологиялық және әлеуметтік мәселе туындады. Цифрлық қоғамдағы білім беру қызметі жас буынның қолына өте бастады, ол аға буынды барынша тәуелді, осал етіп көрсетеді. Аталған үдеріс тұлғаралық қатынастардағы иерархияны өзгертуді, құндылықтардың жаңа жүйесін құруды қажет етеді. Осы тұрғыдан алғанда, цифрлық қоғамдағы жауапкершілік мәдениетін қазақ халқының дәстүрлі ұлттық құндылықтары негізінде дамыту, ұрпақтар арасындағы қарама-қайшылықтарды шешуге ұмтылу қазіргі Қазақстан үшін аса маңызды.

- Қорғауға ұсынылып отырған диссертация отандық философияның жаңа бағыты бойынша дайындалды. Цифрлық философия қазіргі заманғы философия ғылымының уақыты жағынан жас, дегенмен перспективасы зор бағыты деп есептейміз, себебі оның аясында цифрлық қоғам, онда өмір сүріп отырған тұлғаның ерекшеліктері, цифрландыру мен цифрлық құралдар, цифрлық гуманитаристика, жасанды интеллект мәселелерін, сонымен қатар әлеуметтік желілердің жеке тұлғаға теріс әсерлері және тағы басқа құбылыстардың салдарынан адамның өзінің тұлғалық және ұлттық сипаттарынан айрылу қаупін зерттеу қазіргі қоғам үшін аса маңызды екені күмәнсіз. Сол себепті қазіргі қазақ философиясының енді ғана қалыптасып жатқан осы бағыты зерттеуі тиіс міндеттер көп және олар цифрлық философияға қатысты мамандардың бәрінен үлкен ғылыми жауапкершілік пен ізденісті талап етеді.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы.

Диссертациялық жұмыстың практикалық маңызы зор. Зерттеу нәтижелерін қазіргі қоғамның цифрлық мәдениеті мен этикасын, қарапайым цифрлық сауаттылығын арттыруда, жеке тұлғаның да, тұтас қоғамның да жауапкершілігін жүйелі қалыптастыру үдерісін жүзеге асыруда кеңінен қолдануға болады. Сонымен қатар диссертант ғылыми ізденіс барысында қол жеткізген нәтижелер философия, саясаттану, әлеуметтану, мәдениеттану, этика, ақпараттық технологиялар, тарих салалары бойынша студент, магистрант, докторанттар дайындау ісінде, жас ұрпақты тәрбиелеу барысында де пайдалы бола алады.

Зерттеу нәтижелерінің сыннан өтуі және жариялануы. Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері ғылыми-практикалық конференцияларды, ғылыми басылымдарды жарияланды. Зерттеу тақырыбы бойынша 9 мақала жарық көрді. Оның ішінде ҚР Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған журналдарда – 4 («Адам әлемі», «Әл-Фараби», «Қарағанды

университетінің Хабаршысы», «ҚазҰУ Хабаршысы»); ғылыми практикалық конференциялар материалдарында – 4, Scopus базасына кіретін «Taltech Journal of European Studies» (Эстония) журналында «Artificial Intelligence, Value Alignment and Rationality» тақырыбында мақала жарияланды.

Зерттеу жұмысының талқылануы. Диссертация әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Философия және саясаттану факультетінің Философия кафедрасының 2024 жылдың 30 сәуіріндегі мәжілісінде (№8 хаттама) талқыланып, қорғауға ұсынылды.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы мен көлемі. Диссертация құрылымы белгіленген мақсат пен міндеттерге сай құрылды. Зерттеу жұмысы кіріспеден, екі бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Жалпы көлемі – 120 бет.

1 ЦИФРЛЫҚ ҚОҒАМДАҒЫ ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1. Цифрлық қоғамның қалыптасу тарихына шолу

Цифрлық қоғамның қалыптасу тарихын оның анықтамасынан бастаған жөн, себебі кез келген құбылысты зерттеу ісінде ең алдымен зерттеу объектісіне қатысты ұғымдарды айқындап алу маңызды екені бәрімізге аян. Шындығында, бұл өте күрделі міндет. Ұғымдар туралы пікірталастар белгілі бір деңгейде қауіпті, себебі ұғымдардың мазмұны туралы ортақ келісім болмаған жағдайда зерттеушілер бірін бірі түсінбей, бір бірінен алшақтай түседі. Ал пікірталастар жоқ болған жағдайда мәселе тіпті қиындай түседі, себебі ұғымдар мамандардың түсіндіруін күтпестен өз бетінше өмір сүре бастайды. Сондықтан ұғымдарды өзара талқылап, нақты келісімге келудің маңызы зор.

Кейінгі жылдары ақпараттық технологиялардың ғылымда, білім беруде, тұрмыста белсенді қолданылуына байланысты ұғымдар түбегейлі өзгерістерге ұшырады. Мысалы, бұрын «ақпарат» сөзінен туындайтын ұғымдарды «цифрлық» сөзіне қатысты ұғымдар (цифрлық революция, цифрлық қоғам, цифрлық технологиялар және тағы басқалары) ығыстырып шығара бастады.

Ресейлік ғалым Владимир Владимировтің пікірінше, цифрлық қоғамның анықтамасы әлі тұрақтала қойған жоқ, бірақ ең көп тараған пікір мынадай: «Цифрлық қоғам – ақпараттық қоғамның ең биік даму сатысы, ол адам қызметінің барлық салаларын қамтитын цифрлық технологиялар мен цифрлық практикалар кең тараған желілік қоғам» [34]. Біздің ойымыз да осы тұжырыммен үндеседі.

«Цифрлық қоғам» терминінің пайда болуы қоғамда цифрлық технологиялардың дамуымен тығыз байланысты. Бұл технологиялар қоғам дамуының электрондық ақпараттық технологияларды енгізу сатысында бұрынғы қарапайым технологияларды тез ығыстырып шығарып, ақпаратты жеткізудің жоғары сапалы, жылдам, дәл және ықшам үлгісін көрсетті. Терминді ғылыми айналысқа алғаш енгізген Канада ғалымы Дон Таппскот цифрлық қоғамның негізгі белгілерін атап көрсетеді. Олар: әлеуметтік дамудың цифрлық формасы, білім алмасуға бағытталғандық, объектілерді цифрлық формада бейнелеу, өндірісті виртуалдау, дамудың инновациялық табиғаты, интеграция, конвергенция, динамизм, жаһандану және тағы басқалары [35].

Цифрлық қоғамның қалыптасуы технологиялық жетістіктер, әлеуметтік нормалар мен мінез-құлық үлгілерінің трансформациясы, онлайн-сауданың өсуі, ақпараттың қолжетімдігі, жаһандық даму және нормативтік-құқықтық базаның эволюциясы сияқты бірнеше негізгі факторларға байланысты. Цифрлық технологиялар өндіріс үдерісіне ғана емес, күнделікті өмірімізге де күрт еніп, адам мен қоғам өмірінің барлық салаларын «жаулап» алды десек те, болады

Цифрлық қоғам ұғымы үйімізде, жұмыста, білім беруде және түрлі қызмет көрсетуде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және

интеграциялау бойынша қазіргі қоғамның нәтижелерін көрсетеді. Адамзат постиндустриалды қоғамнан ақпараттық қоғамға өткен кезеңде нарықтық экономикада ғана емес, адам қызметінің барлық саласында ақпарат-информацияның рөлі алдыңғы орынға шығып, ол негізгі тауарға айнала бастады. Ендігі жерде адам қызметінің кез келген саласы цифрлық ортада бейнеленіп қана қоймай, цифрлық ортаға ғана тән ерекшеліктер пайда болды [36].

Қазіргі қоғам жай ғана ақпараттық емес, цифрлық қоғам. Цифрлық қоғамды алғашқылардың бірі болып нәтижелі зерттеп жүрген Молдавия ғалымдарының пікірінше, «Цифрлық немесе ақпараттық қоғам – жұмыс істеушілердің басым бөлігі ақпаратты, әсіресе оның жоғары формасы болып саналатын білімдерді өндіру, сақтау, өңдеу және жүзеге асырумен айналысатын қоғам. Ақпараттандырудың мақсаты – өнімділікті арттыру және еңбек жағдайларын жеңілдетудің есебінен адам өмірінің сапасын жақсартуға ұмтылу» [37].

Алайда ақпараттық қоғам идеясымен келісе бермейтін ғалымдар да бар. Мысалы, неміс философы Юрген Хабермас қоғамда ақпарат көлемі өссе де, ақпарат санының өсуі қоғамды сауатты ете түседі, демократияландырады деу дұрыс емес есептейді. Оның пікірінше, қоғамдағы ақпарат негізінен жарнаманың рөлін атқарады және адамдарды алдап, көңілін басқа жаққа аударуға, санасын бұзып, ақиқатты жасыруға қызмет етеді, иландыру құралы болып есептеледі [38].

Әрине, бұл пікір шындыққа жақын, себебі ақпарат пен білім бір нәрсе емес.

Мұндай пікірлерге қарамастан, зерттеушілердің басым бөлігі ақпараттандыру мен цифрлық мәдениетті қалыптастыру – қазіргі қоғам дамуының ажырамас бөлігі, бұлжымас талабы екенін мойындап отыр, себебі бұл фактор қоғамның өмір сүруінің негізі болып есептелетін экономика саласында ауадай қажет. Цифрлық мәдениет өзінің икемділігі, тез әрекет етуі және ұтқырлығы жағынан экономикалық үдерістерді жүйелі түрде жоспарлау және оған сай түрде ұйымдастыру моделінен әлдеқайда тиімді. Сол себепті қоғамның цифрлық мәдениетіне оның әртүрлі әлеуметтік деңгейлерінде жаппай интеграциялану іскерлік белсенділікті, әлеуметтік капиталдың өсуін күшейте түседі және білім саласы мен ғылымның бәсекеге қабілеттігінің артуына ықпал етеді. Қоғамның цифрлық мәдениетінің болуы – осы елдің өмірдің барлық саласында табысты екенінің басты белгісі.

Яғни, цифрлық қоғамның қалыптасуының басты алғышарты – бүкіл адамзаттың ғана емес, жеке мемлекеттің экономикалық дамуы, себебі ол әлемдік экономикалық-қаржылық бәсекеден тыс қала алмайды, осы жарыста көштен қалмау үшін ол өмірінің барлық саласын цифрландыруға мәжбүр.

Цифрлық қоғамның қалыптасуының келесі, уақыты жағынан алдыңғы алғышарттары – адамзат тарихында бірнеше ақпараттық революциялардың, яғни ақпаратты өңдеудің әртүрлі салаларындағы түбегейлі өзгерістерден туындаған өзгерістердің жүзеге асуы. Олардың нәтижесінде қоғам сапалы өзгерістерге ие болды [39].

Бірінші революция жазудың пайда болуымен, сол арқылы бір ұрпақтың екінші ұрпаққа білімдерді жеткізуімен байланысты. XVI ғасырдағы екінші революция – баспа ісінің пайда болуының нәтижесінде кітаптар көптеп жарыққа шығып, индустриалдық оғам мен мәдениетке маңызды өзгерістер әкелді, білім халықтың арасында кеңінен тарай бастады. XIX ғасырдың соңындағы үшінші революция электр жүйесінің, телефон, телеграф, радионы дүниеге әкелді, бұл жаңалықтар ақпаратты бұрынғыдан әлдеқайда тез таратуға елеулі ықпал етті. XX ғасырдың 70-жылдарындағы төртінші революция микропроцессорлық технологияның және жеке компьютердің пайда болуына әкелді. Ақпаратты өңдеудің жаңа мүмкіндіктері пайда болғанымен, оған қолжетімдік және тарату шектеулі күйінде қалды. Микропроцессорлар мен интегралды схемалар негізінде компьютерлер, компьютерлік желілер, білімді жеткізудің ақпараттық коммуникациялық жүйелер құрылды. Осы кезде іргелі үш инновация жүзеге асты: адам ақпаратты өңдеудің механикалық және электрлік құралдарынан электрон құралдарға көшті; машиналар мен құрылғылар, аспаптар қолдануға ыңғайлы, кішкене форматқа ауыстырылды да, ақпаратты әуелі ірі өндірістік және әскери объектілерде, сонан соң ақпарат тасымалдаушылардың көмегімен жеке қолдану мүмкіндігі пайда болды; бағдарлауға және басқаруға болатын құрылғылар мен процестер құрастырылып, жиналған ақпарат қазір үйреншікті болған операциялар мен процестерді автоматты түрде атқаруға қол жеткізілді, яғни ақпараттың өзі ғана емес, оны қолдану тәсілі де кең тарай бастады [40].

Көзіміз жеткендей, цифрлық қоғамның маңызды қалыптасу факторлары – адамның жасампаздық қабілеті, ғылым мен білімнің қарқынды дамуы. Бұл факторлар цифрлық қоғамның антропологиялық сипатын дәлелдейді.

Цифрлық қоғам цифрландырумен тығыз байланысты. «Цифрландыру» (digitization, цифрлау) түсінігінің мазмұны әлі күнге дейін біршама түсініксіз болғанымен, күннен күнге кеңірек тарап келеді және мазмұны бойынша ұқсас «ақпараттандыру» мен «компьютерлендіру» ұғымдарымен қатар қолданылады. Сонымен бірге мазмұны жағынан шын мәнінде жақын осы ұғымдардың әрқайсысы «ақпараттық қоғам немесе «компьютерленген қоғам» деп аталған заманауи техногендік өркениеттің қалыптасу үдерісінің белгілі бір аспектісін айқын көрсетеді. Зерттеушілердің пікірінше, «компьютерлендіру» термині – негізгі термин болып саналады, ол компьютерлерді қолдану арқылы ақпараттың өндірудің, сақтаудың және алмасудың техникалық әдістерін білдіреді. Оның бастауы – XX ғасырдың 40-жылдары, компьютерлік технологияны енгізуді кеңейту негізінде ақпаратты іздеу және өңдеу құралдарын жетілдіру үдерісі [41].

Цифрлық қоғамды сипаттайтын тағы бір ұғым – «ақпараттандыру» ұғымы компьютерлік технологияларды қолдана отырып, мәліметтер базасында тасымалдаушыларда тіркелген білімді (ақпаратты) жинақтау тәсілдерінің жиынтығын көрсетеді, ол телекоммуникациялық, ақпараттық және коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға, ақпараттық және

коммуникациялық технологиялардың компьютерлік құралдарын интеграциялауға бағытталған үдерістерді білдіреді .

«Цифрландыру» (digitization, санға аудару) – бұлыңғырлау ұғым, ол жаңа өнімді цифрлік түрде бастапқы құруды және компьютерлік құралдар мен технологияларды пайдалану үдерісін бейнелейді. Сондықтан егер ол экономикалық қызметтің белгілі бір түрлерінде немесе әлемнің белгілі бір аудандарында, немесе аймақтарында инфрақұрылымның болуы, сапасы және қолжетімділігі туралы болса, онда ақпараттандыру ұғымы белгілі бір мағынада цифрландырудың құрамдас бөлігі ретінде қарастырылуы мүмкін.

Ақпараттық дәуірдің «әрекет етуші тұлғасының» әлеуметтанулық моделін «дихотомиялық әлеуметтік шындық ретіндегі қоғам моделі негізінде құруға болады, оның ішінде екі әлеуметтік деңгей бар: а) өзекті және б) символдық – виртуалды – әлеуметтік әрекет. Мұндай модельдің алғышарты ретінде қазіргі қоғам ерекшеліктерінің ақпараттық сипатын негіздеу үшін субстанционалды көзқарас ұсынылады. Сондықтан жоғарыда аталған ұғымдардың нақтыланған қырларына сүйене отырып, бұл жұмыста қоғамды ақпараттандыру үдерісінің оң және теріс салдарларын қарастырамыз; бұл жерде биліктің жеке адамды бақылауын күшейтуге немесе азайтуға баса назар аударылады [42].

Дамыған, алдыңғы қатарлы елдерде ХХ ғасырдың соңына таман ақпараттық технологиялар саласында серпіліс жасалды, содан кейін қоғамды жаппай және жылдам компьютерлендіру мен ақпараттандыру жүзеге асырылды. Бұл кезеңнің міндеті, бір қарағанда, айқын сияқты көрінді, ол – халықтың пайдалы және құнды ақпаратқа барынша және ыңғайлы қол жеткізуін, ұжымдық мүмкіндікті қамтамасыз ету. Ғалымдар мен ғылыми ұжымдардың маңызды мәселелерді талқылауы, сонымен қоса ғылыми, экономикалық, саяси және мәдени қауымдастықтар мен жеке адамдар арасында мәліметтер алмасу мәселелері де өзекті бола түсті. Кейінгі отыз жылда көптеген елдердің цифрлық технологияларды (теледидарлар, компьютерден бастап, смартфон және басқа құрылғыларға дейін) жаппай қолдануға көшуі әлі де сезіле бермейтін, бірақ өркениетке, азаматтардың бостандығы мен қауіпсіздігіне қауіп төндіретін көптеген оң және теріс салдарларға әкелгені сөзсіз.

Компьютерлендірудің маңызды әлеуметтік салдарларын атап өтсек, олар:

- көптеген өнеркәсіп салаларының өндірістік қызметінің сипатының өзгеруі;
- коммуникациялық стратегиялардың өзгеруі;
- өмірі компьютерлік желілермен тікелей байланысты белгілі бір жаңа әлеуметтік топтардың пайда болуы;
- интеллектуалды қызметтің жаңа түрлерінің пайда болуы, сәйкесінше, интеллектуалдық меншік түсінігінің айқындалуы;
- «кибермәдениеттің» қалыптасуы, құндылықтарды қайта бағалау және тағы басқа салдарлар.

Қоғам өмірінің негіздерін, құндылық бағдарларын және адамдардың психологиялық ерекшеліктерін өзгертіп, сонымен қоса, жаңа әлеуметтік топтар

құра отырып, компьютерлендіру және цифрландыру жаһандық әлеуметтік үдерістер ретінде көрінеді. Интернет мемлекеттік шекараларға қарамастан ақпарат пен идеяларды іздеуге, алуға және таратуға шынайы мүмкіндік береді. Алайда интернеттегі сөз бостандығы шексіз бола алмайды, ол тіпті қауіпті болуы мүмкін. Жеке тұлғаның өзін-өзі көпшілікке көрсету құқына басқа адамдардың заңды құқықтар мен мүдделеріне қайшы келгенге дейін ғана рұқсат етіледі. Бүгінде адамзат жазбаша мәдениеттен жаңа – экрандық мәдениетке көшті, оның негізі «экрандық бет» болып саналады [43].

Компьютерлендіруден туындаған көптеген үдеріс пен қызмет түрлерін оң салдарға сөзсіз жатқызуға болады: қызмет көрсету және сауда, банк істері, медицина, ғылым және білім, кітапхана ісі және тағы басқалары.

Компьютерлендіру ғылым саласының дамуын түбегейлі жаңа деңгейге көтереді: мысалы, компьютерлік модельдеу адам өмір сүріп отырған нақты ортаны ғылым шеңберінде теориялық жаңғырту әдістерін жетілдіруге, жаңа теориялық пәндер кешенін (алгоритмдер теориясы, операцияларды зерттеу, ойындар теориясы және тағы басқалары) белсенді дамытуға мүмкіндік береді және білімді оның барлық салаларында интеграциялау үшін техникалық жағдайлар жасайды, бұл өз кезегінде танымның жаңа келесі (жоғары) деңгейіне «серпіліс» жасаудың алғышарты болады.

Соңында, таным үдерісін цифрландыру саласындағы прогрестің арқасында «жасанды интеллект», яғни адам енгізген ақпарат негізінде ақпараттық үдерісті кеңейтіп, тереңдете отырып, тәуелсіз шешімдер қабылдауға қабілетті техникалық жүйелерді құру нақты болады. Жасанды интеллект адамның танымдық және белсенділік мүмкіндіктерін түбегейлі өзгертетін «адам – машина» симбиозы ретінде қарастырылады. Дегенмен компьютерлендірудің барлық айқын артықшылықтарымен қоса, бірқатар мәселелерін атап өтуге болады, ол әр түрлі елдер мен өңірлерді цифрландырудың нақты деңгейімен немесе экономикалық дамудың нақты деңгейімен, әр елдің тұрғындарын техникалық жабдықтаумен байланысты болуы мүмкін [44].

Ресей ғалымы Евгения Кригердің пікірінше, жаңа технологиялар субъект әлемінің бейнесін анықтай келе, адамның санасын қалыптастыратын, игерілетін шындықтың бейнесін қалыптастыратын құралға айналады. Цифрлық технологиялар үнемі өсіп, жаңарып отыратын ақпаратты анықтап, ерекшелеуге одан кейін оны интериоризация жасауға мүмкіндік береді. Олар жеке тұлғаның кеңістігіне ыңғайланады да әлеммен қарым-қатынасты және мінез-құлықты реттеуші құралдар ретінде қызмет етеді. Ішкі психикалық әрекет цифрлық технологиялар көмегімен жүзеге асатын сыртқы пәндік әрекеттің интериоризация нәтижесіне айналады. Ал жаңа технологияларды қолдану арқылы құрастырылған образ адам санасына енетін образ ретінде көрінеді. Бұдан бөлек, дамудың

әлеуметтік жағдайы заманауи жеткіншектер үшін желілік өзара әрекет етумен жанамаласады. Маргарет Мидтің тұжырымынша, цифрлық қоғам постконфигуративті мәдениетке жатады. Қазіргі технологиялар жастарды біріктіруге мүмкіндік береді және оларда аға буында болмаған тәжірибені қалыптастыру үшін жағдай жасайды. Және де керісінше, үлкендер өз тәжірибесінің жас буынның өміріне түрленіп жатқан байқамайды. Бұл бөлініс абсолютті түрде жаңа, ол ұрпақ аралық қарым-қатынастың жаңа типін тудыра келе жалпыға ортақ және жаһандық болып саналады. Цифрлық қоғамдағы білім беру қызметі балалардың қолына өтуде, ол ересектерді барынша тәуелді, сәйкесінше осал етіп көрсетеді. Кіші ұрпақ технологиялар дамуында айтарлықтай ақпараттандырылғандығы байқалада да тәжірибе алмастырушы ретінде әрекет ете бастайды. Аталған үдеріс олардың ересектермен қатынасындағы иерархияны қайта құруға алып келеді де қарым-қатынастың өзгеруін талап етеді. Ендеше, біз бүгінгі күні өркениеттің дамудың жаңа мәдени-тарихи жағдайын құрушы мүлдем басқа түрімен әрекеттесудеміз. Біз жап-жаңа уақытша үздіксіздікте өмір сүрудеміз, оның ерекшелігі цифрлық технологиялардың дамуына байланысты әлеуметтік-мәдени себептерге байланысты, нәтижесінде адамның әлеуметтік дамуының бүкіл бағытын өзгертетін өзінің ерекше түрін жасайды. Мұнда әлеуметтену мен білім беруге жаңа талаптар қоятын және жеке тұлға санасын қайта құратын құндылықтардың өзіндік жүйесі пайда болады. Бұл қоғамға икемделіп қана қоймай ондағы өзінді жетілдіру жолдарын да табуың қажет. Цифрлық қоғам жалпы білім беруді құру кезінде ойға салынып, сәйкесінше ескерілуі қажет әлеуметтенуге және тұлғаның дамуына байланысты өз проблемаларын туындатады. Мұнда өмір сүруге арнайы үйренісу, сонымен қатар онда туындайтын, өзінің қиындықтарын тудыратын қарама-қайшылықтарды көре білуің міндетті. Осы ретте олардың сипатталуына тоқталық өтсек [92].

Біріншіден, цифрлық қоғам әлемі адами өлшемге сай болудан қалып барады, адамның өз құндылығы мен технологиялар, техникалар құндылығының ығысуы жүріп отыр. Бір жағынан алғанда, мұндай жағдай көптеген адами ресурстарды босатады, танымдық әрекеттің маңыздылығын арттырады, үлкен өзін-өзі жүзеге асыруға бірлесе әрекет етуге міндетті секілді көрінетін физикалық еңбекті орындауға жұмсалған күшті қысқартады. Басқа жағынан қарайтын болса, пайда болып жатқан барлық жаңашылдықтар тұлғааралық өзара әрекеттесу кеңістігін қайта құра, оны әлеуметтік желілердегі кең ауқымды және белгісіз аудиториямен қоғамдық қарым-қатынас жазықтығына айналдыра келе адамның өзін ығыстырады да адами ресурстарды роботтарға алмастыру арқылы жұмыссыздықты туындатады. Көптеген адам легі осы кезге дейін өздеріне тән болып келген өндірістік қызметтерді орындаудан қалып барады. Бұл дегеніміз жоғары деңгейдегі күйзелісті қоздырады, денсаулығын нашарлатады, түрлі ауытқуларға алып келеді, адамды әлеуметтік кеңістіктегі орнынан айырады. Техникалар, цифрлық технологиялар және әлеуметтік желідегі қарым-қатынас адамның өзімен болып жатқандармен,

оның ішкі шынайылығымен, тұлғааралық қатынастың жақындығымен салыстырғанда басымдыққа ие болуын байқауға болады. Цифрлық қоғам өте жылдам, өте тұрақсыз, жылт-жылт еткен, өзгермелі әлемде өтімділік, гибридтілік, болжау мүмкін емес секілді қасиеттерге ие. Тағы бір қырынан қарағанда, белгісіздік болып жатқандарды анықтауға, туындаған сұрақтар жауабына жаңа мәндерді іздеуді талап етуші сұраныс ретінде алға шығады.

Екінші қырынан, оны баптау да қажет. Бұл құндылықтар мен нормалардың жүйесін жылдам орнын ауыстыруға, шынайылық жайлы келісімге келуге, оның өзгерістеріне сай өзгеруге үйретеді. Шынайылық туралы негізгі түсініктерді қалай жоғалтып алмау қажет, болып жатқандарды қалай бақылауда ұстау керек, жауапкершіліктің субъектісі кім және оның шекарасы қайда деген сұрақтарға жауап іздеу өзекті. Белгісіздік жеке тұлғадан анықталмағанды зерттеуге дайындықты, оған ашық болуды, тиімді салт-дәстүрді сақтауды, олардан қоршаған шындықтың хаосымен бетпе-бет келуге тіреу табуды күте отырып, әлемді жылжымалы және өзгермелі етеді.

Үшіншіден, цифрлық қоғам – ашық және қауіпті. Біздің барлық өмір барысымыз гаджеттер үшін ашық болып отыр. Бір жағынан, бұл коммуникацияның планеталық масштабқа ие сферасын арттырады, жаңа білім беру, мәдени, өндірістік мүмкіндіктерді ашады және байланыстарды кеңейтеді. Екінші қырынан, адамды тәуелдірек етеді, ол дегеніміз – жеке өмір веб-камера арқылы қолжетімді болады, пошта оңай бұзылуға қолайлы болуы мүмкін, жазбалар қаралады, адамның мекен-жайы анықталған, ал хакерлік шабуылдар хирургиялық операция сәтінде өмір үшін қауіп төндіруі мүмкін. Мұнда қауіпсіздік пен ашықтық арасында тандау жасауға тура келеді. Бұл әрине, сөзсіз, әлемге деген сенімнің төмендеуіне әкеліп соғады. Әлем сана тереңіне қауіп төндіруші және қауіпсіз емес сипатта ене бастайды да, психологиялық тұрақтылықты бұзады. Жеке тұлғалық дамуды сүйемелдеуші психологиялық денсаулықты сақтауға мүмкіндік беретін копинг-стратегияларды, өзін-өзі реттеуші әдістерді меңгеру талап етіледі.

Төртіншіден, мұндай қоғамда қалыптасқан биліктер бұлыңғырланады. Бір жағынан, бұл әлеуметтік медиа ресурстарын өздерінің алға жылжуы мен іске асыруы үшін пайдалануға мүмкіндік беру арқылы талантты дарындарға мүмкіндіктер ашады. Басқа жағынан алғанда, мұнда әлемдік ғылымның дамуына айтарлықтай үлес қосқан, осы кезге дейін тұрақталған беделділер күмән тудырып, бағаланбай қалуы да мүмкін. Ашық харизмаға, ықпал етудің айқын манипулятивті стратегиясына ие, өздерінің артынан жаппай жанкүйелердің ертіп жүретін және жасөспірімдер арасында танымалдылыққа ие кәсіп иесі болатын – блогерлердің мәртебесі өсті. Бұл құбылыс кейінгі жылдары цифрландыру қарқыны жағынан әлемнің көптеген елдерін артта қалдырған Қазақстанда жақсы байқалады. Мұндай цифрлық әлемде әдіснамалық мәдениетке ие, берілген ақпаратты тексеретін сыни ойлаудың қажетті деңгейіне ие делдалдық сана бағдарлануы мүмкін. Әлемді

қабылдауда өзінің позициясын сақтау және эмоционалды зақымданудан азат болуға мүмкіндік беретін интеллект пен аффект арасындағы мөлшерлестік қажет .

Бесіншіден, гедонистік құндылықтарға бағытталған эмоционалды ресурстарды үнемдеуге қажеттілік туындайды. Бір жағынан, адам өмірдің тым жоғары қарқынға ауысқанын сезінеді, оның қарқынына ілесе алмайды, эмоционалды, физикалық, интеллектуалдық сарқылу байқалады. Сәйкесінше, тұлға жоғары жылдамдықтағы режимнен энергияны аздау жұмсау режиміне өтеді де, ол құлдырауға (дауншифтинг) алып келеді. Кеңірек сипаттайтын болса, бұл кезең – адамның жағымды да, жағымсыз да жағдайларды азайтуға, уайым тудыратын жайттардан аулақ болуға, эмоциялар қозғалысының ең кішкентай реңктерін сезініп, оларға жанның ең кішкентай қимылдарын жұмсай отырып, оларды орташа ауқымға аударуға тырысуы. Екінші жағынан, үлкен жылдамдықтар кейінге қалдыру құбылысын тудырады, мұнда адам үнемі маңызды істерді кейінге қалдырып, өзін-өзі жүзеге асыруға қажетті ойластырылған жоспарларға қолы жетпейді.

Алтыншыдан, желілік әлемдегі есею жасына байланысты өзгерістер жүреді. Бір қырынан қарастырғанда, мектепке дейінгі және жасөспірімдік кезеңнің 1-3 жас аралығындағы жас шекараларының ауысу үрдісі байқалады, бұл ретардация деп аталады, нәтижесінде балаларда интеллектуалды дамудың жоғары өсуі, ерте киберәлеуметтену байқалады. Екінші қырынан, жеке тұлғаның руханилықты жоғалту, өмірдің мәнін жоғалту, болып жатқан өзгерістерді елемеуге ұмтылу, оларды түсінуге тырыспау, күмән туындату секілді тежелуге ұшырай бастауын байқауға болады. Қоғамның бір бөлігі цифрлық әлемнен алшақтап, өзгерістерді байқамауға тырысып, өздерінің киберкеңістікке түскен сәтте қорғансыз болып қалатынын, әлеуметтік желінің қарқынды ықпалының күштілігін түсінбейді. Мұндай қиын әлемде, әрине, білім беруді дамыту жолдарын, яғни, оның мақсаты мен құндылықтары, сонымен қатар адамға деген қатынасын қайта қарау қажеттілігі туындайды. Біз, заманауи білім берудің мақсаты мен құндылықтары – өзін өзгерту үшін ішкі әлеуетті ресурстарын қолданатын, даму мен өзін жетілдіру жолында ойына қонымды жайттарды өзгерте алатын, әлеммен, өз-өзімен және өзгелермен келісімде өмір сүретін жеке тұлғаның психологиялық денсаулығын дамыту деп тұжырымдаймыз [93].

Осындай жеке тұлғаны қалыптастыру мәдениетте құрылған эталонды модельдер негізінде жүзеге асады. Оны Ольга Васильева және Филипп Филатов адамның ішкі үйлесімділігі мен үйлесімді дамуының, жеке тұлғаның биоәлеуметтік ортаға бейімделуінің, жеке тұлғаның шығармашылық және рухани әлеуетін ашудың жан-жақты өзін-өзі жүзеге асыруының модельдерін атауға болады деп көрсетеді. Авторлардың пікірінше, психологиялық тұрғыдан дені сау адам – мәдени эталондар негізінде құрылған қажетті құрылымдық-процессуалды сипат тән жақсы қалыптасқан біртұтас ішкі интеграцияланған тұлға. Олар дені сау тұлғаның процессуалды сипатына өзін-өзі реттеу, әлеуметтік бейімделу мен өзін-өзі жүзеге асыру секілді үдерістерді жатқызады. Ал оның құрылымдық компоненттері болып:

дене сезімдері мен реакциялары; бейнелер мен көріністер; өзін-өзі ұғыну және рефлексия; тұлғааралық қатынастар және әлеуметтік рөлдер; тұлғаның әлеуметтік-мәдени детерминанттары; маңызды тәжірибелер және трансперсоналды тәжірибе; өзін-өзі тану өзектендіру саналады [94].

Біздің көзқарасымыз бойынша, аталған барлық аспектілер цифрлық қоғамдағы заманауи білім беру мазмұнын өлшеуді құрауы қажет. Бұл құрылымдарды қалыптастыру білім берудегі адамға орталықтандырылған идеяны сақтап қалуға мүмкіндік беретін тұтас кіріктірілген тұлғаның қалыптасуын қамтамасыз етеді. Әлеуметтік желілер мен қозғалмалы әлеуметтік үдерістер, техникалар мен технологиялар әлемінде өмір сүруді жүзеге асыру үшін қажет оның психологиялық өлшемдерін мен адамға деген қажет қарым-қатынасты не қалыптастыра алады? Біздің пікірімізше, білім беру үдерісін ұйымдастыру технологиялары алынған тәжірибенің өзгеруін және оны ішкі кеңістікке ауысуын қамтамасыз ететін идеяларға негізделуі тиіс. Лев. Выготскийдің мәдени-тарихи психологиясының идеялары бойынша, тұлғаның даму механизмдері ретінде өндіруші мәдени құндылықтарды интериоризациялау енеді .

Тұлғаның психологиялық денсаулығын қалыптастыру – бүгінгі таңда заманауи білім берудің айтарлықтай маңызды құндылығы. Мұнда білім беру – оны құру идеяларының психологиялық негіздерін ескере отырып, игерілген тәжірибені интериоризациялауға мүмкіндік беретін, адамның психикалық дамуын қамтамасыз ететін дәл нақ сол әлеуметтік негіз болып саналады. Сондықтан білім беу технологиялары психологиялық дені сау тұлғаны, яғни, сәйкесінше, үйлесімді дамыған, әлемде өзін толыққанды жүзеге асырушы және өз жағдайын реттеу механизмдерін меңгеруші ретінде қалыптастыруға мүмкіндік беретін ішкі және сыртқы жағдайларды ұйымдастыру жүйесін қамтамасыз етуі қажет. Осындай шарттардың бірі – адам әлемімен жұмыс істеуге жүгіну, адам мен әлем арасында пайда болатын және өзін көзқарас арқылы көрсететін психологиялық шындық ретінде қарастырылуы мүмкін [95].

Адам әлемі – бұл әлеммен өзара қарым-қатынас арқылы белгіленетін және мәндер мен құндылықтардан құралатын психологиялық шынайылық. Бұл шындықты өңдеу бізге қатынас категориясы арқылы біртұтас интеграцияланған тұлғаны қалыптастыруға мүмкіндік береді. Цифрлық өркениетте мұндай шынайылық адамның әлеуметтенуі жүретін цифрлық қоғамның мазмұндық сипаттамасын толықтыра түседі. Онда психологиялық жүйенің өзі ретінде психологиялық денсаулықтың әрбір құрылымдық компонентінің өзгеруіне әсер ететін әлемді қабылдаудың әртүрлі бұрмаланулары пайда болады. Сол себепті психологиялық денсаулық құндылық ретінде білім беру ортасының өзіне культивациялануы, сондай-ақ, адамға бағытталған психологиялық жүйені құра отырып, оның әрбір құрылымдық компонентіне қосылатын бұрмалануларды салыстыру қажет. Цифрлық қоғамда туындаған барлық қиындықтарды есепке ала

отырып, біз негізінде қазіргі білім беру құрылуы қажет ұстанымдарды бөліп көрсете аламыз. Олардың арасынан мыналарды атап өтуге болады:

1. Күйзеліске тұрақтылық, өмірге сенімділікті, психологиялық денсаулықты сақтау мүмкіндік беретін тұлғалық әлеуетті өзектендіру. Заманауи білім беру тұлға денсаулығының көзі өзінің ішкі сезімдерінде екенін ұғынуға бағытталуы тиіс. Осыған байланысты онымен өзара әрекеттесуді қамтамасыз ету қажет, онда ол өзінің белсенділігін бастайтын және басқаратын субъект ретінде әрекет етеді. Тұлғада сол ресурстарды – оның бейімділіктерін, қабілеттерін, өзін-өзі реттеу әдістерін, үйлесімді дүниетанымын сақтауға, әлемге бейімделуге және өзі мен айналасындағы шындықты өзгертуге мүмкіндік беретін құндылықтарды ашу керек.

2. Диалектикалық және жүйелік ойлауды дамыту. Цифрлық қоғам бағдары туындаған міндеттерді шешу мен ақпаратты қабылдау үшін өзінің сыни ойлауын қолданушы, ойлы адам болу қажет. Оған көптеген әлеуметтік қайшылықтар артында тұрған жасырын мәндерді көре білу маңызды. Осы үшін қайшы тұстарын көріп және метапозициядағы қарама-қайшылықтар шегіне көтеріле отырып, тұлғаның бойында ақпаратты жүйелі және бірімәнді емес қабылдауға мүмкіндік беретін метақұзыреттілікті қалыптастыру өзекті. Бұл әлемді игеру үшін жаңа кеңістікті ашушы тексерілген сапалы ақпаратты пайдалануға мүмкіндік туындатады.

3. Әлем динамикасы мен оның қозғалысына сезімталдық. Білім беру жүйесі әлемнің динамикасын, оның өзгермелілігін, көпнұсқалылығын, тұрақсыздығын есепке алғаны жөн. Сол себепті білім беру кеңістігі пәндік ортамен, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, тұлғааралық қарым-қатынасты пайдаланумен, білім беру субъектілерін түрлі өкілеттіліктер мен рөлдер арқылы іске қосу, өзін белсенділіктің көптүрлілігі формасында көрсетуде үнемі жаңарып отыруы тиіс. Мұның бәрі әлемнің белгісіздігіне төтеп беруге дайын болуға ықпал етуі керек. Қазіргі әлем белгісіздікке толы, онда мән нақтыланбаған және үнемі өзгермелі. Динамика көп жағдайда белгісіздік, жоғары хаос пен мәнсіздікпен қатар жүреді. Өмір қозғалысын сезініп, оны ұстануы, белгісіздікке ене отырып, оны ұстап тұра алу, одан шыға білу керек [96].

4. Зерттеушілік ұстанымды дамыту. Зерттеушілік ұстанымы өзінде іздеу қажеттілігін белсендіруді, адамның шындыққа белсенді зерттеушілік көзқарасына бейімділігін қамтамасыз ететін қиын психикалық білімді ұсынады. Өмірдің белгісіздігі зерттеушілік ұстанымды дамыту бағытында қиындықтар тудырады. Зерттеу ұстанымы субъектінің өзі мен тұлғааралық қарым-қатынаста, қоршаған нақтылықта пайда болған өзгерістерге белсенді жауап қайтарушы қызметін орындайды. Ол өзіне, әлемге, өзін дамытуға деген белсенді зерттеушілік қатынасқа ие, өз ішінде ғана емес айналасындағы да жаңашылдықтың қалыптасу үдерісіне белсенді ықпал етуге қабілетті тұлғаның сипаттамасы болып саналады. Цифрлық қоғамда ақпараттық лектің орасан зор өсуі үдерісінде оның құндылығы артады.

5. Өмірдің құндылықтары мен бағасын түсіну. Цифрлық қоғам өмірінің динамикасы, оның жоғары күйзеліске ұшыраушылығы адам өмірі секілді құндылықты қалыптастыруы қажет, себебі адамға берілетін өмір біреу ғана. Адамның кез-келген белсенділігі оның өмірлік күшін шығындаумен қатар жүреді. Бұл оның өзіне жеке иемденген нәрселер үшін төлеуі қажет баға секілді түсіндіріледі. Сондықтан өмірге оны ұсақ-түйекке жұмсамай, оның оқиғаларының барысын жоспарлап, белгілі бір кезеңде шешілуі қажет міндеттерді түсіне отырып, орынды қараған жөн.

6. Өзін дамытуға дайындық, әлемдегі әрекеттерге қатысу, оған ортақтастықты қалыптастыру. Бұл білім беру үдерісінде негізгі екі міндетті байқауға мүмкіндік береді: тұлғаның ішкі интеграциясы мен оның сыртқы әлеуметтенуі. Адам бағалау мен моральдық пайымдар арқылы қалыптаспайды, ол қоғаммен қарым-қатынас сапасы, оның барлық адамзатқа қатыстылығы арқылы құралады да, оның өмірін мәнді, мағыналы етеді. Австрия ғалымы Альфред Адлердің көзқарасы бойынша, адамзатты бір тұтастыққа біріктіру әлеуметтік сезімдерді немесе қоғамдық рухты туындата отырып, өркениетіміздің ұлы жетістіктерінің қайнар көзіне айналады [97].

Қорытындыласақ, біз қазіргі таңда айтарлықтай үлесі желілік әлемде жүзеге асып жатқан, таным дамуы құралдарын өзгертуші, балаға мәдениетті тасымалдаудың жаңа функцияларын үйретуші, өзінің сипаттамаларына ие, цифрлық техникалар мен технологияларды қолданушы, тұлғааралық қарым-қатынасты қайта құрушы цифрлық қоғамда өмір сүрудеміз. Бұл бүгінгі кезеңде қашып құтыла алмайтын өзіндік қиындықтар мен мүмкіндіктерді туындатады. Оларды алдын-ала болжай білу және өздеріне сәйкес білім беру үдерісін қайта құру қажет.

1.4 Цифрландыру дәуіріндегі қоғам мен тұлға болмысының ерекшеліктері

Ақпараттық мәдениет қоғамдық өмірмен үйлесімді түрде бірігіп, оны жаңа қасиеттермен толықтырды. Бұл, әрине, көптеген қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық, саяси және рухани идеялардың өзгеруіне ықпал етті, адамның өмір салтына сапалы жаңа белгілер енгізеді. Ақпарат ең құнды өнімге және негізгі тауарға айналды десек болады, тіпті оның жиынтық құны біртіндеп материалдық өндіріс өнімдерінің жиынтық құнына жақындай бастады. Бұл ақпараттың ғана емес, оны тарату, өңдеу және пайдалану жолдарының да құндылық қатынасының өсуіне әкелді. Қазіргі таңда ақпарат қоғам үшін маңызды стратегиялық ресурске айналды. Ақпараттық мәдениеттің кең таралуы техника мен технологияны дамыту үшін түбегейлі жаңа мүмкіндіктер ашады, технологияның қоғаммен, адаммен және табиғатпен барынша тиімді байланысын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Қазіргі кезеңде адамның тұлғалық қалыптасуы мен әлеуметтенуі әртүрлі ғылымдармен қатар, жаңа технологияларды игеру арқылы жүзеге асады. Техника мен технология қандай адамды қалыптастырады? Зерттеушілер бұл мәселеге

қатысты екі көзқарасты ажыратады. Бір жағынан, ғылым тек техникаға ғана емес, сонымен бірге адамның өзіне де, оның кешенді дамуы үшін материалдық және рухани алғышарттар жасауға да көбірек көңіл бөлуі тиіс. Екінші жағынан, техногенді өркениеттің белсенді дамуы адамзаттың өмір сүруіне қауіп төндірген ғылыми жаңалықтарды дүниеге әкелді. Қазіргі заманның ең өзекті мәселелерінің бірі – адамның тұлғалық бейнесін сақтап қалу. Жоғары технология адамның жоғары дайындығын, оның рухани жетілуін және жауапкершілігін талап етеді. Қоғамның жаппай цифрлануы және ақпараттық мәдениеттің қарыштап дамуы рухани салалармен байланыстың үзілуін, көп жағдайда рухани-адамгершілік құлдырауын тудырып отыр [98].

Қазіргі қоғамда интернет, әлеуметтік желілер, жарнама, кино, музыка тұлғаны қалыптастыруда тәрбиелік қызмет атқарады, осылайша «құрамалы мәдениеттің» адамы қалыптасады. ХХІ ғасырдың басынан бастап қоғамды жаһандық коммуникациялар мен әлеуметтік желілер арқылы әлеуметтік ортаға әсер ететін біртұтас ақпараттық кеңістіктің мәдени, саяси, экономикалық жүйесі жаулай бастады. Қоғамды ақпараттандыру жағдайында адамның белсенділігін танытатын негізгі қасиеті – оның ақпаратты тұтыну және өңдеу қабілеті, яғни осы негізгі ресурсты игеру және тиімді пайдалану болып саналады. Даму ресурсі ретінде ақпарат әрбір жеке тұлғаның рухани саласының қалыптасуына тікелей әсер етеді. Ақпараттандыру қоғамның ақпараттық мәдениетінің деңгейін арттыруды көздейді, компьютерлік сауатсыздықты жоюға ықпал етеді. Қоғамды ақпараттандыру үдерісінде тұлғаның интеллектуалдық әлеуеті де трансформацияланады, бұл ақпараттандырудың тағы бір заңдылығы – қоғамды интеллектуализациялау. Қоғамды жаппай цифрландыру жағдайында шығармашылық қабілеті жоғары, өзіндік жетілуге ұмтылатын тұлғаның рөлі артады.

Демек, қоғамды ақпараттандыру жағдайында тұлғаның даму үдерісі келесі ерекшеліктерге ие:

- ақпараттық технологиялардың дамуы және цифрландыру қоғам мүшелерінің ақпараттық мәдениет деңгейін арттыру мен цифрлық сауаттылығын, жалпы интеллектуалдық әлеуетінің жоғарылауын көздейді;

- ақпарат көлемінің көптігі және оған үнемі талдау жасау, синтездеу қажеттілігі жеке тұлғаның белсенділігін, жасампаздық қабілетін арттырады;

- ақпараттық желілер арқылы еркін тарайтын, кей жағдайда жалған ақпарат кең көлемі тұлғаның моральдық жауапкершілігін, құндылықтар жүйесін қалыптастыруды талап етеді.

«Әлемдік қоғамдастықтың ақпараттық қоғамға ауысуы, ең алдымен, адамдардың санасы мен мәдени деңгейін өзгертуді талап етеді. Олар мінез-құлық пен қарым-қатынас формаларын түбегейлі өзгертуі тиіс, сонымен қатар жаңа құндылықтар мен мақсаттар туралы түсініктерді игеруі керек, бұл ақпарат пен білімді бір ұрпақтан екінші ұрпаққа тарататын жоғары дамыған ақпараттық жүйенің көмегі арқылы ғана мүмкін болады» [99].

Осылайша ақпараттық алмасудың субъектісі ретінде әрекет ететін тұлға ішкі және сыртқы факторлар мен қоршаған ортаның әсерінен өзгереді, оның өзгеруі қоғамды ақпараттандыруда көрініс табады. Әлеуметтік қасиеттердің өзара байланысы тұтастықпен, ашықтықпен, тұрақтылықпен және өзін-өзі дамыту мүмкіндігімен сипатталатын тұлға жүйесін құрайды. Тұлғаның өзін-өзі дамытуы оның құрылымдық сапалы өзгеруінен, яғни интеллектуалды, шығармашылық және рухани дамуынан байқалады. Осы үш компоненттің бірлігі тұлғаның қалыптасуы мен дамуын қамтамасыз етеді. Қазіргі қоғамда ақпарат өмірдің тұрақты компонентіне айналды, ол тұлғаның бүкіл құрылымына еніп, оның сапалық өзгеруіне ықпал етіп отыр. Белсенділікті орнататын шығармашылық әлеует тұлғаның өзін-өзі дамытуының алғышарты ретінде әрекет етеді, ал рухани әлеует, оның ішінде тұлғаның құндылық жүйесі сапалы ақпаратты таңдауға және жеке дамудың бағытын анықтауға мүмкіндік береді. Қоғамды ақпараттандыру жағдайында тұлғаның дамуына келесі ерекшеліктер тән: жоғары деңгейдегі интеллектуалдық, шығармашылық белсенділік және жеке тұлғаның моральдық жауапкершілігін арттыруды көздейтін ақпараттық мәдениет деңгейінің өсуі.

Қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар нақты уақыт режимінде «синхронды коммуникацияны» қажет етпейді. Көп жағдайда адамдар тікелей өзара байланысты қажет етпейтін «асинхронды коммуникацияларға» қатысады (whatssapp чаттар, e-mail алмасу т.б.). Бірақ екі жағдайда да коммуникацияда ситуациялық уақыт іс жүзінде шексіздікке дейін созылады. Кез-келген чат кезінде этикет бойынша сұхбаттасушыға жауап беру үшін бірнеше секундтан бір минутқа дейін және одан да көп уақыт беріледі – бұл жүзбе-жүз коммуникация жағдайымен салыстыратын болсақ, уақыттың айтарлықтай созылуы. Ал e-mail хабарламалар алмасу кезінде кері жауап алу бірнеше сағат, күн, тіпті аптаға дейін созылуы мүмкін. Киберкеңістік жаңа темпоралды кеңістікті қалыптастырады, онда өзара интеракциялар жалғасқан жағдайда интерсубъективті уақыт өзара созылады. Жүзбе-жүз қарым-қатынаспен салыстырғанда коммуникацияға қатысушылар ойлануға және жауап беруге айтарлықтай көп уақыт алады. Тағы бір ескеретін жағдай – тікелей байланыстың болмауынан айтарлықтай психологиялық қиындықтар туындайды. Виртуалды әлем интерсубъективті әлемнен айтарлықтай ерекшеленеді. Виртуалды әлем адамдардың өзара әрекеттесу кеңістіктігін және уақыт шекарасын кеңейтеді және өзгертеді. Цифрлық әлем сізге басқа визуалды тұлғаны жасауға мүмкіндік береді. Адамдар енді әлемнің кез келген бұрышында онлайн формада достық қарым-қатынас орната алады және оны жүзеге асыру өте оңай. Бұл тұлғалық бірегейліктің дағдарысына алып келуі мүмкін. Виртуалды әлемде сіз өзіңіздің кез-келген имиджіңізді жасай аласыз. Бұл салада қазір жалған фактілер көбейіп, әрбір адам өзінің виртуалды бейнесін тартымды қасиеттермен толықтыруға тырысады [100].

Ақпараттық кеңістіктегі коммуникация ерекшеліктерін өз зерттеуінде Досжан Балабекұлы да көрсеткен: «Цифрландыру мен ақпарат тарататын заманауи желілік

технологиялар пайда болғалы бері адам үшін вербалды коммуникацияның мағыналық мәні айтарлықтай азайды, бұл нақты емес білімді толықтай жоғалтумен байланысты болады. Себебі біз желіде тірі адамдармен емес, олардың виртуалды көшірмелерімен араласып, сөйлесеміз (әлеумет саласы). Желілік ақпараттық технологиялардың көмегі арқылы адамдармен жанама түрде қарым-қатынас жасау байланыстың тұлғааралық ерекшеліктерін жоғалтады, ал желіден тыс, шынайы өмірде нақты емес білімді объективтендіру арқылы қарым-қатынас кезінде бұл ерекшеліктер оңай қабылданады. Сондықтан желіде басқалармен араласып, сөйлесек, өзіміз қабылдайтын нәрселерді шынымен де әңгімелесуші адамның жеке қасиеті мен мінез-құлқының, оның ойларының, тілектерінің, қорқыныштарының көрінісі деп айтуға бола ма деген сұраққа жауап бере алмаймыз. Мұның бір себебі желі қолданушылары ақпараттық кеңістікке өз ойынша өзіне кесірі тимейтін және психологиялық жағынан жағымсыз сезім тудырмайтын ақпаратты ғана шығарып, көпшілік назарына ұсынады» [101]. Осыдан цифрлық қоғамдағы ақпараттық мәдениет, ақпарат таратудағы жауапкершілік пен еркіндік мәселесі туындайды. Цифрлық қоғамдағы тұлғаға тән ерекшеліктер, ақпараттық этика құрылымы, жауапкершілік ұғымы Элвин Тоффлер, Маршалл Маклюэн, Дэниел Белл және ақпараттық этика саласында зерттеу жүргізген Лучано Флориди, Рафаэль Капурро, Рэй Брейдің және тағы басқа ғалымдардың еңбектерінде зерттелген. Қазіргі философиялық әдебиетте тарихи талдауға сүйену арқылы ақпараттық қоғамның қалыптасуымен орныққан тұлға трансформациясы біршама зерделенді, жүйелеу және сыни әдістерге негізделіп тұлға дамуы, әлеуметтенуі контекстіндегі цифрлық қоғамға жалпы теориялық және әдіснамалық талдау жүргізілді деуге болады. Алайда қазіргі таңда цифрлық қоғам туралы зерттеулер жеткілікті болғанымен, ақпараттық этика, цифрлық қоғамдағы жауапкершілік мәселесі көп зерттелмеген. Сондықтан осы диссертацияда ақпараттық қоғам туралы классикалық зерттеушілердің еңбектері мен замануи ақпараттық этика жайлы туындыларды саралай отырып ақпараттық этика, әсіресе жауапкершілік мәселесі қазіргі таңдағы қолданбалы этиканың ең түйткілді салаларының бірі екені негіздеуге ұмтылды.

XX ғасырдың 50-ші жылдарынан бастап адамзат өз дамуының жаңа кезеңіне өтті. Дәстүрлі жіктеу бойынша жаңа қоғамға постиндустриалды қоғам деген анықтама берілді. Постиндустриалды қоғам идеяларының дамуының жалғасы ақпараттық қоғам теориясы болды, оның негізі ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қоғам дамуының барлық аспектілеріне: адамдардың өмір салтына, білім алуына, жұмыс жасауына, билік пен халықтың өзара қарым-қатынасына революциялық әсері деп жарияланды.

Бұл ретте негізгі фактор қоғам үшін маңызды ақпарат көлемінің ұлғаюы ғана емес, сонымен қатар адам мен қоғамның ақпаратқа қатынасының өзгеруі болып саналатынын атап өту қажет. Бұл бетбұрыс кезеңді ортағасырлық теоцентризм дүниетанымнан қайта өрлеу дәуіріндегі әлемді антропоцентрилік қабылдауға көшу кезеңіндегі жаппай сананың қайта бағдарлануымен салыстыруға болады. Құдай

ұғымы өзінің маңыздылығын сақтап қалды, бірақ сол дәуірдегі көптеген адамдардың құндылық иерархиясында екінші орынға көшті. Ақпараттық қоғамда да ақпарат құндылықтар иерархиясының жоғарғы деңгейінен орын алған. Ақпараттық трансформацияның мәні – қоғам мүшелеріне білім мен идеяларды меңгеруге оң әсерін тигізу. Ақпараттық қоғам адамдарға өзіндік жетілуге, әлеуетін толықтай жүзеге асыруға мүмкіндік береді .

Жаңа өмір сүру мен қызмет ету ортасының пайда болуы адамдар арасындағы қарым-қатынасты ғана өзгертіп қоймайды, сонымен қатар адамның ақпаратқа деген көзқарасын да өзгертеді. Америкалық әлеуметтанушы Иммануил Валлерстайн ақпараттық қоғам туралы: «Біз қалыптасқан жаһандық қоғамдық құрылымның, яғни әлемдік капиталистік экономикадан – басқа жаһандық жүйеге ауысу дәуірінде өмір сүріп жатырмыз. Бұның жақсы немесе жаман екенін білмейміз. Бірақ бұл өтпелі кезең осы дәуірде өмір сүріп жатқандар үшін күрделі болатыны анық. Бұл қарама-қайшылықтар мен тәртіпсіздіктер күшейген және, көпшіліктің пікірінше, құндылықтар күйреген кезең болады», – деген.

Қызметтің жаңа коммуникативті салаларының пайда болуына байланысты моральдық нормалар мен ережелерді, олардың дәстүрлі мағынасын қайта қарау қажеттілігі туындайды. Бұл үдеріс, мысалы, есептеу техникасы қауымдастығы (computing Machinery – АСМ қауымдастығы) әзірлеген «компьютерлік кәсіпқойлар» кодексі сияқты жеке қауымдастықтар мен кәсіби бірлестіктер ішінде ережелер мен кодекстерді дайындаудан басталады. Қолданбалы этиканың түрлері ретінде компьютерлік, желілік, инженерлік этика пайда болды, олар қазіргі заманғы коммуникациялық кеңістіктегі әртүрлі субъектілер арасындағы қатынастар жүйесін құрастырды [102].

Қолданбалы этиканың рөліне қатысты осындай көзқарасты көптеген зерттеушілер атап өткен. Мысалы, Абдусалам Гусейнов пен Рубен Апресянның тұжырымы бойынша, «қолданбалы этика» – этика дамуының жаңа кезеңі ретінде түсіндірілуі мүмкін, бұл мораль теориясының қоғамның моральдық тәжірибесімен тікелей байланысты болуымен сипатталады .

Біздің көзқарасымыз бойынша, қолданбалы этика қазіргі уақытта этиканың ғылым ретіндегі эволюциясының кезеңі болып саналады және барлық классикалық моральдық мәселелер, қазіргі заманның өзекті моральдық мәселелері сияқты, қолданбалы зерттеулер мен тәжірибелер контекстінде түсіндіріледі. Алайда қолданбалы этиканың мазмұнын түсінудегі плюралистік үрдіс (оның әртүрлі бағыттарында көрсетілген), біздің ойымызша, ұзақ уақыт сақталмайды. Қолданбалы этиканың объективті шындыққа барынша толық сәйкес келетін, ХХІ ғасыр адамына қоғамның толыққанды мүшесі ретінде жұмыс істеуге мүмкіндік беретін ережелер мен нормалар жиынтығын бөліп көрсету қажет. Бұл бағыт – қолданбалы этика бөлімінің тар шекарасынан шыққан және ХХІ ғасырдағы адамның болмысының ерекшелігін ескеретін ақпараттық этика немесе ақпараттық қоғам этикасы .

Италия философы, Йель университетіндегі Цифрлық этика Орталығының директоры Лучано Флориди «Ақпараттық этика: компьютерлік этиканың философиялық негіздері туралы» еңбегінде ақпараттық этиканы онтоцентристік теория ретінде қарастырады, өйткені оның міндеті – ақпараттық кеңістіктің элементтері ретінде ұсынылған шынайы әлемнің барлық формаларының, яғни адамдардан және олардың әлеуметтік қатынастарынан бастап жұлдыздар, тастар, жануарлар мен өсімдіктерге дейін әлемде бар немесе болатын кез-келген ақпаратты онтологиялық теңдігін мойындай отырып, моральдық тұрғыдан бағалау.

Ақпараттық этика, Лучано Флоридидің еңбектері бойынша, кез-келген объектіні немесе жалпы болмысты түсінуге болатын ақпарат пен ақпараттық нысандардың ішкі құндылығына негізделген. Инфосфераны бұрмалауға немесе қысқартуға бағытталған кез-келген әрекет зиян тигізу ретінде қарастырылады. Ақпараттық этиканың негізгі сипаттамалары мыналар:

- 1) модальдық – ақпараттың қисындылығы және жүзеге асырылуы;
- 2) гуманитарлық – құпияны сақтау, дәлдік, шынайылық, адалдық;
- 3) айқындық – ақпараттың қолжетімділігі мен қолжетімсіздігі, пайдалану мүмкіндігі, жүйелілік;
- 4) конструктивтілік – ақпараттың адамгершілік қағидаларына қайшы келмеуі, қазіргі заманға сай болуы, нормативтілігі, ақпараттың көптігі.

Ақпараттық этиканы этика дамуының жаңа кезеңі ретінде тұжырымдаумен қатар, ақпараттық қоғамдағы трансформацияларға сәйкес классикалық этикалық концепцияларды да қайта қарастыру қажет. Ақпараттық қоғам туралы классикалық зерттеулерде, яғни Дэниел Белл, Элвин Тоффлер, Маршалл Маклюэннің еңбектерінде ақпараттық қоғамдағы этика мәселелсі толыққанды зерттелмеген. Бірақ заманауи ақпараттық даму мен цифрландыруды ескере отырып, мораль мен құндылықтардың даму бағытын анықтап алу өзекті мәселе екені анық [103].

Америка философы Элвин Тоффлердің «Үшінші толқын» еңбегінде ақпараттық қоғамға жан-жақты талдау жүргізілген. «Үшінші толқын» ұғымы ғылым, техника, компьютерлер, коммуникация әдістерінің дамуымен болатын қоғам өміріндегі өзгерістерді білдіреді. Маршалл Маклюэннің зерртеулері ақпараттық қоғам ерекшеліктерін түсінуде маңызды рөл атқарады. Маклюэн қоғамдағы бұқаралық ақпарат құралдарының ақпарат таратудағы маңыздылығын тұжырымдай отырып «жаһандық ауыл» концепциясын жасаған.

Әлеуметтік кеңістікте үшінші толқын жаңа типтегі отбасылардың қалыптасуы, бұқаралық ақпарат құралдарының демассификациясы, компьютерлік технологиялар арқылы ми қызметінің сапалы жақсаруы сияқты өзгерістерді әкелді. Ақпараттық қоғамдағы адамгершілік ұстанымдар мен құндылық бағдарларының көптігі бұқаралық ақпарат құралдарының демассификациясымен байланыстырылады. Демассификация «өзіміздің қайталанбас, тұлғалық бірегейлігімізді ұғындырады». Осылайша адамгершілік те тұлғалық және қоғамдық деңгейде өзгереді.

Ақпаратты игеруге жұмсалатын уақыт мөлшерінің өсуімен қатар, ақпарат көлемі де үнемі көбейіп отырады. Бірқатар футурологтар ақпарат көлемінің өсуі, адамның дүниетанымын да өзгертуі мүмкін деген болжамдар жасайды, мәселен, рационалдық пен адамгершілік арасындағы тепе-теңдік бұзылуы мүмкін. Цифрлық қоғамда тоқтаусыз жүретін ақпаратты өңдеу операциялары рационалдылықты алға тартып, мораль мен адамгершілікті екінші кезекте қалдырады. Осы орайда ресейлік зерттеуші ғалым Иван Негодаев: «баланы ерте рационалдылық пен логикаға үйрету оны эмпатия сияқты эмоциядан айырыуы мүмкін», – дейді [104].

Ақпараттық қоғамдағы адамдардың мінез-құлқы, әрекет етуі, құндылықтар бағдарының ерекшеліктерінің айқындалуына терең әсер ететін – күнделікті жоғары жылдамдықпен және үлкен көлемде келіп жатқан ақпарат. Осындай жағдайда сыртқы ортадан қабылданатын ойлар мен бейнелер де өзгереді. Нәтижесінде үшінші толқын қоғамында отбасы, мемлекет, жалпы адамгершілік туралы жаңа түсініктер қалыптасады. Бірақ жаңа ойлар мен бейнелер ұзақ уақыт тұрақты түрде сақталмайды. Олар үнемі жаңарып, өзгеріп отырады, тіпті бір ұрпақтың өзінде тұрақты құндылықтар мен қағидалар жүйесін тұжырымдай алмаймыз. «Үшінші толқын ақпарат ағынын жеделдетіп қана қоймайды, біздің күнделікті тұрмыс-тіршілігімізге ықпал зор ақпараттың ішкі құрлымын трансформациялайды».

Қазіргі ақпарат заманындағы кең көлемдегі ақпарат құрылымының ерекшелігі – біз оны санамызға үзілген, қысқа формада қабылдаймыз. Күнделікті санамызға келіп жатқан ойлар мен бейнелер бөлшектелген, мерзімділігімен ерекшеленеді, сондықтан адам тұрақтылық сезімін жоғалтады. Ақпаратты жеткізу әдісі өте маңызды, бұл туралы Канада ғалымы Маршалл Маклюэн де «Ақпараттық өзі құрал» деп айтқан. Ақпараттық қоғам жұмсақ, өзгермелі жаңа моральдық қағида жеке тұлға деңгейінде ғана емес, бүкіл қоғамдастық деңгейінде де тез қабылданады. Адамдардың ой-санасы да жаңа қағидаттарды ешбір адамгершілік қарама-қайшылықтарсыз қабылдайды. Зерттеушілердің пікірінше, қазіргі ақпараттық қоғамда адамгершілік мәселесіне эклектикалық, жағдаяттық сипат тән.

Цифрлық қоғамдағы ақпараттың модульдық құрылымы адам санасын да өзгертеді, яғни құбылыстарды белгілі бір критерийлер бойынша жіктеу қабілеті төмендейді, себебі көп жағдайда бірегей ортақ критерийді бөліп көрсету мүмкін емес. Себеп-салдарлық байланысты айқындау да нашарлаған. Бұл құбылыстың адамгершілік жағын талдайтын болсақ, ақпараттық қоғамда өмір сүріп жатқан адам өзінің және өзгелердің іс-әрекеттеріне тиісті объективті бағасын бере алмайды. Ол көп жағдайда объективті шынайылықтың дайын менталды үлгілерімен әрекет етеді, бұл үлгілер де жиі ауысып тұрады, сондықтан дүниенің объективті шынайы бейнесін қалыптастыру өте қиын. «Ақпараттық қоғамдағы қысымға кейбір адамдар шыдамай апатияға немесе ашуға беріліп жатады. Ал басқалары, керісінше, өзіндік жетілуді үзбей, жоғары деңгейде қызмет атқара алатын сауатты, білікті адамдарға айналады» [105].

Ақпараттық қоғам адамының рухани-адамгершілік бағдарына холистік ыңғай тән болады. Мәселен, адамгершілік қағидалары – бұл бұлжымайтын императив, ал ақпараттық қоғамда адам тұлға ретінде өзінің немесе өзгелердің іс-әрекетіне моральдық тұрғыда кесімді және жағдаяттық баға беруі мүмкін. Ақпараттық қоғамдағы эволюция барған сайын күрделі құрылымдардың пайда болуына әкеледі. Бұл моральдық эволюцияға да қатысты. Осылайша үшінші толқын қауымдастығының моральдық хаосы жеке тұлға және тұтастай қоғам үшін адамгершілік қағидалар мен нормалардың жүйелі құрылымын жасауға түрткі болады. Ақпараттық қоғамда адамның еңбекке де көзқарасы өзгереді. Бұл туралы ағылшын социологы Энтони Гидденс: «Мәдениетте «еңбек этикасынан» алшақтап, еркін, ләззат алуға бағытталған өмір салты орнығады. Индустриализмге тән еңбектің тәртіпке келтіру функциясы постиндустриалды қоғамда әлсіреп, адамдарға жеке және индустриалды салаларда инновациялар жасауға көбірек еркіндік беріледі», – дейді .

Қазіргі цифрлық қоғамда ақпаратты өңдеу және пайдалануға қатысты көптеген мәселелер туындайды. Дэниел Белл өзінің «Ақпараттық қоғамның әлеуметтік шекаралары» деген еңбегінде ақпараттың қолжетімді болуынан пайда болатын мәселелер туралы айтқан: «Тағы бір маңызды нәрсе, ақпаратты бақылауда ұстау оны жасыру немесе заңсыз жариялау сияқты асыра пайдалануға алып келуі мүмкін. Осындай асыра пайдалануды болдыртпау үшін институтционалды шектеулер қажет, әсіресе ақпарат саласында» .

Қазіргі цифрлық қоғамның өзекті мәселелерінің бірі – адамның күрделі биоәлеуметтік жүйе ретінде тұлғасын сақтау және дамыту. Бұл мәселені бірқатар зерттеушілер қазіргі заманның «антропологиялық дағдарысы» деп атайды. Адам өз әлемін қиындата отырып, өзі басқара алмайтын және оның табиғатына жат болатын күштерді қалыптастыруы мүмкін. Ол әлемді өзгерте отырып, адамның өмірін түбегейлі өзгертетін және кері әсер ететін құрылымдарды жасап шығаратын әлеуметтік факторларды туындатады. Неміс-америка философы Герберт Маркузе техногенді өркениеттің дамуының салдары ретінде бұқаралық мәдениеттің нәтижесі ретінде «бірөлшемді адамның» пайда болуы туралы айтқан. Заманауи ақпараттық мәдениет адам санасын жаулаудың әдістердің көптеген түрін жетілдіруде. Санаға осындай терең әсердің салдарынан адамның қоршаған әлемді рационалды қабылдау қабілеті әлсіреуі және бұқаралық мәдениеттің құрбанына айналуы әбден мүмкін [106].

БҰҰ ұйымының резолюциясы бойынша, ақпарат еркіндігі – адамның іргелі құқықтарының бірі. 1948 жылы қабылданған адам құқықтарының жалпығы бірдей декларациясы әркімнің ақпаратты еркін қабылдау және тарату құқығы бар екенін бекітті. Бірақ декларацияда адамдар қандай ақпаратты қабылдап, тарата алатыны анықталмаған. Күннен күнге қарыштап дамып жатқан цифрлық әлемде ақпарат таратуға қатысты күрделі, тармақталған этикалық мәселелер пайда болды. Олар азаматтардың ақпаратты қабылдау мен таратудағы жауапкершілігімен және

міндетімен байланысты. Осы орайда моральдық жауапкершілікпен қатар ақпараттық қауіпсіздік те өзекті мәселеге айналып отыр. Қазіргі цифрлық әлемде ақпараттық қауіпсіздік тек заңнамалық заңнамалық мәселе ғана емес, тұтас қоғамның тыныс-тіршілігіне әсер ететін әлеуметтік-философиялық беделге ие болды. Ақпараттық қауіпсіздік мәселесі үш тармаққа жіктеледі: субъектінің ақпарат алуға құқығын қамтамасыз ету; ақпарат сапасын сақтау, ақпарат қабылдау мен таратудағы жауапкершілік мәселесі; ақпараттық қатынас субъектілерінің ақпарат ресурстарын қорғау.

Цифрлық қоғамда білім алу мүмкіндіктерінің артуымен жүзеге асатын интеллектуалдық дамумен қатар, жалған ақпарат тарату, ақпараттық кеңістікті бұрмалау сияқты негативті құбылыстар да күшейе түседі. Ақпараттық технологиялардың дамуы және кеңінен қолданылуы ойлау жүйесінің өзгеруіне алып келеді, мәселен, ақпарат беруді формализациялау, стандарттау, алгоритмдер енгізу. Осының нәтижесінде заманауи бұқаралық ақпарат құралдары мен әдістерін пайдалану қоғамға әсер ету, оны билеу құралына айналады. Ақпараттық технологиялар адам санасына манипуляция жүргізудің де әдістерін жасады, осының салдарынан адам болмысты рационалды игеру қабілетінен айырылады. Техногенді өркениеттің дамуы тұлғаның қалыптасуы мен әлеуметтену үдерісіне де өз ықпалын тигізеді [107].

Мәселен, әлеуметтік желілерді қолданушылар көп жағдайда жасырын түрде коммуникацияға түседі, қауіпсіздік шаралары үшін жеке тұлға өзін жасырын қалдырады және көпшілікке ұсынатын ойларын да жасырын түрде жариялайды. Бұған мысал ретінде форумдар мен чаттарды, әлеуметтік желілік байланыстар мен топтарды айтуға болады, ол жерлерде қатысушылардың есімін жасыруы көп кездесетін әрі қалыпты саналатын жағдай. Әлеуметтік желілердегі форумдар мен чаттарда анонимдік аса маңызды болмағанымен, басқа жағдайларда бұл қоғамның ақпараттық ресурстары мен ақпараттық ортасын дамытудағы елеулі негативті құбылыс болып шығады. Қолданушылардың желіде бет-бейнесін жоғалтуы, жасырын қалуы және ақпараттық ресурстардың тегін болуы жеке тұлғаның өз шығармашылығын жұртқа кедергісіз ұсынуы үшін қажет, бірақ бұл мәселелер оған кері ықпалын тигізеді – олар жеке тұлғаның бірегейлігін ғана емес, сонымен қатар оның шығармашылығының рөлін де төмендетеді.

Демек, цифрлық қоғамдағы жауапкершілік, жалпы этика мәселесі жан-жақты, терең зерттеуге түрткі болатын антропологиялық дағдарыс, бірегейлік мәселесі, құндылықтық-рухани трансформация. Ақпараттық, цифрлық технологиялар дәуіріндегі өзекті мәселенің бірі – виртуалды кеңістікті адамға қолайлы ететін этикалық ілім қалыптастыру.

Қазіргі цифрлық кеңістіктің тағы бір мәселесі – ақпараттық ресурстардың шынайылығына күмәндану, құндылығын төмендету, бұл жоғарыда айтылған мәселелердің салдарынан туындап отыр. Бүгінгі жаппай цифрландыру заманында қоғамның мүшесінің іс-әрекетінің тиімділігі оны қоршаған ақпараттық кеңістіктің

қаншалықты шынайы екеніне және ақпаратқа деген сұранысын қаншалықты тез және нәтижелі толықтыра алатынына байланысты. Бірақ бүгінгі қоғамдағы ақпараттық жауапкершілік қажетті деңгейде емес. Ақпараттық кеңістіктің шектеулі болуы дәл осы жағдайға байланысты, яғни ақпаратқа көпшілік үшін қолжетімді болғанымен, қажеттісін табу оңай емес әрі көп жағдайда ақпараттың бұрмалатанын да ескеру керек. Қазіргі адамға өзіне нақты қажетті ақпаратты табу оңай емес, өйткені ол ортақ ақпарат арнасына араласып жатыр, және кейінгі жылдарда бұл ақпарат тасқыны күшейе түсті. Осы ақпарат ішінен өзіне қажетті ақпаратты тауып, бөліп алу – қиын шаруа. Сонымен қатар бұқаралық ақпарат құралдары арқылы таралатын бұрмаланған идеялар мен фактілерді пайдалана отырып, қоғамдық пікір мен сананы негативті өзертуге, билеуге қатысты мәселе де бар. Демек, адам ақпарат жетіспеушілігінен қандай зардап шексе, ақпарат көптігінен, оны таратудағы жауапсыздықтан дәл сондай зардап шегеді, ал өзіне қажетті ақпаратқа талдау жасай білу қасиеті адамның ақпараттық мәдениетінің, цифрлық этикасының маңызды компонентіне айналып отыр[108].

Ақпараттық этика саласындағы маңызды зерттеулерге Лучано Флориди, Рафаэль Капурро, Лукас Интронаның еңбектерін жатқызуға болады.

Компьютерлік этиканы философиялық тұрғыдан алғаш зерттеген Рафаэль Капурро оны ақпараттық этиканың құрамдас бөлігі ретінде қарастырған. Капурроның бұл пікірімен Лучано Флориди келіспейді, оның ойынша, цифрлық технологиялар дәуірінде «ақпараттық этика» мен «компьютерлік этика» бір мағынаға ие ұғымдар.

Лучано Флориди ақпараттық этиканы экологиялық этиканың бір бөлігі деп есептейді. Ақпараттық технологиялар мен ақпараттық жүйелер де құндылықтар жүйесі арқылы қоршаған ортамен байланыста болады. Ол этиканың үш түрін жіктеген: ақпарат қолданысқа түскен кездегі ақпараттық этика (ақпарат ресурс ретінде); ақпарат өнідірілген кездегі ақпараттық этика (ақпарат тауар ретінде); ақпараттық кеңістік сыртқы әсерге ұшыраған кездегі ақпараттық этика (ақпарат нысана ретінде). Флоридидің онтологиялық концепциясы ақпараттық кеңістіктегі әрбір объект үшін ақпараттың құндылығы бар дейді. Сонымен қатар Флориди технологиялар адамдар өмірінің моральдық және әлеуметтік сапасына ықпалы бар екенін көрсетеді.

Рафаэль Капурро ақпараттық технологиялар әлеуметтік өмірдің маңызды құрамдас бөлігі екенін атап көрсетеді. Ол ақпараттық этикаға нақты анықтама беріп, оны цифрлық технологиялардың қоғам мен қоршаған ортаға әсерімен күресу деп тұжырымдаған. Бірақ зерттеушінің пікірінше, ақпараттық этиканы кең мағынасында қарастырғанда, ол цифрлық бұқаралық ақпарат құралдарымен шектелмейді, ақпарат және коммуникациямен байланысты болады. Ақпараттық этиканың негізгі тақырыптары: интеллектуалды меншік, құпиялылық, қауіпсіздік, ақпараттың шамадан тыс болуы, цифрлы алшақтық, дискриминация. Ақпараттық этика қоғамда мәдениаралық диалог орнату үшін қажет .

«Жаһандық және жергілікті деңгейде интернет әлеуметтік коммуникацияның негізгі платформасына айналған. Оған қолжетімділікті негізгі этикалық принцип ретінде қарастырған дұрыс, бұл сөз бостандығы мен баспа бостандығы принциптері іспеттес. Еркін интернет бейбітшілік пен демократияны күшейтуге оң әсерін тигізе алады, сонымен бірге өкінішке орай, манипуляция мен билік жүргізудің құралы ретінде де қолданылуы мүмкін», - дейді зерттеушілер. «Жаһандық және жергілікті деңгейде интернет әлеуметтік коммуникацияның негізгі платформасына айналған. Оған қолжетімділікті негізгі этикалық принцип ретінде қарастырған дұрыс, бұл сөз бостандығы мен баспа бостандығы принциптері іспеттес. Еркін интернет бейбітшілік пен демократияны күшейтуге оң әсерін тигізе алады, сонымен бірге өкінішке орай, манипуляция мен билік жүргізудің құралы ретінде де қолданылуы мүмкін», - дейді зерттеушілер.

Ал Рафаэль Капурроның пікірінше, құпиялылық негізгі мәселе, себебі ол адам тұлғасының басты концепциясымен байланысты: «Біздің-әлемде-басқалармен бірге-болмысымыз негізінен желі-әлемдегі-болмыс. Ақпараттық автономия этикасы білімдермен алмасу этикасының құралы ретінде ойластырылған. Ынтымақтастық принципін автономия принципінен бөлмеу қажет» [109].

Антон Веддер ақпараттық этикаға қатысты жаңа «құпиялылық» категориясын қалыптастыру керек дейді. Жеке ақпаратты қорғаудың нормативті категориясы ретінде ол адамдар туралы жеке ақпаратты қорғау үшін қызмет ету керек, өйткені бұндай ақпарат адамдарға қатысты маңызды шешімдер қабылдау мақсатында қолданылуы мүмкін.

Цифрлық қоғамға тән негізгі рухани-адамгершілік құндылықтарды айқындау және дұрыс тұжырымдау – қазіргі таңдағы ақпараттық қоғам туралы зерттеулердің, этиканың маңызды мәселесі. Ақпараттық этиканы екі көзқарас негізінде зерттеуімізге болады. Біріншісі, ақпараттық кеңістіктегі адамгершілік мәселелеріне байланысты қалыптасқан қолданбалы этика ретінде. Екіншісі, цифрлық технологияларды әлеуметтік-мәдениеттің іргелі құндылығы ретінде айқындайтын болсақ, этика эволюциясының жаңа кезеңі ретінде қарастыру. Жаңа қалыптасып жатқан цифрлық қоғам этикасы, заманауи әлеуметтік мәселелер мен қарама-қайшылықтарға жауап береді және ақпараттық кеңістіктің дұрыс қызмет етуін және адамгершілік қағидаларына қайшы келмеуін қамтамасыз етеді.

Цифрландыру адам өмірінің барлық салаларымен үйлесімді түрде бірігіп, оны жаңа қасиеттермен толықтырды. Бұл, әрине, көптеген қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық, саяси және рухани идеялардың өзгеруіне ықпал етті, адамның өмір салтына сапалы жаңа белгілер енгізеді. Ақпарат ең құнды өнімге және негізгі тауарға айналды десек те, болады. Қазіргі қоғамда интернет, әлеуметтік желілер, жарнама, кино, музыка тұлғаны қалыптастыруда тәрбиелік қызмет атқарады, осылайша «құрамалы мәдениеттің» адамы қалыптасады.

Қоғамды ақпараттандыру жағдайында тұлғаның даму үдерісі келесі ерекшеліктерге ие:

- ақпараттық технологиялардың дамуы мен цифрландыру қоғам мүшелерінің ақпараттық мәдениет деңгейін арттыруды, цифрлық сауаттылығы мен жалпы интеллектуалдық әлеуетінің жоғарылатуды көздейді;

- ақпарат көлемінің көптігі және оған үнемі талдау жасау, синтездеу қажеттілігі жеке тұлғаның белсенділігін, жасампаздық қабілетін арттырады;

- ақпараттық желілер арқылы еркін тарайтын, кей жағдайда жалған ақпарат кең көлемі тұлғаның моральдық жауапкершілігін, құндылықтар жүйесін қалыптастыруды талап етеді.

Қазіргі қоғамда цифрлық, ақпараттық технологиялар өте маңызды рөл атқарады. Цифрлық кеңістікте адамдар білім алады, әлеуметтік міндеттерді атқарады, қызмет істеп, табыс табады. Ақпараттық технологиялардың күнделікті болмыстың маңызды құрамдас бөлігіне айналуымен бірге жаңа әлеуметтік мәселелер туындайды. Нәтижесінде цифрлық технологияларды, ақпараттық кеңістікті дұрыс, жауапкершілікпен қолдану философиялық, этикалық мәселеге айналып отыр [110].

ғана емес, қандай да бір нормативті ережелерге сәйкес өзара әрекет етуші динамикалық агент ретінде де қолданылуы мүмкін. Цифрлық егіз өзінің цифрлық прототипі (Digital Twin Prototype, DTP) мен өзіндік цифрлық нұсқасына (Digital Twin Instance, DTI) ие деп есептеледі. Ақпараттық этика тұрғысынан цифрлық прототип – сыңардың статикалық моделі: өмірдің әртүрлі салаларында және әрекет профильдерінде (білім беру, биомедициналық, құқықтық және тағы басқаларда) оның цифрлық егізінің этикалық моделін сипаттау мен құру үшін қажет және жеткілікті жеке адамның моральдық деректерінің жиынтығы.

Цифрлық дана өз кезегінде – жеке тұлға динамикасындағы, оның мінез-құлықтық реакциясының көптүрлілігі ықтималдылығындағы тұтас ақпараттық көшірме. Цифрлық егіз-субъект профиль жағдайын анықтау үшін ғана емес, сәйкесінше болжамдар құрау үшін де қолданыла отырып, оның орнына кәсіби, ойындық, коммуникациялық және де тағы да басқа өзара әрекеттесту түрлерін орындай келе өзінің түпнұсқасын алмастыруы мүмкін. Мұның барлығы жалпылама алғанда әдеби шығармаларда әсіресе, Федор Достоевскийдің «Двойник» повесінде (бас кейіпкердің сыңары оны ақырындап қызметте, таныс адамдармен қарым-қатынаста алмастырады) сипатталып, талданған егізделіну феноменін еске түсіреді. Егіздің көркемдік бейнесінде автор жасырынып тұр[128].

Цифрлық егіз моделінің астарында ақпараттық коммуникацияның симуляциялық-шығармашылық екпінінде өзінің ақпараттық егіз «кейіпкерін» құрайтын жеке ақпараттық кеңістікті пайдаланушы тұрады. Цифрлық егіздің «жүрегі» үлкен ақпараттар (Big Data) массивіне құрылған жекеленген модель, яғни, адам қандай да бір уақытта сандық әлемге ұсынған барлық ақпараттың (жұмыс үстелінен және әртүрлі интернет-сайттардан гаджеттер мен сенсорлардан бастап, сөйлейтін құрылғылар мен бейнекамераларға дейін) көлемі болып саналады. Оған жеке деректер неғұрлым көп енгізілсе және алгоритм жетілдірілген болса цифрлық егіз соғұрлым ақылға қонымды бола бастайды. Әмбебап алгоритм құрастырып және оларды ақпарат берушілер көмегімен адамның сезім-моторлық жүйесіне жалғай отырып, өзіміз жайлы біздің жақын достарымызға қарағанда көбірек білетін цифрлық егізді алуға болады [128].

Субъектілер өздерінің ұқсастықтары бойынша жасаған және олардың виртуалды көмекшілері ретінде пайдаланылатын егіздер әдетте «жеке цифрлық егіздер» деп аталады. Жеке цифрлық егіздерге жүктелген мәліметтер шынайылықтық операциялық сипатын бейнелейді. Бұлар секілділер психофизикалық шынайылықтың саласындағы операциялық сферасы мен белгілер, тіл және мән-мағына арасындағы аралық кезең болып саналады. Аталған мәліметтердің болуы физикалық әлемге енетін әмбебап құрылымдардағы символдық айырмашылықтарды ендіру үшін негізді дайындайды. Осылайша цифрлық егіздер шынайылықтың жекеленген моделі ретінде жаңа IT этикалық сүйемелдеу құралы бола алады. Олар психофизикалық әлемдегі технологиялық төңкерістер мен олардың құндылықтар, мән-мағына әлеміндегі сынуындағы

арасындағы үздіксіз өзара әрекет ету үдерістерін түсіндіруге ықпал ете отырып кәсіби әрекеттің қандай да бір саласында (мысалы, биомедициналық) отандық жаңашылдықтарды жүзеге асыру әрекетінде кілттік құрал болуы мүмкін. Цифрлық егіз физикалық уақытта және кеңістікте шынайы субъект туралы мәліметтерді жинау үшін (және оларды этикалық поляризацияланған түрде үлкен деректер (Big Data) ақпараттық банкіне береді) ақпараттық байланыстырушы құралдарды қолдана отырып физикалық және виртуалды әлемдер арасындағы аралықта әрекет етеді.

Фридрих Ницшенің белгілі сөзіне өзгеріс енгізіп айтатын болса, сандық егіз адам мен астам адам арасындағы жалғаушы көпір бар, өйткені ол адамның оның адамнан тыс, трансгуманистік қасиеттерінің толықтығыныңдағы ақпараттық көшірмесіне алып келеді. Сонымен қатар ең болжанбайтын құндылық – «Құдайдың бейнесі мен ұқсастығы бойынша» адамды құру теологемасынан басқа модельдеу аналогтары жоқ цифрлық егіздердің еркіндігі.

Цифрлық философияның шектік мәселесі – кәсіби цифрлық егіз адамды өмірдің экзистенциалды жағдаяттары мен өлімде, жақсылық пен жамандық арасындағы таңдауда алмастыруға қабілетті ме дегенге саяды.

Компьютерлік ғылым және инженерия Вашингтон университетінің профессоры, «Басты алгоритм» белгілі кітабының авторы Педро Домингос тұжырымдауынша, егер біз әрқайсысымызда бар деректердің үлкен массивін қолдана отырып, әмбебап алгоритм құратын болсақ, жасанды интеллект жүйелері негізінен кез-келген адамның өте дәл және егжей-тегжейлі модельдерін құра алады және олардың талғамдары мен әдеттерін, әлсіз және күшті жақтарын; оған жақын адамдар мен жануарлардың мінез-құлқын және басқа да жағдайларды, тұлғалық сипаттамаларын, қалауларын, құндылықтарын есте сақтауға қабілетті сипаттай алады.

Негізінен, мұндай модельдер қандай да бір жағдайда (мұндай моральдық таңдауға қарағанда тұрмыстық таңдау басымырақ) біздің қайсысын таңдайтынымызды болжамдай алады. Тұрмыстық тұрғыдан қарағанда біздің сандық егізіміз бізді виртуалды өзара әрекет етудің барлық түрлерінде алмастыруы мүмкін еді. Бұл бізді өмірде ығыстырып тастайды деген ұғым емес, дегенмен де өзіңіздің қауыр жұмыс үстінде бос болмағаныңызда немесе біліміңіз, қырағылығыңыз жетіспеген сәттерде ол сіз үшін шешім қабылдау мүмкін деген түсінікке саяды. Ол сізді көбірек қызықтыратын Amazonдағы қол жетімді барлық кітаптарды оқып беруі және ұсынуы да мүмкін [129].

Жоғарыда аталып өткен үдерістерді есепке ала отырып, цифрлық көшірмелер сіз үшін қандай да бір жұмысты орындап және біз жайлы білімдер жинағын қолдану арқылы бізді өзіне бағындыруы немес алмастыру қаупі бар ма деп қауіптенген жөн бе? Педро Домингостың болжамынша ол мүмкін емес, себебі олар өзіндік ерікке ие емес. Негізінде барлық жасанды интеллект алгоритмдері біздің оларға берген мәліметтерімізді басшылыққа алады; мысалы, егер біз сондай мақсат қойсақ, қонақ

үйден әуежайға дейінгі қысқа жолды қиындықсыз тауып береді. Жоғары деңгейдегі алгоритмдердің қалыптылардан айырмашылығы – шешімдерді қабылдауға, оңтайлы жолды іздеуге жетік, ал қалыпты алгоритмдер адамның алдын-ала қойған нақты реттегі әрекеттерін ғана орындайды.

Осылайша жасанды интеллект ерік-жігер еркіндігі қажет етілмейтін қиындатылған міндеттерді шешуге мүмкіндік береді. Оның адамдар үшін қарсы тұруға қабілетті болуы «егер біздің қолымыз өзімізді ұрса (кейде ерекше жайттарда олай да болуы ғажап емес)» деген секілді мүмкін емес. Бірақ негізінен жеке цифрлық егіз (жеке тұлғаның виртуалды көмекшісі) барлық технологиялар секілді тек қана біздің өзіндік мүмкіндіктерімізді кеңейтетінін негіздеген жөн. Домингос адамның цифрлық егізінің жетілуінің болашағын болжай кел, алдағы онжылдықта біздің әрқайсысымызда заманауи смартфонға қарағанда айтарлықтай пайдалы, өзінің цифрлық егізі, «жасандық интеллект серігі» болуы мүмкін деп есептейді. Бұл егіз сіздің қалтаңызда немесе жақын маңда болмауы тиіс. Қазіргі таңда көптеген мәліметтерімізді сақтаушы әрекеті орындалып жүрген «бұлтта» (облако) «өмір сүруі» әбден мүмкін. Оның келешектегі бейнесі ретінде Siri, Alexa және Google Assistant секіді виртуалды көмекшілер қызмет етеді деп болжануда. Домингостың тұжырымдауынша: «жеке тұлға ретіндегі біздің басты міндетіміз – өзіміздің цифрлық егізімізге бейімделіп, оған тым сеніп кетпеуімізде».

Цифрлық егіздің этикалық сәйкестендірілуі туралы айтсақ, цифрлық әлем адамнан ақпараттық өзін-өзі сәйкестендіруді, олармен қойылған жеке мәліметтердің сәйкес, адекватты болуын талап етеді. Адам өзінің қалаулары, қызығушылықтары мен құндылықтық бағдарлары туралы сенімді ақпараттарды хабарлай отырып қана өзінің адекватты «шынайы» егізін құрастыруға ықпал етуі мүмкін. Бірақ ол желіге нақтыланбағн ақпараттарды қою арқылы «ойдан шығарылған» немесе «жалған» егізін құра алады. Осыған байланысты электронды көлеңкелердің барлық жиынтығы болып саналатын адамның электрондық профилі кем дегенде үшке бөлінеді: ойдан шығарылған, нақты және жалған. Барлығы да жеке тұлғаның құндылықтық бағдарының алгоритміне тікелей тәуелді. Бұл алгоритм физикалық шынайылықтың ақпараттық прототипіне теңбе-тең болған сайын соғұрлым ол өзінің цифрлық егізінің шынайы болуына (өлімнен кейін ойдан шығарылмаған, құрастырылмаған) қол жеткізе алады. Ең бастысы – өзіңнің цифрлық егізінді ойдан шығарылған контенттердің зұлымдығымен, маргиналдылығымен шамадан тыс жүктемеу, себебі олар өзінің түпнұсқасының (физикалық тасымалдаушысының) «жанының» этикалық сәйкестігін көрсетуі керек егіздің цифрлық «қайта тірілуіне» шектеу қоя алады [130].

Цифрлық әлемде жақсы да жаман да емес, өзіңнің бар болмысында қалып, өз бетінше болып қалу өте маңызды, болмаса барлық «жақсылық» пен «зұлымдық», соңында оның біртұтас семиотикалық моделі пайда болған кезде жалған ақпараттық қабық ретінде цифрлық егіздің өзегінен жылжиды. Әдеттегідей, цифрлық егіздер өзінің түпнұсқасына қарағанда ұзағырақ өмір сүреді. Ара тұсында

цифрлық егіздің түпнұсқасынан бұрын «өлетін» (жоғалып кетеді, танымастай бұрмаланады) де жайттары болады. Бұл тұрмыстың цифрлық және физикалық әмбебаптығының инверсиясымен тығыз байланысты.

Физикалық әлемде әмбебап этиканың белгілі бір минимумын анықтайтын заңдар бар. Олардың тізбегіне адамгершілік ережелерін, киелі кітап өсиеттерін, зұлымдыққа қойылған шектеу көне шығыстық тізімдерін (Месопотамияның құрбан шалу рәсімдері, Египеттің өлгендер кітабының 125 тарауы және тағы сол сияқты) жатқыза аламыз. Десек те, цифрлық кеңістікте өзге заңдар әрекет етеді. Мұнда физикалық әлемде мүмкін емес дүниелер құпталуы ғажап емес, мысалы, профайлинг – үлкен деректерге (Big Data) талдау жасау негізінде жеке тұлғаны сараптамалық бағалау және оның мінез-құлқын болжау арқылы профильдеу. Бұл жеке құпиялылықты, өз-өзін идентификациялауды жоғалтуға, субъектінің өмір сүру дұрыстығын сезінуіне байланысты тәуекелдерге әкеліп соқтырады да, дәстүрлі этикалық нормалар, салттар мен рұқсат етілген әрекеттердің өзгерісіне алып келеді.

Атап айтқанда, адамгершіліктің алтын қағидасы цифрлық әлемде мына сипаттағы қайта өзгеріске ұшырауы мүмкін: «Цифрлық егізіңе өзгелер сенің цифрлық егізіңе қалай қарағанын қалағаның секілді, өзгеге қарағандай көзқараста бол». Сонымен қатар осы ережені басшылыққа алатын нақты адамдар өмірде бір-біріне қатысты анонимді бола отырып, мүлдем басқа принциптерді ұстанатын болуы да мүмкін екендігін негіздейміз. Ақпараттық этиканың айтарлықтай маңызды императивтері ақпараттық кеңістікте өзіндік сынуды алатын «ұрлама» және «өтірік айтпа» деген секілді өсиеттерге негізделген ұстанымдар болып саналады. Мұнда олар «өзгенің ақпаратына қол сұқпа» деген мен «өзіңнің ақпаратыңды бұрмалама» дегенді білдіреді. Анықталған екі норма өзінің жиынтығында сандық егіздің қажетті минимум бірегейлігін анықтайды. Мәселе ақпараттық әлемде цифрлық егізді тікелей өлтіру мүмкін еместігінде. Сондықтан да «өлтірме» деген өсиет сөз мұнда тікелей шектеу форматында әсер етпейді. Алайда ұрлық жасау мен жалған сөйлеу (өзінің де өзгенің де ақпаратын бұрмалау) цифрлық егіздің өліміне алып келуі мүмкін. Парадокстың мәні мынада: цифрлық егіз тірі адамнан аман қалуы мүмкін, бірақ ол өзі өлуі мүмкін, егер ол ұрланған және бұрмаланған болса, тірі субъектіде «өлтірілуі» мүмкін. «Квази ақпарат таксономиясының», яғни, оның сандық әлемдегі бұрмалануы мен өңін өзгертуінің бір нұсқасын қарастырайық:

- жалған мәлімет: ақпарат алушыларды адастыру мақсатында қасақана мәліметтерді ұсыну. Жалған мәліметтің негізгі төрт түрін бөліп көрсетіледі: өтірік айту, визуалды жалған мәлімет, шынайы кері ақпараттандыру және жалған мәліметтің жанама әсері;

- мизинформация (misinformation): анықталмаған және қате ақпаратты ұсыну. Анықталмаған ақпарат (мизинформация) ол сақтанбағанның, өзіндік қателіктің, алдын-ала жоспарланған алдау әрекетінің, бейсаналық бейімділік (жалған мәлімет жағдайындағыдай) нәтижесі болатынына қарамастан, адамдарды адасуға әкеліп

соқтыруы мүмкін. Басқаша айтқанда, жалған ақпарат пен анықталмаған ақпарат арасындағы айырмашылық – алдау әрекетінің алдын-ала ұйымдастырылғандығында;

- жеткіліксіз ақпарат: шешімдер қабылдау мен фактілерді ұғыну үшін қажетті немесе анық болуы қажет ақпараттың қосылмай қалуы. Оның болмауы сақтықтың жоқтығынан, құзыреттіліктің төмендігінен немесе адастыруға соқтырғысы келген кездерден көрінеді;

- ақпараттық өзін-өзі алдау немесе арам ниеттілік – адамның сенбейтін дүниесіне сенім білдіруі (Жан-Поль Сартр). Өзін-өзі алдаудың екі типін бөліп көрсетеді – дәлелді (жеке пайдасы үшін ақпаратты тықпалау) және дәлелсіз (өзінің көзқарастарын негіздеп, соған сендіру);

- бұрмаланған (фейк) ақпарат – қандай да бір пайда алу үшін, адасуға соқтыру мақсатында жалған ақпаратты қасақана тарату;

- доксинг (doxing) – адам немесе ұйым туралы құпия ақпаратты олардың келісімінсіз жариялау [131].

Ақпаратты бұрмалаудың бұл түрлері цифрлық бірегейлікті жоғалтуға, басым профильдің бұрмалануына, тіпті цифрлық егіздің өліміне (жадтан өшуге, ақпараттық кеңістіктен жоғалуға) алып келуі мүмкін. Осылайша цифрлық өмірдің ең жоғары құндылығы – цифрлық егіздің жартылай өлімі қаупі төнеді.

Цифрлық танатология мәселесіне тоқталайық. Цифрлық егіздің өлімнен кейінгісі: «цифрлық қалдықтарға» құқығы және ақпараттық-қабірлік өмір (DAI) индустриясын моральдық реттеуі. Онлайн-технологиялар көптеген деректерге интернеттегі нақты (тірі) медиадан аман қалуға мүмкіндік береді, бұл өлгеннен кейін қатысудың жаңа формаларына алып келеді. Бұл біздің жерлеу рәсімінің дәстүрлі этикалық діни нормалары мен этикеті жайлы түсініктерімізді түбегейлі өзгертуге қабілетті. Мысалы, Facebookтегі есте сақтау мүмкіндігі біртіндеп аза тұтудың әдеттегі тәжірибесіне айналуға. Нәтижесінде онлайн-мәйіттер мен олардың «цифрлық қалдықтарының» болуымен байланысты этикалық құқықтық қақтығыс туындайды., олар өз пайдаланушыларынан асып түсетін және желіде, атап айтқанда, әртүрлі компьютерлік ойындар мен Мета-реалистік жобаларда жұмысын жалғастыратын жеке цифрлық егіздерді құруды және оларға қызмет көрсетуді ұсынатын фирмалар пайда болуда. Бұл «ана дүниедегі өлім индустриясы» (Digital Afterlife Industry – DAI) мен сандық өлімнен кейінгі өмір пайда болуына алып келеді, ол сандық қалдықтарды «өндіруді» максималды арттыруға деген қызығушылықты туындатады. Карл Охман атап өткендей, о дүниедегі цифрлық индустрия қызмет көрсетудің төрт түрін болжайды:

- 1) ресми емес ақпараттарды басқару бойынша қызметтер;
- 2) өлім алдындағы хабарламаларға қызметке көрсету бойынша қызметтер;
- 3) онлайн мемориалдық қызметтер;
- 4) жеке аккаунтты қайта қалпына келтіру бойынша қызметтер.

Бұл DAI және оның жағымсыз этикалық салдарын сыни тұрғыдан зерттеуді талап етеді. Жаһандық ақпараттық ортада коммерциялық мақсаттағы сандық қалдықтарды этикалық реттеуді қамтамасыз етуші нормативті базаны құру үшін бастапқы алғашқы қадамдар жасалынууда. Мұндай сипаттағы бастамалардың бірі – Оксфорд интернет-институтының (ОИ) зерттеуі, олар сандық қалдықтарды басқарудың реттеуші принциптерін іздестіруде. Зерттеу жобасы «Адамзат мінез-құлқының табиғаты» журналында жарияланды, ондағы мақала атауы «О дүниенің цифрлық индустриясына арналған этикалық шеңбер». Зерттеу интернеттегі қалдықтарды адам денесінің кеңеюі ретінде қарастыру керек және оларды коммерциялық пайда табу үшін манипуляциялаудың орнына тірі дене сияқты қамқорлық пен құрметпен қарау керек деген алғышарттан туындайды. Моралдық реттеудің нақты жағдайы ретінде бұл салада цифрлық қалдықтарды «өлгендердің ақпараттық мәйіттері» ретінде қарастыруды және ажырамас құндылық ретінде қарастыруды талап ететін, «олардың бұзылмайтын адамдық қадір-қасиетіне» сай қарау керек екені баса айтылатын «Мұражайлардың халықаралық кеңесінің кәсіби этика кодексін» (ICOM) қарастыруға болады. Сондықтан ешқандай да коммерциялық есеп қолданылмауы қажет. Құжаттағы реттеу жүйесі жайлы ұсыныстарда сандық қалдықтарға қызмет көрсетуі мүмкін төрт орган көрсетілген:

- 1) ақпаратты басқару қызметі,
- 2) хабарлама алмасудың өлімнен кейінгі қызметі,
- 3) онлайн мемориалдық қызметтер,
- 4) қайта келтіру қызметі (мұнда өлген адамның онлайн мінез-құлқын көрсетуші жаңа хабарламаларды құру үшін адамның цифрлық қолтаңбасы қолданылады).

Осыған сәйкес, коммерциялық фирмалар тұтынушылар үшін олардың өлімі жағдайында өздері жайлы мәліметтің қалай қолданылатынын немесе көрінетінін толық ақпараттандыруды кепіл етуі қажет. Америкалық биоархеолог Присцилла Ульгуим өзінің мақаласында «цифрлық қалдықтар қоғамдық игілік ретінде: өлгендермен онлайн алмасу және біздің болашақ мәйітхананың цифрлық пейзажы «адамзаттың» цифрлық форматта «туылған жазбаларын өлімді және еске алуды білдіретін жалпыға ортақ «мәйітхананың цифрлық пейзаждары» ретінде қарастыру керек деген ерекше ойды білдіреді». Бұл кеңістіктегі цифрлық мәліметтерді талдау үшін әлеует өлмеуге жақын көрініске әкелуі мүмкін, ол жасанды интеллект мәйіттердің мәліметі үшін қолданылған сәтте орын алады [132].

Талданған әрекеттер адамның болашақ цифрлық өмірін «мнемоникалық кеңістік археологиясы» ретінде қарастырушы «өлгендер археологиясының сандық этикасын» зерттеу қажеттілігіне итермелейді. Мұның барлығы біздің шынайы өмірдің голографиялық жіне матрицалық, сандық моделімен салыстыруда тұрмыстың шынайылығы мен түпнұсқалылығы жайлы өлшемдердің мәселесін көтереді. Цифрлық егіздің туындауы көп жағдайда біздің қазіргі бар дүние туралы түсінігімізді түбегейлі өзгертеді. Дмитрий Чижевский қырағылықпен байқағандай:

егіздің пайда болуы адам алдында оның шынайы өмір сүруінің нақтылығы жайлы сұрақты қояды. Жәй ғана «өмір сүру», «болу» адам тұрмысының этикалық субъект ретіндегі қажетті, қалыпты шарты емес екен. Жеке адамның этикалық тұрмысының онтологиялық мықтылығы, орнықтылығы мәселесі – өзге де көптеген өмір сүрулерден қарағанда адами өмір сүру ерекшелігі мәселесі дәл осы екен.

Тараушада баяндалған ойларымызды қорытындыласақ, қазіргі технологиялық жағдайдағы гуманизмнің жаңартылған міндеттері құрылымдық дегуманизацияның қандай да бір түрін білдіреді деп айтуға болады, ол адамның техникалық және цифрлық толықтыруларымен және оның түр ретіндегі ерекшелігін алып тастайтын кеңейтулермен немесе адамның ғарыштағы орнын түсінудегі осындай өзгерістермен байланысты, оның рөлі, мақсаты, жауапкершілігі, игілігі және тағы басқалар туралы мәселені жоққа шығаратын адамға тән емес объектілермен байланысты. Адам өз болмысынан айырылып, табиғи және жасанды кеңістікте сіңіп кеткенге дейін өрістеуінің шектен шығуы классикалық гуманизм негіздерін тікелей немесе жасырын теріске шығаруға және дегуманизацияға бағытталған. Осыған байланысты жеделдетілген технологиялық даму мен цифрландырудың жаңа жағдайында гуманистік көзқарасты қайта қарастыру мәселесі туындайды. Бұл ең алдымен, адам өмірінің әлеуметтік және мәдени-моральдық, рухани аспектілерін дамытумен, физикалық, психологиялық, интеллектуалдық мүмкіндіктерді ғана емес, сонымен бірге экзистенциалды тәжірибелер мен мәндердің тереңдігін жетілдірумен байланысты болуы мүмкін сияқты көрінеді. Ең маңыздылары – өркениет тарихында қалыптасқан және әлеуметтік негіздерін қалыптастыруды жалғастыратын еркіндік, парыз пен жауапкершілік мәдениеттері. Цифрлық даму дегуманизацияның жаңа толқуларын талдау үшін әлеуметтанудағы «гуманистік бұрылыс» әдіснамасын қолдануға болады, бұл әлеуметтік нақты ортаның күрделенуіне, қоғам мен табиғаттың өзара әреулеттесуінің жаңа түрлерінің қалыптасуына, ғылым мен техниканың жаңа рөлдеріне байланысты гуманизмнің жаңа қарама-қайшылықтарын анықтауды қамтиды. Адам өмірінің экзистенциалды, әлеуметтік және мәдени тараптарын есепке алу ғана қоғам дамуының жаңа деңгейінде қазіргі өркениеттің гуманистік мәнін сақтай алады.

2.1 Қазақстандық цифрлық қоғамдағы жауапкершілік мәдениетін қазақ халқының ұлттық құндылықтары негізінде дамыту

Біріккен Ұлттар ұйымының шешімімен «XXI ғасыр – ақпараттандыру ғасыры» деп аталды. Қазақстан Республикасы да ғылыми-техникалық прогрестің негізгі белгісі – қоғамды ақпараттандыру болатын жаңа кезеңге енді.

Компьютерлік жүйенің аса үлкен жылдамдықпен дамуы XXI ғасырдағы ақпарат құралдарынан мүлде өзгеше цифрлық технологияға көшкен, жаңа құралға негізделген жаһандану заманының ақпараттық кеңістігін құрып отыр. Бүгінде Интернетте кең масштабтағы ақпараттық базасы бар, дауыс-дыбысымен сақталған,

кері байланыс орнатылған мультимедианың барлық сипатын өн бойына сіңірген «онлайн-газеттер» мен «онлайн-журналдар» пайда болды. Зерттеушілердің болжауларына, компьютерлік ақпараттық қатынас жүйесінің көмегі арқылы мерзімді баспасөз, радио, телевизия үшеуінің өзара бірігіп, бір-біріне сіңісу үрдісі жүретін болады.

XXI ғасырда Қазақстанда жаңа басқару мәдениеті қалыптасуда. Оның негізгі мәні: ақпарат, білім, ғылыми жобалау, әлеуметтік модельдеу. Осының арқасында медиамәдениет қоғам мен мемлекет, индивид пен билік арасындағы делдал қызметін атқаруда. Тәуелсіз ел ретінде әлемдік ақпарат кеңістігіне енген қазіргі таңда жалпы бұқаралық ақпарат құралдарына деген теориялық және практикалық көзқарас өзгерді.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін алып, дүниежүзілік адамзат көшіне жеке мемлекет ретінде қосылған бүгінгі күні халқымыздың әлеуметтік-саяси, экономикалық және мәдени өмірінде бұқаралық ақпарат құралдарының алар орны, атқарар қызметі өте салмақты болып отыр. Қазір қоғамдық санаға ықпал ететін, бұқараны ортақ мақсатқа жұмылдыратын бірден-бір күш, бұқаралық ақпарат құралдарының басты тетіктерінің бірі – ақпарат құралдары арқылы басқару, себебі бүгінгі демократиялық елімізде баспасөздің қоғамдағы рөлі елеулі өзгеріске ұшырады. Ол насихатшы ғана емес, сонымен бірге қоғамдық ой-санамыздың сараптаушысы және қоғамдық ой-пікірді қалыптастырушы болып отыр. Сондай-ақ, баспасөз саласында бәсекелестік пайда болып, мемлекеттік емес газет-журналдар да жарық көруде.

Қазіргі кезде Қазақстан қоғамның барлық саласында ақпараттандыру үдерісі қызу жүруде, оның ішінде саясат саласында да жаңа ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдана отырып, мемлекеттік қызмет пен әкімшілік-басқару істерін әлемдік стандарттарға сай модернизациялауға барынша күш салынып жатыр. Осыған байланысты Қазақстанның саяси жаңғыруындағы аса маңызды факторлардың бірі – ақпараттық басқарудың қалыптасуы мен дамуы болып саналады. Батыстық мәдениет тасқынын тоқтатып, оған қарсы тұрудың бірден-бір жолы – ұлттық сананы көтеру, халқымыздың ғасырлардан келе жатқан мұраларын, ұлттық құндылықтарын барынша ұтымды пайдалана біліп, халық санасына жеткізе білу. Осы орайда еліміздегі бұқаралық ақпарат құралдарына үлкен жауапкершілік пен міндет жүктелуде. Олай дейтініміз, бұқаралық ақпарат құралдары қоғамдық пікірді тудырып қана қоймай, ақпараттық кеңістігімізді қорғап, қоғам санасын қалыптастырушы құрал ретінде өмірдегі барлық жақсылық пен жамандықты алдымен байқап, насихаттауы, түсіндіруі тиіс.

Ал ақпараттық ғасырға аяқ басқан тәуелсіз Қазақстанның әлемдік үрдістен кенже қалмауы мен технологиялық, мәдениеттік, өркениеттік сапасын арттырудың бір бағыты – саяси жүйені заман талабына сай жаңғыртып, ақпараттық басқаруды қалыптастыру мен дамыту екені анық. Осының барлығы Қазақстан қоғамы үшін

маңызды саяси міндеттерге, стратегиялық құжаттарға ұласып жатқан маңыздылығын көрсетеді.

Жалпы алғанда, Қазақстан Республикасының ақпараттық технологияларды мемлекеттік жүйеге ендіру, сәйкестендіру жұмыстары осыдан он жыл бұрын-ақ нәтижелі бастау алғанын айтып өткен жөн. Осы он жылдың ішінде Қазақстандағы цифрландыру жүйесі едәуір өскенін байқауға болады. Мәселен, қазіргі таңда eGov системасы электронды жүйеге ауысты. Қазақстанда онлайн сауда нарығы дамып келеді. Қазақстан халқының басым бөлігі цифрлы сауатты. Үйден немесе кеңседен шықпай-ақ (мысалы, Каспи қосымшасы арқылы) түрлі операцияларды жасай алады. Бұрын кезекте ұзақ тұрып, қыруар уақытты сарп етіп, арнайы мекемеге бару керек болса, қазір Қазақстан халқы төлемді де, оның ішінде салық, айыппұл төлеу, коммуналды қызметтерді жасау секілді тағы да басқа түрлі операцияларды орындай алады.

Цифрлық технологияларды қолдануды өркендету Қазақстан үшін өте маңызды екенін, әлем елдері осы бағытты ұстану жолына түскенін үкіметіміз дер кезінде түсінгенін атап өткен дұрыс. Цифрлық технологияны қолдану жаңа индустрияларды өркендететініне, онлайн-сауда, мобильді банкинг, цифрлық қызмет көрсету денсаулық сақтау, білім беру ісінде кеңінен қолданылса, экономикамыздың құрылым өзгеріп, дәстүрлі салаларға жаңа сапа дарытаты айқын болды. Нәтижесінде 2017 жылдың 12 желтоқсанында «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы қабылданды[133].

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының мақсаттары – орта мерзімді перспективада Қазақстан Республикасы экономикасының даму қарқынын жеделдету және цифрлық технологияларды пайдалану есебінен халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, сондай-ақ ұзақ мерзімді перспективада Қазақстанның экономикасын болашақтың цифрлық экономикасын құруды қамтамасыз ететін түбегейлі жаңа даму траекториясына көшіруге жағдай жасау.

Осы мақсатқа қол жеткізу дамудың екі бағыты бойынша жүруді білдіреді:

«Қазіргі экономиканы цифрландыру» – нақты сектордағы нақты жобалардан тұратын прагматикалық бастауды қамтамасыз ету, экономиканың қазіргі салаларын, мемлекеттік құрылымдарды цифрландыру және оларды технологиялық қайта жабдықтау жобаларын іске қосу және цифрлық инфрақұрылымды дамыту;

«Болашақтың цифрлық индустриясын құру» – адами капиталды дамыту деңгейін көтеру, инновациялық даму институттарын құру және жалпы алғанда, цифрлық экожүйені қарқынды дамыту есебінен ұзақ мерзімді орнықтылықты қамтамасыз ету, елдің цифрлық трансформациялауды іске қосу[134].

2018-2022 жылдар кезеңінде іске асырылады деп жоспарланған және негізінен алғанда табысты жүзеге асқан бұл бағдарлама еліміздің флагмандық салаларын технологиялық жаңғыртуға қосымша серпін беруді қамтамасыз етеді және еңбек өнімділігінің ауқымды және ұзақ мерзімді өсуіне жағдай жасады.

Бағдарламаны іске асырудың бес негізгі бағыты:

«Экономика салаларын цифрландыру» – еңбек өнімділігін арттыруға және капиталдандырудың өсуіне алып келетін озық технологиялар мен мүмкіндіктерді пайдалана отырып, Қазақстан Республикасы экономикасының дәстүрлі салаларын түрлендіру бағыты;

«Цифрлық мемлекетке көшу» – қажеттіліктерді күні бұрын біліп, халық пен бизнеске қызмет көрсету инфрақұрылымы ретінде мемлекеттің функцияларын түрлендіру бағыты;

«Цифрлық Жібек жолын іске асыру» – ішкі контур үшін де, Қазақстан Республикасының транзиттік әлеуетін іске асыру үшін деректерді берудің, сақтаудың және өңдеудің жылдамдығы жоғары және қорғалған инфрақұрылымын дамыту бағыты;

«Адами капиталды дамыту» – жаңа жағдайға, яғни білім экономикасына көшуді қамтамасыз ету үшін креативті қоғам деп аталатынды құруды қамтитын түрлендіру бағыты;

«Инновациялық экожүйені құру» – бизнес, ғылыми сала және мемлекет арасындағы орнықты көлденең байланыстармен технологиялық кәсіпкерлік пен инновацияны дамыту үшін жағдай жасау бағыты. Мемлекет инновацияларды өндіріске шығаруға, бейімдеуге және енгізуге қабілетті экожүйе катализаторы ретінде әрекет етеді.

2024 жыл тұрғысынан қарастырсақ, қоғам өмірінің барлық салаларын цифрландыру міндеті елімізде табысты жүзеге асты деуге болады және бұл көрсеткіш бойынша Қазақстан әлемнің алдыңғы қатарлы цифрлық мемлекеттерінің қатарында деп сенімді түрде тұжырымдай аламыз.

Қазіргі Қазақстанда цифрландыруды жүзеге асырудың оң нәтижелері туралы айтсақ: цифрлық технологиялар өмірдің ажырамас бөлігіне айналды. Олар білім беруде, медицинада, қаржы секторында, мемлекеттік және аймақтық басқару органдарында, өндірісте, азаматтардың күнделікті өмірінде белсенді түрде қолданылады.

Сонымен қатар цифрландыру әртүрлі салаларға цифрлық технологияларды кеңінен енгізумен шектелмейді. Кеңірек мағынасында цифрландыру – ақпаратты цифрлық түрге айналдыруға негізделген және экономиканың тиімділігін арттыруға және өмір сүру сапасын жақсартуға әкелетін экономика мен қоғам дамуының қазіргі заманауи әлемдік тренд. Яғни, цифрландыру қазіргі уақытта әлемдік әлеуметтік даму мен өмір сапасын жақсартудың қозғалтқышы ретінде бағаланады. Осы тұрғыдан қарастырғанда, цифрландырудың Қазақстандағы оң салдарлары ретінде мына құбылыстарды атауға болады:

- цифрлық технологияларды қолдану арқылы қоғам жаңа экономикалық және әлеуметтік жетістіктерге жетті;
- жеке адамдар мен әлеуметтік топтардың ақпараттық қажеттіліктерінің деңгейі артты;
- базалық және жаңадан пайда болған қажеттіліктерді қанағаттандыру

арқылы қоғамдық өмір сапасы артты;

- халықтың дәстүрлі ақпараттық мәдениеті қалыптасты және біршама жетілді;
- кәсіптегі белсенділіктің жаңа формаларының пайда болды, бұл бәсекеге қабілеттілікке және ұлттық байлықтың артуына әкелді;
- қоғамдық еңбек интеллектуалданып, оның өнімділігі артты;
- өндірісте ғана емес, күнделікті өмірде де жасанды интеллекттің

маңыздылығы, үлесі артты және адамды алмастыратын басқару жүйелері пайда болды;

- қоғамда байланыстар шеңберін шексіз кеңейтетін бірыңғай ақпараттық кеңістік үстемдігі және желілік коммуникация үстемдігі орнады, цифрлық технологиялар коммуникациядағы кеңістіктік-уақыттық шектеулерді жойып, іс жүзінде оның барлық элементтері бір-бірімен байланысқан, біртұтас коммуникациялық орта, біртұтас әлеуметтік организм қалыптастырды;

– әрбір азамат мемлекеттік құпия емес және ұлттық қауіпсіздікке қауіп төндірмейтін ақпаратқа еркін қол жеткізе алады[135].

Яғни, елімізде цифрландыру жергілікті міндеттерді шешетін құралдан бастап, стратегиялық жоспарлау, инновациялық даму, жаңа өнімдер жасау, инвестициялау басымдықтарын таңдау немесе ғылыми ізденістер жүргізу кезінде шешімдер қабылдауды қолдау жүйесіне айналды дей аламыз. Белгілі бір мағынада цифрландыру үдерістері цифрлық трансформацияға әкелді деуге болады, ол цифрлық және физикалық әлемдерді біріктіретін, түбегейлі жаңа нәтижелерге қол жеткізуге әкелетін жаңа бизнес-модельдерді, экономикалық нысандарды қолдануға, құралдарды цифрлық платформаларға, ал жеткізушілер мен тұтынушыларды экожүйелерге біріктіруге қол жеткізді. Алайда жаңа цифрлық технологиялар мемлекет пен адамдардың өмірін түбегейлі өзгертетіні қазіргі таңда айқын байқалып отыр. Әрине, олар адамның өмірін басқаша етті, оған өз қабілеттерін тереңірек және толығырақ ашуға мүмкіндіктер берді, бірақ оның жеке, тұлғалық қасиеттерінің ғана емес, бүкіл қоғамның болмысының өзгеруіне әкеледі.

Отандық философияның көрнекті өкілі Тұрсын Ғабитов өзінің «Қазақ этикасының теориясы мен тарихы» атты еңбегінде қазіргі заманғы ғаламдану мен постиндустриалдық өркениеттің жалпы қоғам мен жеке тұлғаның дамуына тигізетін теріс әсерлерін жан-жақты ашып көрсетіп, мәдениет, құндылықтар мен моральдың индивидуалдануы, азшылықтың рөлінің артуы, еркіндік пен теңдік арасындағы дисгармония, тарихи-мәдени жадынан айрылған зомби адам, рестратификация және десоциализация, қазақ этнотипінің өзгеру, еңбек этикасының құнсыздануы, ұлттық ділдегі рулық бастамалардың қоғам дамуын тежеуші ретінде қарастырылуы, ана тіліміздің рөлінің төмендеуі және тағы басқа жағымсыз құбылыстардың себептерін философиялық-этикалық тұрғыдан жан-жақты сипаттап, «Рухы биік, намысы мықты ұлт қана тілін, мәдениетін, дәстүрін дамыта алады. Ал рухы төмен халық тілінен айрылып, тобырға айналады да, өзінен күшті басқа халықтың құрамына сіңіп кетеді» деп, дұрыс қорытындылайды[136].

Сондықтан да Қазақстандағы цифрлық қоғам, цифрлық тұлға мәдениетінің қалыптасуы мен дамуы әртүрлі аспектілерге назар аударуды талап ететін маңызды міндет болып саналады. Ең алдымен, цифрлық қоғам жағдайында қоғам мен тұлға болмысының елеулі өзгеріске ұшырайтынын еске сақтауымыз керек. Бірнеше маңызды сәттерге тоқталып кетейік. Бірінші тарауда атап өткеніміздей, қазіргі адамның еркіндігі мен жауапкершілігі арасындағы тепе-теңдік бұзылып, олардың арасы алшақтай түсті, еркіндік көбейіп, жауапкершілік төмендеді. Тұлғаны анықтаушы қасиеттердің арасында маңызды орын алатын жауапкершіліктің құнсыздануы жеке тұлғаны да, тұтас қоғамды да аздыратынын ұмытпауымыз қажет.

Осы тұрғыдан алғанда, цифрлық қоғамда өмір сүріп отырған жас буынды қазақ халқының ұлттық құндылықтарының негізінде тәрбиелеу бірден бір дұрыс идеологиялық және әдістемелік ұстаным болуы тиіс деп ойлаймыз. Цифрлық қоғамда өмір сүріп отырған тұлға өзінің ақиқат субъектілігін, ақиқат «Менін» көрсету қабілетін жоғалтты, оны цифрлану жойды. Сонымен қатар цифрлық тұтынушы өзінің цифрлық, жалған, өзінің ақиқат «Меніне» ұқсамайтын нұсқасын құрастыру мүмкіндігіне де ие болды. Яғни, цифрлық қоғамда субъектіліктің мүлдем жаңа, субъектіліктің классикалық түсінігіне сай келмейтін формасы пайда болды. Ақиқат «Менді» жоғалту мәселесін шешіп, оған қайта ие болуға, біздің ойымызша, ұлттық мәдени нарративтер мен құндылықтар ықпал ете алады. Ұлттың мызғымас діңгегі болып саналатын олардың басым белгілерін әрбір қазақтың бойынан табуға болады және қоршаған орта, қазақ қоғамы оларды үнемі әлеуметтік, идеологиялық, мәдени тұрғыдан қайта құрастырып, тұлғаға ұсынып отырады [137].

Әрине, тұлғаның өзіндік ізденістерін де жоққа шығаруға болмайды. Қазіргі жастардың басым бөлігі дәстүрлі әлеуметтік шарттар мен шектеулерден, сенімдер мен ережелерден бас тартып, өзіндік қайталанбас жолын анықтауға ұмтылады. Мұндай талпыныстарды да қабылдай білгеніміз дұрыс. Сонымен қатар цифрлық қоғамның адамын ақиқат «Менге» жеке таңдау мен ізденістер арқылы ғана емес, тұлғалық жеке ізденістерді жалпы ұлттық құндылықтармен ұштастыра білу арқылы жетуге шақырсақ, «Меннің» өзгермейтін, қатып қалған нұсқасын емес, цифрлық кеңістіктің мүмкіндіктерін пайдалана отырып жетуге болатын бірегей, диалектикалық дамушы нұсқасын көре алатын боламыз деп ойлаймыз.

Әрбір мәдениет өзінен басқа мәдениеттен өз өкілдерінің бірегейлігін, олардың құндылықтық санасының деңгейін бейнелейтін құндылықтар жиынтығы арқылы ерекшеленеді. Құндылықтық сананың сипаты гуманитарлық, яғни адамды жоғары қойып, құрметтеуге бағытталған. Құндылықтық сананың құрылымын талдасақ, оның басты элементі – руханилық екенін көреміз. Оның екінші, ажырамас құрамдас бөлігі – тұлғаның әлеуметтік, азаматтық, интеллектуалдық еркіндігі. Тұлға еркін болғанда ғана гуманитарлық жағдай қалыптасады. Үшіншіден, құндылықтық сана толыққанды және нәтижелі даму өрістеу үшін адамгершіліктік идеалдар қажет. Тұлғаның құндылықтық санасы белгілі бір идеалдардан үлгі ала отырып

қалыптасады. Бұл үдеріс, әрине, ең алдымен жалпыадамзаттық гуманитарлық кодекске бейімделуді, сонымен қатар белгілі бір ұлттық моральдық ережелерді ұстануды және тұлғаның ішкі сенімді мотивациясын қамтиды [138].

Гуманитарлық ережелердің әмбебап (жалпыадамзаттық ғаламдық қана емес, топтық, таптық және ұлттық болуы) сипаты тұлғаның «адам» деген атаққа сай болуын қамтамасыз етеді (қазақ халқы «дүниеге адам болып келіп, адам болып өт» дейді). Гуманитарлық ережелер іргелі (қоғамдық сананың басқа түрлерінің бәрі: саясат, ғылым, дін және т.б. гуманитарлықтың қондырмалары, бәрі гуманитарлықтан туындап, оған қайта оралады), абсолютті (гуманитарлық құндылықтар толыққанды, ештеңеге – ғылымға да, дінге де, саясатқа да бағынбайды – оларды құрбандыққа шалуға болмайды), автономды (гуманитарлық құндылықтарды саясат, ғылым, дінге айналдыруға болмайды, Аристотель саясаттың өзі этикалық сипатта болуы керек дегенін ұмытпау керек), тарихтан жоғары (ешқандай тарихилық гуманитарлықтың деңгейіне жете алмайды) және табиғи (гуманитарлық өзінің адами қасиеттерін саналы ұғынған адам үшін жай ғана әдет емес, сенім, өмір салты және іс-әрекет).

Біздің пікірімізше, халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан, жоғарыда баяндалған гуманитарлық сипаттағы этикалық дәстүрі қазіргі Қазақстанның цифрлық этикасының негізі болуы тиіс. Бұл ойымызды техника философиясын елімізде алғаш рет арнайы зерттеген, техника мен тұлғаның арасындағы қарама-қайшылықтарды философиялық тұрғыдан талдаған белгілі қазақ философы Өмірбек Бекежанның: «Ұлт техниканың арқасында даму мүмкіншілігін алады, ол техникалық жетістіктерді ұтымды қолдана алған жағдайда өзінің әлемдік қоғамдастықта орнын алуына тетік табады. Ұлт кезекті жаңа технология мен гаждетке бейімделіп, өз құндылығы мен төлтумалығын сақтау мен таратуға оны толығымен пайдаланған кезде бұл үрей жойылады және ұлт өз дамуының кезекті деңгейіне өтеді» деген пікірі арқылы дәлелдеуге болады. Ғалымның ұлттық-мәдени құндылықтарға үрке немесе ашық нигилизммен қарап, технократиялық мәңгірттенуге болмайтындығы туралы тұжырымымен де толық келісеміз[139].

Бір қызығы, компьютер заманының адамдары, әсіресе жастардың ұлттық құндылықтарын жоғалту қаупі туралы сонау 2003 жылы ең бірінші болып дабыл қаққан қазақтың көрнекті ақыны, ұлт мүддесін ештеңеден де, ешкімнен де тайсалмастан қорғап жүрген қоғам қайраткері Мұхтар Шаханов еді [140].

Отандық белгілі философ ғалымдар да біз қазір тап болып отырған мәселені дер кезінде көре біліп, оның шешімін іздеу жолдарын айқын сілтеген екен. Мысалы, қазақтың философиялық дүниетанымын зерттеуге мол үлес қосқан ойшыл Аманжол Қасабек ағамыз былай деп жазды: «...әлемдегі халықтардың, ұлттардың, нәселдердің бәріне тән жалпыадамзаттық құндылықтармен қатар, әр халықтың өзіне тән тарихи қалыптасқан рухани, мәдени байлықтарын, адамгершілік қасиеттерін, яғни өзіндік құндылықтарын ескеру аса қажет. Тарихтың қазіргі

белесінде осы құндылықтарды жандандыру, солардың негізінде жаңа белеске көтерілу бүгінгі күннің жаңа талабына айналуға» [141].

Этикалық құндылықтардың қандай тобы біз үшін маңызды деген сұрақты талдайтын болсақ, есімізге Абай Құнанбайұлы ғұламаның «Адам бол!» өсиеті бірден түседі және ол қазіргі жастар үшін ең басты этикалық құндылық деп есептейміз: «Ұлы гуманистің адамгершілік кодексі: «Адам бол!», бұл осы дүниеде бағдарлана білуді және таңдау еркіндігі мен жауапкершілікті мойындауды білдіреді, Абайдың аталған сөздері ұрпақ бағдарына айналуға тиіс» [142]. Отандық белгілі философ ғалым, қазақтың философиялық дүниетанымының этикалық сипатын терең зерттеген Гаухар Барлыбаева атап көрсеткендей, Абайдың осы гуманистік ұстанымы адамның өмірдегі рөлі мен міндетін қазақтың бас ақыны жоғары бағалағанын, «адам құдайдан қорыққаннан емес, өзінің ар-ұжданы, ақыл-ойы, халықының алдында жауапты болғандықтан ізгі болуы тиіс» деп тұжырымдағанын дәлелдейді [143].

Яғни, осыған дейін атап өткеніміздей, цифрлық қоғамда өмір сүруші адам еркіндік пен жауапкершілікті ұштастырып, жақсы да, жаман да емес, ең әуелі адам болуы, адами болмысын сақтап қалуға ұмтылуы, ал оны жүзеге асыру үшін еркін және жауапты болуы тиіс.

Осы мәселеге әйгілі Шпрингер басылымында жарық көріп, қазақтың этикалық құндылықтарын әлемге танытқан мақаланың авторлары, отандық философтар Гүлжиһан Нұрышева, Айдар Әміребаев және Жылдыз Әміребаева да айрықша назар аударды .

Олардың ойларын қазақша нұсқада жеткізсек: «Қазақ халқы тұлғаның еркіндігін құрметтеп, «Өз еркін өзінде» деп тұжырымдады. Әрбір адамның өз қалауы бойынша харекет ету, өмір сүру құқы бар, алайда ол басқа адамның құқы мен статусына кедергі келтірмеуі, қысым көрсетпеуі тиіс. Себебі қазақтың дәстүрі бойынша, әрбір адам – құндылық, әрбір адамның орны ерекше: «Әр қазақ менің жалғызым» [144].

Қазақ халқының «Адамның күні адаммен» деген мақалы да цифрлық қоғам адамы ұстануы тиіс қағидалардың бірі, себебі ешбір адам социумнан тыс өмір сүре алмайды, сондықтан цифрлық қоғамда өзімен бірге өмір сүріп отырған адамдардың бәрін бірдей, үлкен-кіші, жақын-жат, ер адам-әйел адам деп бөлмей, тең қарастырып, қадірлеп, сыйлауы қажет. Әсіресе цифрлық технологияларды қолдана отырып, әйел адамға кибербуллинг ұйымдастырып, зорлық-зомбылықтың бұрын-соңды көрмеген, тіпті естімеген түрлерін жасап отырған қазіргі заман адамының есіне қазақ халқының әйелді ерекше қадірлеп, қастерлегенін, төрге отырғызып, төбесіне көтергенін салу орынды және аса қажетті. Өзіміз цифрлық құралдар арқылы кейінгі айларда куә болған сот процесі осы ойымыздың жақсы дәлелі.

Қазақ халқының «араласу» этикалық құндылығы да бір-бірімен онлайн араласуға көшкен қазіргі цифрлық адамға ой салуы тиіс. Өкінішке орай, қазір араласу азайды, оның орнын виртуалды, яғни цифрлық құралдар арқылы араласу

басты. Бұл құбылыс әлеуметтік желіге қосылған адамдар арасында айқын байқалады. Цифрлық технологияларды қолдану қауіп-қатері жоғалып кеткен жоқ, бірақ айтарлықтай өзгерді. Зерттеушілер «Z-буынның» өкілдері әлеуметтік желілерде көп уақыт өткізетінін, онда «аватарлар» мен «лақап аттардың» маскаларының артында виртуалды байланыс өрбігенін атап өткен болатын. Әлеуметтік желілер өзін-өзі таныстыру, танысу, ақпарат алмасу, желілердегі түрлі қақтығыстар үшін ыңғайлы, қолжетімді және тиімді ашық алаңға айналды[145].

Бұл өзгерістер бұқаралық ақпарат саласын да қамтыды. Осы заманға дейінгі дәуірлердегі бұқаралық ақпарат құралдары, атап айтсақ, газет, радио, теледидар, кино, дыбыстық және бейнежазбалар өздерінің тарихи миссияларын жоғары деңгейде орындап, қоғамды құраушы көпшіліктің бойында тұрақты әлеуметтік сенім қалыптастырды. Олар белгілі бір қоғам элитасының рухани құндылықтарының үндеуі мен нұсқаушысы болды және адамдардың бағалау қабілетіне, пікірлері мен мінез-құлқына идеологиялық, саяси, экономикалық және ұйымдастырушылық әсер етті. Олар бұрын тәуелсіз «төртінші билік» болып, объективті, тексерілген және сенімді ақпаратты жинауға және беруге тырысты, өз сөздерін журналистік этиканың жоғары стандарттарымен байланыстырды. Ал бүгінгі күні қарапайым цифрлық дағдылары бар кез келген адам бейне түсіріп, интернетте жазба (пост) жариялай алады. Кез- келген мәтінді жазу үшін ChatGPT тақырыпты жазып, сұраным берсе, жеткілікті. Берілген ақпараттың сапасына кәсібилік пен жауапкершілік туралы айтудың қажеті жоқ. Постмодерндік дәуір ақиқаттың құндылығын классикалық мағынада құнсыздандырды, оны субъективті пікірге дейін азайтты, ал шындық пен әлеуметтік маңыздылықты тексеру хайпқа, өсек, дүрбелең мен жалған ақпараттың бұлыңғыр ұмтылысына жол береді.

Инфокоммуникативтік технологиялар байланыс шеңберін шексіз кеңейтуге мүмкіндік берді, бірақ сонымен бірге интернеттің көптеген тұрақты пайдаланушылары өз тұлғасы туралы шынайы деректерді бұрмалауға, танылмай қалуға, жасырын түсініктеме беруге ниетті. Интернетті қолданушылар бір жағынан қарағанда ашық және бүкіл әлемге қолжетімді, сонымен қатар жеке «ақпараттық қабыққа» оранып, оның ішіне жасырынып, өзін өз еркімен құлыптайды. Виртуалды кеңістікке шамадан тыс ену шынайы қарым-қатынасқа деген қызығушылықтың төмендеуіне әкеледі. Зерттеушілер берген мәліметтерге сүйенсек, қазіргі адам әлеуметтік желілерде бірнеше сағатын өткізеді, тіпті тәуліктің басым бөлігінде соларда отыратын адамдар да бар. Нәтижесінде әлеуметтік желідегі адам өзінің айналасындағы адамдармен тікелей, цифрлық қоғам терминімен айтсақ, офлайн араласуды азайтады, кейбір жағдайларда мүлдем тоқтатады. Бұл құбылыс фаббинг деп аталады[146].

Фаббинг – басқа адаммен тікелей кездесіп, әңгімелесіп отырған кезде көңіліңді үнемі гаджетке аудару. Басқаша айтсақ, сіз үшін өзіңізбен сұхбаттасуға уақытын бөліп келіп отырған басқа адам емес, ұялы телефоныңыз, реалды дүние емес, онлайн дүние маңызды. Сіз ол адамды құрметтемейтініңізді осылайша ашық

көрсетесіз. Әрине, мұндай араласу адами қарым-қатынастарға ерекше нұқсан келтіреді, араласу тереңдігі азайып, оған қатысушы екі жақ та жалғыздыққа ұшырайды. Басқа жағынан алғанда, әлеуметтік желідегі адам осы әлеуметтік желілерден басқа адамдардың (мысалы, достарының, таныстары мен ағайындарының, немесе, өмірде белгілі бір жетістіктерге жетіп, әйгілі де бай болған адамдардың) «тамаша» өмірін көріп, өзін қолайсыз, тіпті бақытсыз сезіне бастайды. Бұл, әсіресе, табиғатынан ұялшақ, жуас, сенімсіз, өмірін жаңа бастаған балалар мен жастар үшін аса қауіпті. Олар қоғамнан жаттанып, цифрлық технологияларды қолдану нәтижесінде депрессия мен стресске ұшырайды, тіпті бұл құбылыстар тереңдеген жағдайда өмірмен өз еркімен қоштасуы да мүмкін.

Facebook, Instagram, Twitter, Tik-Tok сияқты цифрлық платформалар әрбір адам өз өмірінің мұқият іріктеліп, өңделген сюжеттерін басқаларға тез және сапалы трансляция жасай алатын әмбебап сахнаға айналды. Оларды жай ғана қарап шығудың өзі желіде отырған адамды өмірден құр қалған, жалғыз, бақытсыз адам ретінде сезінуге итермелейді, ол өзінің өмірін бос, қызықсыз, іш пыстырарлық деп есептейді. Басқалардың жүздеген, тіпті мыңдаған лайкын көрген жас адам өзін қоғамда беделі жоқ, жеңіске жете алмайтын, өзі құрған контент ешқандай қызығушылық тудырмайтын адамдар қатарына қоса бастайды. Мұндай жалғыздық пен өмірдегі сәтсіздіктен қорыққан балалар мен жастардың әлеуметтік желілердегі қауіпті топтарға қосылып кету фактілері де жиілеп отырғаны жасырын емес[148].

Әлеуметтік желілердегі онлайн араласу, одан туындайтын жалғыздық адамға физиологиялық тұрғыдан да өте жағымсыз әсер етуі мүмкін. Мысалы, ғалымдардың соңғы мәліметтері бойынша, қарт адамдардың жалғыздығы олардың өлу қаупін 14 пайызға арттырады екен, ал жастардың бойында әртүрлі аурулардың пайда болуына және тереңдеуіне әкеледі. Цифрлық технологиялар бір жағынан алғанда адамның араласу үдерісіне қосылып, өзін қоғамның мүшесі ретінде сезінуіне ықпал етсе де, екінші жағынан оны интернет-аддикцияға ұшыратады, яғни әлеуметтік желілер оны түгел «жұтып», араласудың басқа түріне орын қалдырмайды. Нақты өмірден киберкеңістікке көшкен, виртуалды араласу нақты араласудың симулякрына айналған тұлға тұйықталып, аутизмге ұшырайды, нақты құбылыс пен иллюзияның арасын аша алмай қалады да, өмірді дұрыс қабылдау қасиетін жоғалтады, біз сөзбен айтсақ, тұлғаның өз ісі мен өміріне жауапкершілігі төмендеп, деградациясы басталады.

Біздің пікірімізше, интернетті белсенді қолданушыға айналған гиперзамануи адам цифрлық гаджеттердің өзінің айналасындағы адамдармен мүмкіндігінше бетпе-бет, дәстүрлі, вербалды түрде араласуға ұмтылғаны жөн, себебі адамның шын болмысы тек осындай араласу арқылы ғана ашылады, тек осындай араласу барысында ғана адамдар бір-бірін рухани байытып, өмірдің ақиқат мәніне жетіп, араласу қуанышына бөленеді. Араласу – қазақтың көшпелі заманнан басталып, уақыт өте ұлттық дәстүріне айналған, оны басқа халықтардан ерекшелендіретін, жаһандану заманында да жалғасып келе жатқан ұстанымы.

Қазақтың философиялық дүниетанымын алғашқылардың бірі болып зерттеп, мазмұнды еңбектер қалдырған ғалым Қанат Нұрланова атап көрсеткендей (ескертпе: диссертант аударған үзінді), «Көшпелі қоғам өмірінің жағдайларына байланысты адам ұзақ уақыт бойы өзімен және табиғатпен ғана бетпе-бет, жалғыз қалатын. Қаптаған жылқы үйірлерін, қой отарларын бағу адам үшін қаншалықты қиын болса, ол соншалықты жалғыз болды. Көшпелілердің өмірді сезінуі адам мен табиғаттың өзара байланысын саналы түрде түйсінумен терең байланысты. Ең бастысы, бұл саналы түйсіну үзік, кенет немесе бір сәтте өткір сезілетін түйсіну емес (мұның өзі де аз болмас еді), өзара тұтас байланысты осындай сезіну адамның бүкіл өмірін, ол дүниеге келгеннен бастап, қарапайым болмысының барлық деңгейін, эмоционалдық-интеллектуалдық және рухани-практикалық өмірін қамтыды. Мұндай араласу тәжірибесінің құндылығы – адам өзінің бүкіл өмірінде Ғаламмен «практикалық» араласудың рухани толыққандығы тәжірибесіне, атап айтсақ, оның өмірлік-практикалық, рухани-интеллектуалдық, эмоционалды-құндылықтық мағынасына сүйенеді» [149].

Қазақ ғалымының араласу арқылы руханилыққа жету туралы бұл пікірі материалдық байлық үстем бола бастаған қазіргі заман адамы үшін аса маңызды. Біздің ойымызша, ең бастысы – рухани байлыққа көбірек ұмтылу. Белгілі қазақ философы, руханилық мәселесін терең зерттеген ғалым Серік Нұрмұратов атап көрсеткендей, «...жетілу жолына түскен адам өз болмысындағы жалған құндылықтар жүйесінен арылып, батыл түрде жаңа рухани даму жолына түсуі қажет. Өйтпесе, рақаттану, «өмір қызығын көру», жалқаулану, пайда ойлау, даңқ пен атақ іздеу, өтірік айту, өзгелерге агрессиянды көрсету, екіжүзділік таныту сияқты қасиеттерді бойға үйір етіп алады. Ал қателік жасаған соң – оның үлкені де, кішісі де жоқ. Саналы түрде қателігін қайталауға барған адам – рухани кері кету бағытында болғаны. Сондықтан адамгершілік деген құбылыс арқылы рухани құндылықтың не екенін білеміз. Адам жан дүниесімен қабылдап қана адами болмысымызды биіктете аламыз. Адамды адам ететін басты қасиет – рухани даму» [150].

Бұл пікірмен толық келісеміз. Руханилық – адамның қоршаған ортамен өзара әрекетіне негізделген, тұлғаның моральдық және этикалық қасиеттерін қамтиты ішкі күйі. Тұлға руханилық арқылы тыныштыққа және өзі өмір сүріп отырған кеңістікпен үйлесімдікке жетеді, оның бойында қуаныш, сенім, құрметі, сыйластық, махаббат, ізгілік, сияқты жағымды сезімдер мен эмоциялар басым болады. Руханилыққа ие болған адам ғана даму жолына түседі. Әрбір тұлға өзін осы бағытта үнемі жетілдіруге ұмтылуы тиіс, сонда ғана адам бақытты болмақ, айналасына нұрын шашып, ізгі мақсаттар мен міндеттерге жетеді. Қазақ халқының философиялық дүниетанымы да осындай руханилыққа негізделген, оны сақтау және болашақ ұрпақтарға жеткізу – біздің міндетіміз.

Сонымен қатар цифрлық технологиялар да өз кезегінде қазақтың ұлттық құндылықтарын сақтап, дамыту ісінде қолданылуы тиіс. Мысалы, мәдени мұраны

сақтауда, тілдерді, дәстүрлерді, музыканы, халық өнері мен тарихи ескерткіштерді қоса алғанда, Қазақстанның мәдени мұрасын сақтау және ілгерілету үшін цифрлық технологияларды пайдалану керек. Ұлттық рәміздер мен дәстүрлерді кеңінен насихаттап, көпшілікке жеткізу үшін қазақтың, Қазақстанды мекендеп отырған басқа да ұлттардың ұлттық рәміздерін, дәстүрлерін, әдет-ғұрыптары мен құндылықтарын көрсететін цифрлық платформалар мен контентті дамытуға әбден болады.

Веб-сайттар, қосымшалар мен ойындар сияқты қазақ мәдениеті мен тарихынан шабыттанған цифрлық жобаларды жасауға жәрдемдесу де цифрлық қоғамның міндеті. Цифрлық кеңістікте әртүрлі бағыттарда еркін таратылатын және қолданылатын цифрлық мәдени феномендер құрастыру мүмкіндігі бар. Бұл мүмкіндік дәстүрлі мәдениетке қатысты және одан салыстырмалы түрде тәуелсіз жаңа мәдени құбылыстардың пайда болуына әкеле алады. Цифрлық кеңістікте бірлескен шығармашылық пен өндірістің жаңа формаларына жол ашылды, оның арқасында адам жай тұтынушы ғана емес, мәдени феномендерді құрастыру және таратудың белсенді қатысушысына айналады. Мысалы, тұтынушылар өздеріне дейінгі мәдени феномендердің – Қазақстанға қатысты алсақ, қазақ мәдениетінің – негізінде әртүрлі мем, видео, музыка және басқа да контент дайындап, оларды әлеуметтік желілер мен цифрлық платформаларда тарата алады. Осылайша ұлттық мәдени феномендер коммодификация объектісі ғана емес, тұлғаның өзін-өзі таныту және әлеуметтік коммуникация құралына, ал тұтынушылар мәдени өндіріс пен диффузияның белсенді қатысушыларына айналады. Қарапайым тұтынушының мұндай белсенді қызметі өндірушінің әрі қарайғы коммодификациясына ықпал етеді деуге болады, себебі жаңа өнімдер осыған дейінгі мәдени өнімдер мен символдарға жаңа мағына мен мән беріп, қалың көпшілікке қолжетімді етеді және жаңа территорияларда кеңінен таратады. Осылайша цифрлық кеңістік өндірушінің тұтынушыға бағытталған классикалық үлгісін бұзып, жаңа, екіжақты акторды, яғни өзінің қалаулары арқылы өндіріс үдерісіне қатысу мүмкіндігіне ие болған тұтынушы-өндірушіні қалыптастырады. Өндірістің мұндай формасы тәжірибе мен мүмкіндіктердің кеңірек қырларын ашуға қол жеткізеді, себебі өндіруші өндірістің дәстүрлі әдістерімен шектелуден арылады [151].

Сонымен қатар ұлттық контексті ескере отырып, цифрлық сауаттылықты қалыптастыру, яғни Қазақстанның ұлттық ерекшеліктері мен мәдени мәнмәтінін ескеретін цифрлық сауаттылықты үйрету бағдарламаларын дамыту қажет. Цифрлық сауаттылық қазіргі заман адамы үшін аса маңызды. Бір қарағанда қарапайым құбылыс сияқты болып көрінетін цифрлық сауаттылықтың компоненттерімен таныссақ, оның цифрлық жауапкершіліктегі маңызын түсінеміз. Сонымен цифрлық сауаттылықтың құрамдас бөліктері мынадай:

1) компьютерді игерудің базалық дағдылары: электрон пошта арқылы хат жаза білу, мессенджерді меңгеру, хатқа жауап бере білу, өзіне қажетті материалды интернеттен іздеп, таба білу;

2) сыни ойлай білу және интернеттен алынған ақпаратты күмәндану сүзгісінен өткізе білу, жаңалықтың дұрыс-бұрыстығын анықтай алу, вирус ресурстардан сақтану және т.б.;

3) әлеуметтік желілерді қолдана білу, оларда суреттер, бейнероликтер, өзінің жазбалары мен пікірлерін жариялай білу; (бұл дағдының цифрлық жауапкершілікке тікелей қатысы бар екенін ескерте кетейік); цифрлық қауіпсіздікті сақтау, жеке мәліметтерін қорғай білу және фейк мәліметтер мен алдаушылардан сақ бола білу; инновацияларға ашықтық, жаңа технологияларды игеруге қабілетті болу және оларды өмірде қолдануға дайын болу.

Цифрлық дағдыларды қалыптастыру үшін қазақ және орыс тілдерінде білім беру ресурстарын қолдау және тарату қазақстанның цифрлық қоғамның жаңа саласы цифрлық гуманитаристиканың міндеті болып саналады.

Ұлттық мүдделерді ескере отырып, цифрлық инфрақұрылымдарды табысты дамытуға болады, ол үшін Интернетке және технологияға қолжетімділікті бүкіл елге, соның ішінде шалғай және ауылдық жерлерге таратуға ықпал ететін цифрлық инфрақұрылымдарды дамытуға көбірек инвестициялар құю қажет, білім мен ресурстарға тең қолжетімдікті қамтамасыз ету үшін аймақтарда цифрлық білім беру және мәдени орталықтар құру да кезек күттірмейтін міндеттердің бірі.

Елімізде қарқынды өркендеп отырған цифрлық кәсіпкерлікке қазақ дәстүрлеріне бейімділікпен жәрдемдесу – Қазақстанның ұлттық дәстүрлері мен мәдениетіне негізделген цифрлық стартаптар мен кәсіпкерлік бастамаларды қолдаудың ажырамас бөлігі. Осы мақсатты көздей отырып, ұлттық бірегейлікті көрсететін цифрлық өнімдер мен қызметтердің дамуын ынталандыру үшін іс-шаралар мен конкурстар ұйымдастыру керек.

Белгілі қазақ философы Дәулетбек Раев атап көрсеткендей, «Жаһандану дәуірі адамзаттың алдына жаңа мақсаттар мен міндеттер қойып отыр. Осы мәселелерді шешу бүкіл дүниежүзі халқының, әрбір ұлттың, азаматтың негізгі міндетіне айналды. Жаһанданудың басты заңы – бәсеке болатыны ақиқат. Осының өзі адам санасының түбірлі өзгеруіне протофактор қызметін атқаруда». Біз талдаған цифрлық қоғамдағы жауапкершілік мәселесі де осы жаһандану үдерісі туындатқан көптеген мәселелердің бірі және оны оң тұрғыдан шешудің нақты жолдары бар екеніне көз жеткіздік деп ойлаймыз.

Жаһандану феномені бүгінгі таңда заманауи болмыс контекстінде мәдени, экономикалық, саяси және ақпараттық тұрғыда сарапқа салынуы мүмкін. Талдап-сараптаудың бұл түрлері үшін ортақ жағдай, ол олардың тұтастығы, ұқсастығы мен айырмашылығы гомогенділік немесе гетерогенділік жағынан көрініс таппақ. Америкалық әлеуметтанушылардың айтуынша, «мәдениеттің жаһандануы шектен тыс жағдайда жалпы кодтар мен практиканың трансұлттық кеңеюі (гомогендік) немесе әртүрлі мәдени гибридтер (гетерогендік) жасау үшін көптеген жаһандық және жергілікті мәдени ресурстардың өзар әрекеттесетін процесі ретінде қарастырылуы мүмкін. Гомогендікке бағытталған процесс көбінесе мәдени

империализммен, белгілі бір мәдениеттің басқа да мәдениеттерге әсер етуімен байланысты» - болмақ.

Міне мәдениеттегі осы бір ұлттық мәдениеттегі гомогендік және гетерогендік үдерістер оның имманентті қуатын шыңдаудан көрі өзіндік ішкі интенциясын әлсіретуге қызмет етіп жатқандығын байқаймыз. Оған Қ-Ж. Тоқаевтың: «Бұл қақтығыс геосаясатта немесе экономикада ғана болып жатқан жоқ. Тіпті мәдениет пен руханиятты, құндылықтар жүйесін, басқаша айтқанда, идеология саласын да шарпуда. Мұның бәрі тұтас мемлекеттердің және халықтардың қауіпсіздігіне зор кесірін тигізуі мүмкін. Халықаралық ахуалдың беталысы көңіл көншітпейді. Сондықтан Қазақстан Республикасы бұрын-соңды болмаған деңгейде біртұтас болуы керек», -деген көзқарасы куә. Бүгінгі жаһандану мәдени тұрғыда, бір жағынан, қазақтың ұлттық кодының тарнсұлттық кеңеюіне қызмет жасап, оның гетерогендік тұрғыда дамуына әкелсе, екінші жағынан, қазақ ұлттық кодының өзі-өзіне сенімділігін әлсіретуде десек артық айтпағандық. Ол жоғарыдағы Президенттің үстіміздегі жылғы Түркістанда өткен екінші құрылтайда айтқан сөзінде-ақ көрініс тауып тұр. Бұл бүгінгі қазақтың халықтық лирикалық әндері сөзіндегі «...күннен-күнге бара жатыр әлсіреп беріктілік» деген өлең жолдарында да айтылып жүр. Қазіргі мәдениеттегі гетерогендік үдерістер ұлттық құндылықтар жүйесіндегі түпнегіз кодтарды ыдыратуда, қазақтың өз мәдени тектамырынан оқшаулануы бой көрсетіп, тұлға бойында эгалитарлық ділді қалыптастырып жатқаны шындық. Осы ретте мәдени жаһанданудағы кейбір үдерістерді (тенденцияларды) Энтони Гидденс жаһандық тәуекелдің өсуімен, жергілікті мәдениеттің бұзылып, «фунаментализм мен космополитизм» арасындағы конфликттің пайда болуын атап, нәтижесінде «жаһандақ космополиттік қоғам» қалыптасатынын айтса, Ульрих Бек жаһандану мәдени тұрғыда неолибералистік идеологияны қалыптастырғанын, ал оның ұлттық шекараны бұзып «трансұлттық субъектілерді» сомдағаны, олардың БАҚ арқылы өрістегені, трансмәдени өмірдегі өзге мәдениетті қабылдау аясының кеңеюі, жаһандық мәдени индустриялардың ерекше деңгейде таралуы мәден космополитизмді өрістетіп, мәдени «гибритті әлемнің» қалыптасуын атап көрсетеді және бұлардың нәтижесінде мәдени метаой арқалы метасананың орнығу ықтималдылығын болжайды. Зигмут Бауман жаһандануды «ағымды әлем» ретінде анықтай отырып, мәдени мобильділік маңызды факторға айналып, мәдени жаһандану өз формасын үнемі өзгертіп отырады әрі оны бақылау қиынға соғуда деген идеяны көтереді. Осы тұста Қ-Ж. Тоқаевтың: «Қазір батыс елдерінде «анти-инфлюенсер» деген қозғалыс бірте-бірте қалыптасып жатыр», -дей келіп, «бұл қозғалыс интернет басылымдар арқылы» адамдарға, әсіресе жастарға тарайтын жалған мағлұматтарға күмәнмен қарайтынын ескертеді -дегеніне баса мән беру маңызды.

Қорытынды тұжырым ретінде Қазақстанның цифрлық кеңістігіндегі қауіпсіздік және этика мәселесін тағы да түйіндей кеткен дұрыс. Атап өтетін

жағымды бір жайт: Қазақстан Республикасының цифрлық даму, инновациялар және аэроөндіріс Министрлігі Цифрлық кодекстің және жасанды интеллекттің 2024-2029 жылдарға арналған Концепциясының жобасы жасалғанын және оларды дайындауда халықаралық тәжірибеге де назар аударылғанын хабарлады. Цифрлық Кодекс 2024 жылға жоспарланған заң жобаларының тізіміне енгізілді. Бұл құжатта қамтылатын мәселелер қатарында жасанды интеллект технологияларын қолдану ережелері, жасанды интеллект этикасы, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету принциптері және тағы басқа маңызды мәселелер бар [152].

Мұның бәрін жүзеге асыру үшін ең алдымен азаматтардың саяси және құқықтық санасын нығайту қажет. Кейінгі уақытта көз жеткізгеніміздей, Қазақстан азаматтарының өздерінің азаматтық құқықтарын толғырырақ түсінуге сұранысы артып отыр. Олар қоғамның саяси және әлеуметтік өміріне белсене араласа бастады және бұл мәселелер бойынша нақты ақпарат алуға ұмтылады. Әрине, оған елімізде жүргізіліп отырған цифрландыру қарқынының күшеюі оң әсер еткені сөзсіз. Осы жағдайда ұлттық мәдени, әлеуметтік, ғылым, білім беру және тағы басқа салаларды цифрлық қауіпсіздік қатерлерінен және теріс әсерлерден заң жүзінде қорғауға бағытталған стратегиялар мен саясаттарды енгізіп қана қоймай, азаматтар арасында ұлттық құндылықтар мен моральдық қағидаттарға негізделген цифрлық технологияларды этикалық пайдалануды, тұлға мен қоғамның этикалық жауапкершілігін арттыруды кеңінен насихаттауы керек. Осы диссертация аталған үлкен іске қосылған теориялық және практикалық үлес болады деп үміттенеміз.

ҚОРЫТЫНДЫ

Цифрлық қоғамдағы жауапкершілік мәселесін философиялық-антропологиялық тұрғыдан зерттеу нәтижесінде мынадай тұжырымдарға қол жеткіздік:

1. Қазіргі қоғам жай ғана ақпараттық емес, цифрлық қоғам. Цифрлық қоғамның қалыптасуының басты алғышарты – бүкіл адамзаттың ғана емес, жеке мемлекеттің экономикалық дамуы, себебі ол әлемдік экономикалық-қаржылық бәсекеден тыс қала алмайды, осы жарыста көштен қалмау үшін ол өмірінің барлық саласын цифрландыруға мәжбүр. Цифрлық қоғамның қалыптасуының келесі, уақыты жағынан алдыңғы алғышарттары – адамзат тарихында бірнеше ақпараттық революциялардың, яғни ақпаратты өңдеудің әртүрлі салаларындағы түбегейлі өзгерістерден туындаған өзгерістердің жүзеге асуы. Олардың нәтижесінде қоғам сапалы өзгерістерге ие болды. Демек, цифрлық қоғамның маңызды қалыптасу факторлары – адамның жасампаздық қабілеті, ғылым мен білімнің қарқынды дамуы. Бұл факторлар цифрлық қоғамның антропологиялық сипатын дәлелдейді.

2. Қазіргі цифрлық қоғам тез қарқынмен қалыптасты, сол себепті ғалымдар оны сипаттайтын категориялар тізбегін әлі толық анықтап болған жоқ. Десек те, «цифрлық қоғам», «цифрландыру», «еркіндік», «жауапкершілік», «жасанды интеллект», «киберэтика», «цифрлық гуманитаристика» категориялары цифрлық қоғамның мәнін ашуға жол салады;

3. Философиялық тұрғыдан талдағанда, еркіндік дегеніміз – адамның өзін, басқаларды, қалыптасқан жағдайларды өз қалауына сәйкес өзгерту мүмкіндігі мен нақты қабілеті, әлеуметтік идеал туралы идеялар контекстінде қабылданған құндылықтарды саналы таңдауы. Алайда қоғамнан тыс еркіндіктің болуы мүмкін емес. Бұл қағида жауапкершілік категориясын нақтылайды. Жауапкершілік – адамның әлемде, ең алдымен қоғамда адамгершілікті қалыптасуы, өзін-өзі жүзеге асыру және таныту үдерісінде мақсатты түрде қалыптасатын жеке қасиеті, бұл өзіне, басқаларға, әлеуметтік топқа, мемлекетке, тұтастай қоғамға қатысты бір нәрсені сақтау немесе дамыту міндетін түсінуді білдіреді. Еркіндік пен жауапкершіліктің осы классикалық түсініктері қазіргі цифрлық қоғам үшін де міндетті болуы шарт;

4. Компьютерлік технологиялар адамның еркін, кәсіби дамуында маңызды рөл атқаратыны сөзсіз, олар тұлғаның жалпы мәдени дамуына үлкен әсер етіп, еңбек пен танымда шығармашылықтың өсуіне ықпалын тигізеді, бастамашылдықты дамытып, адамгершілік жауапкершілікті, тұлғаның интеллектуалды байлығын көбейтеді, адамдардың өз өмірінің мәні мен адамның қоғамдағы және әмбебап әлемдегі мақсатын түсінуін күшейтеді. Тиісінше, цифрландырудың оң салдарларына мыналарды жатқызуға болады: цифрлық технологиялардың экономикалық және әлеуметтік әсері; жеке адамдар мен әлеуметтік топтардың ақпараттық қажеттіліктерінің өсуі; базалық және жаңадан пайда болған

қажеттіліктерді толық қанағаттандыру арқылы қоғамдық өмір сапасының артуы; халықтың дәстүрлі ақпараттық мәдениетінің жетілуі және қалыптасуы; кәсіптегі белсенділіктің жаңа формаларының пайда болуы, үлкен бәсекеге қабілеттілік пен ұлттық байлықтың артуы; қоғамдық еңбектің интеллектуализациялануы және оның өнімділігінің өсуі; жасанды интеллекттің маңыздылығының, үлесінің артуы (өндірісте ғана емес) және адамды алмастыратын басқару жүйелерінің пайда болуы; қоғамда бірыңғай ақпараттық кеңістіктің үстемдігі; әрбір азаматтың мемлекеттік құпия болып есептелмейтін және ұлттық қауіпсіздікке қауіп төндірмейтін ақпаратқа еркін қол жеткізуі. Технооптимистердің сөзімен айтсақ, барлық жаңалықтар, атап айтқанда, ақпараттық инновациялар ғалымдар мен инженерлердің жақсы ниеттерінен туындайды және қоғамды жетілдіру және жайлы ету, адамда шығармашылық әлеуетті дамыту, еркіндік пен мүмкіндіктерді кеңейту, әлеуметтік прогресс үшін автоматты түрде, идеалды түрде жүзеге асырылуы тиіс.

5. Десек те, компьютерлендіру мен цифрландырудың адам мен қоғамға белгілі бір қауіп төндіретіні жасырын емес. Кейінгі жылдардағы зерттеулер қазіргі цифрлық қоғамдағы цифрлық деп анықтайтын әртүрлі техноантропосферадағы прогрессивті түбегейлі өзгерістерге назар аударды. Сонымен қатар адамдардың дүниетанымында техноцентризмнің қалыптасуының тез және болжанбайтын әсерлерін және оның деструктивті салдарына байланысты туындаған экзистенциалды қауіптерді елемеуге болмайды. Әлем бейнесінің техноцентризмге айқын ауысуы мен ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктері қазіргі адам мен қоғамның қарама-қайшы ерекшеліктерін, адамзаттың идеологиялық дағдарысын да туындатты.

6. Интернет мемлекеттік шекараларға қарамастан ақпарат пен идеяларды іздеуге, алуға және таратуға шынайы мүмкіндік береді. Алайда интернеттегі сөз бостандығы шексіз бола алмайды, ол тіпті қауіпті болуы мүмкін. Жеке тұлғаның өзін-өзі көпшілікке көрсету құқына басқа адамдардың заңды құқықтар мен мүдделеріне қайшы келгенге дейін ғана рұқсат етіледі. Сондықтан цифрлық қоғамда өмір сүріп отырған жеке тұлғаның да, бүкіл қоғамның да әлеуметтік жауапкершілігін күшейту аса маңызды. Адамның биологиялық ақыл-санасы барған қазір сандық ақыл-ойдың қоршауында болып отыр. Қазіргі адамзаттың басты міндеті – өркениет тарихында бұрын-соңды болмаған осындай жағдайды бақылауда ұстау, өйткені болып жатқан оқиғаларға жеке жауапкершілікті ғана емес, әлеуметтік жауапкершілікті өз мойнымызға алуға тиіспіз;

7. Цифрлық технологиялардың дамуы жаңа виртуал ортаны, киберкеңістікті, виртуал әлеуметтік желілерді қалыптастырды. Жаңа виртуалдық технологияларды белсенді дамыту қазіргі заман адамы өмірінің барлық салаларын түбегейлі өзгертті, индивидтерді біріктіріп, шекараларды жойды. Алайда осылайша жаһанданған әлемде тұлғаның өзінділігі, әрбір адамның құндылығы өте тез төмендеп отыр. Жоғары технологияларды кеңейту тұлғаны жалпылау, бір стандартқа бейімдеу, унификациялау, теңдестіру, тұлғасыздандыру, жалғыздыққа ұшырату

құбылыстарын туындатты және олар күн өткен сайын күшейіп отыр. Тұлғаның жауапкершілігінің төмендеуі, оның ғана емес, бүкіл қоғамның қызметінің мазмұны мен формасын өзгертті.

8. Цифрлық қоғамда білім алу мүмкіндіктерінің артуымен жүзеге асатын интеллектуалдық дамумен қатар, жалған ақпарат тарату, ақпараттық кеңістікті бұрмалау сияқты негативті құбылыстар да күшейе түседі. Бұқаралық ақпарат құралдары мен әдістерін пайдалану қоғамға әсер ету, оны билеу құралына айналады. Ақпараттық технологиялар адам санасына манипуляция жүргізудің де әдістерін жасады, осының салдарынан адам болмысты рационалды игеру қабілетінен айырылады. Техногенді өркениеттің дамуы тұлғаның қалыптасуы мен әлеуметтену үдерісіне де өз ықпалын тигізеді. Демек, цифрлық қоғамдағы жауапкершілік, жалпы этика мәселесі жан-жақты, терең зерттеуге түрткі болатын антропологиялық дағдарыс, бірегейлік мәселесі, құндылықтық-рухани трансформация. Ақпараттық, цифрлық технологиялар дәуіріндегі өзекті мәселенің бірі – виртуалды кеңістікті адамға қолайлы ететін этикалық ілім қалыптастыру.

9. Цифрлық этиканың негізгі принциптері ретінде модальдылық (ақпараттың қисындылығы және жүзеге асырылуы); гуманитарлық (құпияны сақтау, дәлдік, шынайылық, адалдық); айқындық (ақпараттың қолжетімдігі, жүйелілігі мен қолжетімсіздігі, пайдалану мүмкіндігі), жүйелілік; конструктивтілік (ақпараттың адамгершілік қағидаларына қайшы келмеуі, қазіргі заманға сай болуы, нормативтігі, ақпараттың көптігі) принциптерін атауға болады. Цифрлық әлемде «жақсы» да, «жаман» да емес, өзіңнің бар болмысында сақтап қалу өте маңызды;

10. Цифрлық қоғамға дамудың бұрынғыдан өзгеше, абсолютті жаңа даму параметрлері тән. Бұл ең алдымен ұрпақаралық қатынастардан айқын байқалады. Цифрлық технологиялар бүкіл қоғамның байланыс жылдамдығы мен қарқындылығын өзгертті, бірақ цифрлық ортаға қол жеткізу және тарту критерийі бойынша қоғамның елеулі стратификациясы анық байқалып отыр. Нәтижесінде, ұрпақаралық қатынастардағы шиеленістен бастап, адамның танымдық тәжірибесінің өзгеруі, ақиқаттың құнсыздануы, жалпы бақылау қаупінің күшеюі және еркіндіктің жоғалуы және тағы басқа бірқатар антропологиялық және әлеуметтік мәселелер туындады. Цифрлық қоғамдағы білім беру қызметі жас буынның қолына өте бастады, ол аға буынды барынша тәуелді, осал етіп көрсетеді. Аталған үдеріс тұлғаралық қатынастардағы иерархияны өзгертуді, құндылықтардың жаңа жүйесін құруды қажет етеді. Осы тұрғыдан алғанда, цифрлық қоғамдағы жауапкершілік мәдениетін қазақ халқының дәстүрлі ұлттық құндылықтары негізінде дамыту, ұрпақтар арасындағы қарама-қайшылықтарды шешуге ұмтылу қазіргі Қазақстан үшін аса маңызды.

11. Қорғауға ұсынылып отырған диссертация отандық философияның жаңа бағыты бойынша дайындалды. Цифрлық философия қазіргі заманғы философия ғылымының уақыты жағынан жас, бірақ перспективасы зор бағыты деп есептейміз, себебі оның аясында цифрлық қоғам, онда өмір сүріп отырған тұлғаның

ерекшеліктері, цифрландыру мен цифрлық құралдар, цифрлық гуманитаристика, жасанды интеллект мәселелерін, сонымен қатар әлеуметтік желілердің жеке тұлғаға теріс әсерлері және тағы басқа құбылыстардың салдарынан адамның өзінің тұлғалық және ұлттық сипаттарынан айрылу қаупін зерттеу қазіргі қоғам үшін аса маңызды екені күмәнсіз. Сол себепті қазіргі қазақ философиясының енді ғана қалыптасып жатқан осы бағыты зерттеуі тиіс міндеттер көп және олар цифрлық философияға қатысты мамандардың бәрінен үлкен ғылыми жауапкершілік пен ізденісті талап етеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Tang D. What is digital transformation? //EDPACS. – 2021. – Т. 64. – №. 1. – С. 9-13. Accessed 20.11.2022.
2. Rosa H. Social acceleration: A new theory of modernity. – Columbia University Press, 2013.
3. Кант И. и др. Основоположения метафизики нравов. – DirectMEDIA, 1994.
4. Руссо Ж. Об общественном договоре. – DirectMEDIA, 1998. с. 84.
5. Мид М. Культура и мир детства. М.: наука, 1988. 430 б.
6. Платонов Р. С. История изучения этики Аристотеля в Институте философии РАН //Философия и культура. – 2022. – №. 12. – С. 90-105.
7. Гоббс Т. Избранные произведения: в 2 т./пер. с лат. и англ //ВВ Соколова. М.: Мысль. – 1989. – Т. 1. – С. 622.
8. Руссо Ж. Ж. Об общественном договоре или принципы политического права. – 2020.
9. Кант И. Лекции по этике. – Республика, 2000.
10. Ницше Ф. Человеческое, слишком человеческое. – Litres, 2017.
11. Васильева О. С., Филатов Ф. Р. Психология здоровья человека. – 2007.
12. Capurro R. Information ethics in the African context //information ethics in Africa: cross-cutting themes. – 2013. – Т. 7.
13. Выготский Л. С. Психология развития человека. – Смысл, 2006.
14. Адлер А. Наука жить. – Litres, 2023. 256 б.
15. Гусейнов А.А. Этическая мысль. Т. 15 / Отв. ред. А.А. Гусейнов. - М.: ИФ РАН, 2015. - 361 с.
16. Floridi L. The ethics of information. – Oxford University Press, USA, 2013.
17. Маклюэн М. Понимание медиа: внешние расширения человека. – 2003. г. 45с.
18. Capurro R. NETZ. ÖKOLOGIEN Zur Ethik des Abfalls im Zeitalter digitaler Medialisierung.
19. Digital humanities in the Republic of Kazakhstan: Local solutions for global problems. <https://www.kaznu.kz/RU/16292/adverts/12163>
20. Нұрышева Г.Ж. «Қазақ философиясы» интернет-қоғамдастығы – ұлттық философиялық дүниетанымды дамытудың жаңа формасы «әлемдік философияның өзекті мәселелері» IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Астана, 2023 ж. 389 б.
21. Нысанбаев А. Н. Становление глобальной этики взаимопонимания //Вопросы философии. – 2017. – №. 8. – С. 11-19.
22. Кішібеков Д. Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең //Алматы: Ғылым. – 1999. – Т. 200.
23. Қасабек А. «Искание истины» Алматы : Ғылым, 1998. – 141б.

24. Ғабитов Т.Х. Қазақ этикасының теориясы мен тарихы: Жоғары және орта оқу орындары студенттері мен оқушыларға арналған оқу құралы. Алматы: ЖШС «Лантар Трейд», 2020. – 258 б.
25. Есім Ғ.Ғ. «Глобализм және егемендік». Саясат. 1999ж №5. 4б.
26. Раев Д., Елнур С. Қазақ мәдениетіндегі шешендік сөз өнері //Turkic Studies Journal. – 2023. – Т. 5. – №. 4. – С. 63-82.
27. Нұрмұратов С.Е. «Рухани құндылықтар әлемі» Философия және саясаттану ин-ты.Алматы. 2000ж. 56 б.
28. Нұрышева Г.Ж. «Өмірдің мәні: философиялық – антропологиялық талдау»
29. Бекежан Ө.Қ. «Техника феномені: әлеуметтік – философиялық талдау»
30. Құлсариева А.Қ. «Этика» Алматы: РИК, 2001ж.
31. Барлыбаева Г.Г. «Философская этика казахов» Под общ.ред. А.Х.Биржанова. Алматы.Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК.2018. -274с.
32. Ғылыми зерттеу жобалары https://iph.kz/issledovaniya/nauchno-issledovatel'skie-proekty-grantovy/?SECTION_ID=101
33. Владимиров В. Н. За цифровым поворотом: история продолжается //Историческая информатика. – 2019. – №. 3. – С. 31-42.
34. Тапскотт Д. Электронно-цифровое общество: Плюсы и минусы эпохи сетевого интеллекта //И. Дубинского. Киев: INT Пресс. – 1999.
35. Tapscott D., Ticoll D., Lowy A. Digital capital: Harnessing the power of business webs //Ubiquity. – 2000. – Т. 2000. – №. May. – С. 3-es.
36. Nikolenko K. Artificial Intelligence and Society: Pros and Cons of the Present, Future Prospects //Futurity Philosophy. – 2022. – Т. 1. – №. 2. – С. 54-67.
37. Хабермас Ю. Отношения между системой и жизненным миром в условиях позднего капитализма: дис. – Thesis, 1993.
38. Floridi L. The philosophy of information: ten years later //Metaphilosophy. – 2010. – Т. 41. – №. 3. – С. 402-419.
39. Morley J. et al. The ethics of AI in health care: a mapping review //Social Science & Medicine. – 2020. – Т. 260. – С. 113172.
40. Игнатъев В. И. Информационная перегрузка социальной системы и её социальные последствия //Социологические исследования. – 2017. – №. 7. – С. 3-12.
41. Лазар М. Г. Этико-гуманитарная экспертиза научно-технических проектов как элемент концепции устойчивого развития. Постановка Проблемы //Гуманитарные Аспекты Концепции Устойчивого Развития. Коллективная Монография. -Спб., Изд. РГГМУ, 2014. -216 С. – С. 37.
42. Левашов В. К. и др. Развитие информационно-коммуникационных технологий и перспективы гражданского общества //Социологические исследования. – 2016. – №. 9. – С. 13-20.

43. Емелин В. А. Киборгизация и инвалидизация технологически расширенного человека //Национальный психологический журнал. – 2013. – №. 1 (9). – С. 62-70.
44. Стивен-Давидовиц С. Все лгут. Поисковики, Big Data и интернет знают о вас все. М., 2018.
45. Kim S. J., Park K. S. Market share of the largest publishers in journal citation reports based on journal price and article processing charge //Science Editing. – 2020. – Т. 7. – №. 2. – С. 149-155.
46. Бекенова Ж. Н., Нұрышева Г. Ж., Амиркулова Ж. А. Цифрлық қоғамдағы тұлға болмысының ерекшеліктері және жауапкершілік мәселесі //Қарағанды университетінің хабаршысы Тарих. Философия сериясы. – 2023. – Т. 111. – №. 3. – 170-179 б.
47. Хамидов А. А. Свобода научного творчества и ответственность учёного. Монография / Под общ. ред. З. К. Шаукеновой. – Алматы: Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, 2014. – 308 с.
48. Нұрышева Г.Ж. «Өмірдің мәні: философиялық – антропологиялық талдау». Алматы, 2011. – 348 б.
49. Жекебаева М. А. Философиядағы еркіндік пен жауапкершілік //Вестник КазНУ. Серия философии, культурологии и политологии. – 2015. – Т. 50. – №. 1.
50. Фромм Э. Человек для самого себя. – Litres, 2022.
51. Ключко, В. Е., Галажинский, Э. В., & Залевский, Г. В. (2000). Самореализация личности: системный взгляд.
52. Фромм Э. Бегство от свободы. - М.: Прогресс-Универс, 1995. - 672 с.
53. Moor J.H. Reason, Relativity, and Responsibility in Computer Ethics // Computers and Society. 1998. March. – P. 14-21.
54. Артемов В.М. Нравственность и свобода. М., 2007. ст.17
55. Блэкберн С. Этика: краткое введение. – 2007.
56. Марченко М. Н. Государство и право в условиях глобализации. – 2019.
57. Гусейнов А. А. Великие моралисты. – Izd-vo" Respublika", 1995.
58. Кант И. Сочинения: в 6 томах. – 1964.
59. Кудрявцев В. Н., Малеин Н. С. Правовое поведение, его субъекты и пределы //Известия высших учебных заведений. Правоведение. – 1980. – №. 3. – С. 31-40.
60. Толстой Л. Н. О присоединении Боснии и Герцеговины к Австрии //Толстой ЛН Полн. собр. соч. М.: Худож. лит. – 1956. – Т. 37. – С. 232-242.
61. Кораблева Г. В. и др. Философский энциклопедический словарь. – ИНФРА-М, 1997.
62. Франкл В. Человек в поисках смысла //М.: прогресс. – 1990. – Т. 368. – С. 21.

63. Bekenova, Z., Müürsepp, P., Nurysheva, G., & Turarbekova, L. (2022). Artificial Intelligence, Value Alignment and Rationality. *TalTech Journal of European Studies*, 12(1), 79-98.
64. Arnold T., Kasenberg D., Scheutz M. Value Alignment or Misalignment--What Will Keep Systems Accountable? //Workshops at the thirty-first AAAI conference on artificial intelligence. – 2017.
65. Bostrom N. Are we living in a computer simulation? //The philosophical quarterly. – 2003. – T. 53. – №. 211. – C. 243-255.
66. Bryson J. J. Patency is not a virtue: the design of intelligent systems and systems of ethics //Ethics and Information Technology. – 2018. – T. 20. – №. 1. – C. 15-26.
67. Watch A. I. Defining Artificial Intelligence 2.0 //URL: <https://publications.jrc.ec.europa.eu/repository/handle/JRC126426>. – 2021.
68. Chalmers D. J. The singularity: A philosophical analysis //Science fiction and philosophy: From time travel to superintelligence. – 2016. – C. 171-224.
69. Shulman C., Bostrom N. Sharing the world with digital minds //Rethinking moral status. – 2021. – C. 306-326.
70. Soares N., Fallenstein B. Aligning superintelligence with human interests: A technical research agenda //Machine Intelligence Research Institute (MIRI) technical report. – 2014. – T. 8.
71. Maxwell N. The world crisis—And what to do about it: A revolution for thought and action. – 2021.
72. Montag C., Diefenbach S. Towards homo digitalis: important research issues for psychology and the neurosciences at the dawn of the internet of things and the digital society //Sustainability. – 2018. – T. 10. – №. 2. – C. 415.
73. Kerikmäe T. Et al. Legal Person-or Agenthood of Artificial Intelligence Technologies //Acta Baltica Historiae et Philosophiae Scientiarum. – 2020. – T. 8. – №. 2.
74. Joamets K., Chochia A. Access to Artificial Intelligence for Persons with Disabilities: Legal and Ethical Questions Concerning the Application of Trustworthy AI //Acta Baltica Historiae et Philosophiae Scientiarum. – 2021. – T. 9. – №. 1.
75. Smuha N. A. The EU approach to ethics guidelines for trustworthy artificial intelligence //Computer Law Review International. – 2019. – T. 20. – №. 4. – C. 97-106.
76. Gabriel I. Artificial intelligence, values, and alignment //Minds and machines. – 2020. – T. 30. – №. 3. – C. 411-437.
77. Sutrop M. et al. Challenges of aligning artificial intelligence with human values //Acta Baltica Historiae et Philosophiae Scientiarum. – 2020. – T. 8. – №. 2. – C. 54-72.
78. Metcalf K. N., Kerikmae T. Machines Are Taking Over-Are We Ready? //SAC LJ. – 2021. – T. 33. – C. 24.
79. Moor J. H. Reason, relativity, and responsibility in computer ethics //Acm Sigcas Computers and Society. – 1998. – T. 28. – №. 1. – C. 14-21.

80. Lee W. W., Chan A. K. K. Computer ethics: An argument for rethinking business ethics //2nd World Business Ethics Forum: Rethinking the Value of Business Ethics, Hong Kong Baptist University, 1-12 December 2008. – 2008.
81. Floridi L. The philosophy of information: ten years later //Metaphilosophy. – 2010. – Т. 41. – №. 3. – С. 402-419.
82. Floridi L. On the intrinsic value of information objects and the infosphere //Ethics and information technology. – 2002. – Т. 4. – №. 4. – С. 287-304.
83. Аршинов в. И., Гримов о. А., Чеклецов в. В. Философские проблемы информационных технологий и киберпространства //философские проблемы информационных технологий и киберпространства Учредители: Пятигорский государственный университет. – №. 2. – С. 39-60.
84. Floridi L. The Informational Nature of Personal Identity // Minds and Machines. 2011. No. 21(4). – P. 549-566.
85. Капурро Р. Информационная этика //Информационное общество. – 2010. – Т. 5. – №. 5. – С. 6.
86. Capurro R. Intercultural information ethics: Foundations and applications //Journal of Information, Communication and Ethics in Society. – 2008. – Т. 6. – №. 2. – С. 116-126.
87. Capurro R. Privacy. An intercultural perspective //Ethics and information technology. – 2005. – Т. 7. – С. 37-47.
88. Brey P. Disclosive computer ethics //ACM Sigcas Computers and Society. – 2000. – Т. 30. – №. 4. – С. 10-16.
89. Liu A. The meaning of the digital humanities //pmla. – 2013. – Т. 128. – №. 2. – С. 409-423.
90. Кригер Е. Э. Характеристики цифрового общества и принципы образования в нем //Вестник РГГУ. Серия «Психология. Педагогика. Образование». – 2018. – №. 4 (14). – С. 29-39.
91. Piwowar H., Priem J., Orr R. The Future of OA: A large-scale analysis projecting Open Access publication and readership //BioRxiv. – 2019. – С. 79.
92. Хамидов А. А. Свобода научного творчества и ответственность учёного. Монография / Под общ. ред. З. К. Шаукеновой. – Алматы: Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, 2014. – 308 с.
93. Васильева О.С., Филатов Ф.Р. Психология здоровья. Феномен здоровья в культуре, психологической науке и обыденном сознании. Ростов/Дон, 2005. С. 110–186.
94. Зарубина Н. Н. Теоретические основания анализа непреднамеренных социокультурных последствий развития цифровых технологий: актуализация подхода Л. Мамфорда // Вестник Московского государственного областного университета. Серия: Философские науки. 2020. № 3. С. 85–97.
95. Rodrigues R. S., Abadal E., De Araújo B. K. H. Open access publishers: The new players //PLoS One. – 2020. – Т. 15. – №. 6. – С. e0233432.

96. Адлер А. Понять природу человека. СПб.: Академический проект, 1997. 256 с.
97. Floridi L. The philosophy of information: ten years later //Metaphilosophy. – 2010. – Т. 41. – №. 3. – С. 402-419.
98. Benson, Paul, 1987, “Freedom and Value”, The Journal of Philosophy, 84(9): p.465–486.
99. Белл Д. Социальные рамки информационного общества / Д. Белл // Новая технократическая волна на Западе. М.: Прогресс, 1986. – С. 330-342.
100. Балабекұлы Д. Қазіргі заманғы Қазақстанның ақпараттық кеңістігі: әлеуметтік-философиялық талдау: филос. д-ры (PhD) дис.: 6D020100: қорғалды: 23.12.20 / Д. Балабекұлы.[б.ж.] – Алматы. 2020. – 122 б.
101. Vedder A. Expert knowledge for non-experts: Inherent and contextual risks of misinformation //Journal of Information, Communication and Ethics in Society. – 2005. – Т. 3. – №. 3. – С. 113-119.
102. Berlin I. The pursuit of the ideal //Moral Disagreements. – Routledge, 2013. – С. 193-203.
103. Тоффлер Э. Третья волна. – Издательская группа АСТ, 2002. 776 с.
104. Попова Н. Г. Научная статья как ядро социотехнической сети по производству знания //Социология науки и технологий. – 2017. – Т. 8. – №. 1. – С. 68-84.
105. Попова Н.Г., Меренков А.В., Шкурин Д.В. Национальная специфика российских научных журналов в контексте их продвижения в международные базы данных // Социология науки и технологий. 2018. Т. 9. № 2. С. 38–55.
106. Шабашев В.А., Щербакова Л.Н. Тенденции цифрового неравенства / равенства в современном мире // Социологические исследования. 2016. № 9. С. 3–12.
107. Швецов А.Н. Информационное общество. Теория и практика становления в мире. М.: Красанд, 2012. 280 б.
108. Bekenova Z., Amirkulova Z., Meirbaev B. Цифрлық трансформация аясындағы ғылыми этика //Вестник КазНУ. Серия философии, культурологии и политологии. – 2023. – Т. 83. – №. 1.
109. Капурро Р. Информационная этика // Информационное общество. 2010. Вып. 5. – С. 6-15. (Capurro R. Information Ethics. Information society. 2010. Vol. 5. – P. 6-15.)
110. Floridi L. The philosophy of information: ten years later //Metaphilosophy. – 2010. – Т. 41. – №. 3. – С. 402-419.
111. Эпштейн М. Н. Творческое исчезновение человека. Введение в гуманологию //Философские науки. – 2009. – №. 2. – С. 91-105.
112. Четверикова О. Трансгуманизм может уничтожить человека //URL: <http://kolokolrussia.ru/s-nashey-kolokolni/olga-chetverikovatransgumanizm-mojet-unichtojit-cheloveka>.

113. Ремизова Р., Виноградова О. За рамками биологической эволюции: что такое трансгуманизм //РБК. Тренды. - 2022.-08.06.-URL: [https://trends. rbc. ru/trends/futurology/60d2e2329a79471fc59e12e8](https://trends.rbc.ru/trends/futurology/60d2e2329a79471fc59e12e8) (дата обращения: 20.08. 2022). – 2022.
114. Степин В. С. Перелом в цивилизационном развитии. Точки роста новых ценностей //Глобальное будущее. – 2013. – Т. 2045. – С. 10-25.
115. Коданева С. И. Трансформация интеллектуальной собственности под влиянием развития искусственного интеллекта //Социальные новации и социальные науки. – 2021. – №. 2 (4). – С. 132-141.
116. Назаров В. Н. Цифровой двойник как субъект информационной этики // Этическая мысль. 2020. Т. 20, № 1. С. 142-154
117. Бодрийяр Ж. Прозрачность зла / пер. Е. Марковской, Л. Любарской. СПб.; М.: Добросвет, 2012. 260 с.
118. Вебер М. Наука как призвание и профессия // Вебер М. Избранные произведения / пер. с нем. Ю. Н. Давыдова. М.: Прогресс, 1990. С. 707–735.
119. Bostrom N. Transhumanist Values // Review of Contemporary Philosophy. 2005. Vol. 4. P. 3–14.
120. Bostrom N. A History of Transhumanist Thought // Journal of Evolution and Technology. 2005. Vol. 14. P. 56–106.
121. Сазеева И. Б., Грошева Т. Н. Антигуманистический характер философии трансгуманизма // Исторические, философские, политические и юридические науки, культурология и искусствоведение. Вопросы теории и практики. 2017. № 3 (77). Ч. 1. С. 122–126.
122. Braidotti R. Posthuman critical theory //Critical posthumanism and planetary futures. – 2016. – С. 13-32.
123. Тхостов А. Ш. Блеск и нищета трансгуманизма // Место и роль гуманизма в будущей цивилизации / под ред. Г. Л. Белкиной, М. И. Фроловой. М.: Ленанд, 2014. С. 186–198.
124. Wolfe C. What Is Posthumanism? Minneapolis: U of Minnesota P, 2010 //Ebrary. Web. – 2012. – Т. 28.
125. Джумайло О. А. Двойничество персонажей как ресурс постмодернистской исповедальности: роман Мартина Эмиса «Информация» //Вестник Пермского университета. Российская и зарубежная филология. – 2010. – №. 6. – С. 163-171.
126. Чижевский Д.И. К проблеме двойника (Из книги о формализме в этике) // Вокруг Достоевского: в 2 т. Т. 1: О Достоевском: Сб. статей / Ред. А.Л. Бем; сост., вступ. ст. и коммент. М. Магидовой. М.: Русский путь, 2007. С. 54–73.
127. Фуко М. Слова и вещи. Археология гуманитарных наук / Пер. В.П. Визгин, Н.С. Автономова. М.: Прогресс, 1977. 488 с.

128. Bruynseels K., Santoni de Sio F., van den Hoven J. Digital Twins in Health Care: Ethical Implications of an Emerging Engineering Paradigm // *Frontiers in Genetics*. 2018. No. 9. P. 11–37.
129. Domingos P. The master algorithm: How the quest for the ultimate learning machine will remake our world. – Basic Books, 2015.
130. Froehlich T. J. A Not-So-Brief Account of Current Information Ethics: The Ethics of Ignorance, Missing Information, Misinformation, Disinformation and Other Forms of Deception or Incompetence // *BiD*. – 2017. – №. 39.
131. Кантор В.К. Любовь к двойнику. Двойничество – миф и реальность русской культуры // *Филос. Журн. / Philosophy Journal*. 2013. Т. 11. № 2. С. 107–125.
132. Логинов Е. Л., Шкута А. А. Искусственный интеллект и BIG DATA для управления социумом в условиях стратегических бифуркаций: цифровой двойник человека как партнера-клиента-оппонента органов управления // *Искусственные общества*. – 2019. – Т. 14. – №. 3. – С. 4-4.
133. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы (Digital Kazakhstan) – бұл Қазақстанды цифрландыруға бағытталған мемлекеттік бағдарлама, қосымша ақпарат Digital Kazakhstan сайтында (<https://egov.kz/cms/kk/digital-kazakhstan>)
134. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000827>
135. Тоқаев Қ.-Ж. Мемлекет басшысы Digital Bridge форумының пленарлық отырысында сөз сөйледі. URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-digital-bridge-forumynyn-plenarlyk-otyrysynda-soz-soyledi-2881144> Қаралған күні 24.12.2023.
136. Ғабитов Т.Х. Қазақ этикасының теориясы мен тарихы: Жоғары және орта оқу орындары студенттері мен оқушыларға арналған оқу құралы. Алматы: ЖШС «Лантар Трейд», 2020. – 258 б.
137. Бекенова Ж., Амиркулова Ж., Мююрсепп П. Diversity of information reality and human existence in the modern technogenic world // *Аль-Фараби*. – 2022. – Т. 78. – №. 2. – С. 15-29.
138. Ниязова Г. Ж., Миндетбаева А. А., Марипов Ш. А. Цифровая трансформация образования и исследования возможности создания цифровых учебных контентов // *Вестник Академии педагогических наук Казахстана*. – 2020. – №. 5. – С. 5-12.
139. Бекежан Ө.Қ. Техника феномені: әлеуметтік-философиялық талдау. Монография. Атырау: Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті, 2016. – 232 б.
140. Шаханов М. Компьютербасты жарты адамдар (Рухсыз күш формуласы). Тандамалы жырлар, балладалар, дастандар, әндер. – Алматы: «Нұрлы әлем», 2003. – 200 б.
141. Қасабек А. Ғибратты ғұмыр/жалпы ред. басқ. Ж.Қ.Түймебаев. Алматы: Қазақ университеті, 2023. – 404 б.

142. Сыздыкова Д. Т., Ташимова А. Т. Жаһандану дәуіріндегі абайдың «толық адам» тұжырымдамасы //эль-Фараби. – 2021. – Т. 74. – №. 2.
143. Барлыбаева Г. Философская этика казахов //Под общ. ред. АХ Бижанова. Алматы, Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК. – 2018.
144. Nurysheva G., Amrebayeva Z., Amrebayev A. The Kazakh Ethical Tradition and Anti-Nuclear Ethics //Energy Justice Across Borders. – 2020. – С. 71.
145. Сапарова Д.Р. Культурное пространство цифрового поколения дисс...док. философии (PhD): 6D020400- Культурология/КазНУ им. аль-Фараби. - Алматы, 2020
146. Нұрышева Г.Ж. Философия: оқулық/ Дарын, 2024. – 282 б.
147. Мусабекова Г., Таирова Б., Бекенова Ж. Ұлттық идеология және қазақ дүниетанымы //эл-Фараби. – 2023. – Т. 82. – №. 2. – С. 109-121.
148. Nurlanova K. Человек и мир: казахская национальная идея //Central Asian Journal of Art Studies. – 2017. – Т. 2. – №. 2.
149. Нұрмұратов С. Е. Рухани құндылықтардың қалыптасуы мен дамуы (Әлеуметтік-философиялық талдау): Философия ғыл. док. ғыл. дәр. алу үшін д. дисс. авт. 09.00. 11. – 2000.
150. Ритцер Д., Степницки Д. Әлеуметтану теориясы. – 2018. 10-басылым. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018. -856 б.
151. Нұрышева Г.Ж. Философия пәнінен хрестоматия. II том. Алматы: Дарын, 2023. – 350 б.